

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Министерство просвещения Республики Казахстан



**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТУРИСТІК  
ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІС ӘРЕКЕТТЕРДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама).

**Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық іс әрекеттерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.** – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 240 б.

Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық іс әрекеттерді ұйымдастыру бойынша түсініктер мен жүзеге асыру, дамыту жолдары мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдану бойынша материалдар берілген.

Туризм, өлкетану және экологияға қатысты әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған.

## КІРІСПЕ

Қазақстандағы оқушылардың туристік-өлкетану және экологиялық іс әрекеттерді жетілдірудің, дамытудың өзектілігі.

Оқушылардың туристік-өлкетану және экологиялық қызметі балалар мен жасөспірімдер туризмімен тығыз байланысты болып, өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын нығайту және тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Алайда, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер балалар мен жасөспірімдердің туристік ұйымдарының қысқаруына, демалыс лагерлерінің жабылуына және туристік-өлкетану қызметіне тартылған балалар санының азаюына әкеп соқты. Қазіргі кезде бұл бағыт негізінен табиғаттану (география, биология) және қоғамдық-гуманитарлық (тарих және т.б.) пәндер мұғалімдерімен қолдау табады.

Басты проблема – тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу әдістемелеріне ие білікті педагогтардың жетіспеушілігі. География-туризм және география-экология пәндері бойынша мұғалімдер дайындайтын мамандықтардың жойылуы туристік-өлкетану қызметі жүйесінің құлдырауына әкеп соқтырды.

Соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуында оң өзгерістер байқалса да, бұл саланы тиімді мемлекеттік-жекешелік серіктестікті қамтамасыз ететін бірыңғай үйлестіруші құрылым жоқ. ХХІ ғасырдың талаптарына сай балалар мен жасөспірімдер туризмі маманын дайындайтын, сонымен қатар туризм, өлкетану және экологиялық жобалармен айналысатын мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсететін оқу орындары қажет [1].

Тек соңғы кездерде ғана туризмнің, өлкетанудың және экологияның педагогикалық потенциалына белсенді назар аударыла бастады. Әлеуметтік және балалар туризмінде туризм инструкторларының, гид-экскурсоводтардың және экология маманының жетіспеушілігі өткір сезіліп отыр. Мамандарды дайындау тиісті лицензиясы бар жоғары оқу орындарында жүзеге асырылуы тиіс [2].

Мұғалімдерді туристік-өлкетану және экологиялық қызметті ұйымдастыруға дайындау – белсенді азаматтық позицияны, туған өлкеге, оның мәдениеті мен тарихына деген сүйіспеншілікті, сонымен қатар қоршаған ортаға абайлы көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін өзекті міндет. Бұл құрал туризмнің, өлкетанудың және экологияның теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырады, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдап, практикалық ұсыныстар береді.

Бұл әдістемелік ұсыным құралы сонымен қатар оқушылардың біліктілігін арттыру, мектеп пәндері шеңберінде функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелерін қозғайды. Қазіргі білім беру мекемелерінде туристік-өлкетану қызметінің дәстүрі сақталып, дамып келеді, өйткені балалар туризмі білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттері шеңберінде аймақтың, еліміздің мәдени-табиғи мұрасын жан-жақты зерттеудің тиімді құралы болып табылады.

Туризмнің, өлкетанудың және спорттың потенциалын оқушыларды кәсіби бағдарлау үшін пайдалану оларды әртүрлі әлеуметтік жағдайларға тартуға,

әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақсатты кәсіби бағдарлау бастауыш мектеп жасынан (10-12 жас) басталуы керек, өйткені ғалымдардың (В.Ф. Витиньш, А.К. Макарова, В.Ф. Сахаров және т.б.) пікірінше, бұл жас оқу материалын қабылдау үшін ең қолайлы кезең.

Қосымша білім беру педагогтарының туристік-өлкетану шеберлігін дамытудағы рөлі ерекше[3].

Туристік-өлкетану іс-әрекеті – ортақ мақсатқа бағытталған, бірлескен күш-жігерді және еңбекті бөлуді талап ететін ұжымдық процесс. А.С. Макаренко атап өткендей, бұл іс-әрекетте «жауапты тәуелділік қарым-қатынастары» [15] қалыптасады, ал бақылаудың өзі қатысушылардың өздері жүзеге асырады.

Туризм мен өлкетану балалар мен жастардың дене және рухани белсенділікке деген қажеттілігін қанағаттандырады, олардың жан-жақты дамуына және еңбекке, қоғамдық пайдалы іс-әрекетке дайындығына ықпал етеді. зерттеулерде көрсетілгендей, жастарда туризмдегі әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру мыналарды көздейді:

- 1) рухани өмірді және шығармашылық танымдық жұмысты дамыту;
- 2) дұрыс әлеуметтік бағдарлану және өмір жолын таңдау үшін қоғамдық пайдалы еңбекке саналы түрде қатысу;
- 3) қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысу және әлеуметтік міндеттерді орындау. Бір іс-әрекеттегі жетістіктер басқа түрлердегі дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Көптеген зерттеулер [1; 3; 9; 10; 11] туризмнің кәсіби дайындық және демалысты ұйымдастырудың тиімді түрі ретіндегі рационалдылығын атап өтеді.

Туристік-өлкетану және спорттық-сауықтыру қозғалысы маңызды мемлекеттік рөл атқарады және маңызды әлеуметтік міндеттерді шешеді:

- 1) әлеуметтік жағынан қорғалмаған халықтың демалуына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 2) стрестік жағдайларға әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) кәсіби дайындықты, әскер қатарына шақырылуға дайындықты жүргізу.

Көптеген ғылыми және әдістемелік басылымдар мектеп пәндері бойынша білімді тереңдету, еңбек дағдыларын, тәртіпті және моральдық-ерік-жігерлік қасиеттерді дамыту үшін туристік-өлкетану іс-әрекетінің маңыздылығын растайды.

Ол басылымдарда туристік-өлкетану іс-әрекеті процесіндегі жеке тұлғаның дамуы – оқушының жеке тұлғасының, мақсатты ұйымдастырылған тәрбие ортасының (білім беру мекемесі, қосымша білім беру мекемелері, педагогикалық ұжым, отбасы) және қоршаған ортаның әсерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесі екенін растайды.

Осылайша, туристік-өлкетану іс-әрекетінде қызығушылықты дамытудың және жеке тұлғаны тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамуға, кәсіпті саналы таңдауға және одан әрі білім алуға ықпал ету.

Туристік-өлкетану және туристік-спорттық іс әрекеттер арқылы жеке тұлғаны дамытудың және тәрбиелеудің мазмұны – қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларының және тәрбие жұмысының бағдарламаларының

ажырамас бөлігі. Бағдарламаларда жеке пәндер және оқу жылдары бойынша дамудың және тәрбиелеудің мазмұны нақтыланып көрсетілген.

Қосымша білім беру бағдарламалары аясында жас туристер-өлкетанушыларды дайындау оларда үнемі өзін-өзі білімлендіруге және көзқарасын кеңейтуге деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу программасына сәйкес қосымша білім беру бағдарламалары бойынша бір оқу жылында 216-324 сағат жиналады. Педагог көзқарасы бойынша, балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетанудың ерекшелігі – педагогикалық ықпалдың бастапқы балалар ұжымына ең жақын болуы. Бірлескен балалар мен педагогикалық мақсат, жұмыс үшін мазмұндық негіз – туризм мен өлкетану. А.С. Макаренко бастапқы ұжымға ең жақын болу, онымен достық қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық принципіне негізделген тәрбие беру педагогтің жұмысының негізі болуы керек деп айтқан. Оның педагогикалық тәрбиелік ықпалы балалар ұжымына жақындаған сайын күшейеді [5].

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының туристік-өлкетану бірлестіктері мектептерде, қосымша білім беру мекемелерінде, балалардың тұрғылықты жерінде жұмыс істейді. Сонымен қатар, балалармен саяхаттар мен экскурсияларды ұйымдастырумен көптеген туристік фирмалар айналысады. Оқушылардың топтары немесе клубтары спорттық-сауықтандыру туризмімен, өлкетану ізденісімен, бағдарлаумен айналыса алады немесе осы іс-әрекет түрлерін кешенді түрде қолдана алады. Егер бірлестіктің жұмысында далалық тұрмыс дағдыларына, табиғи ортада өмір сүруді қамтамасыз етуге және белсенді қозғалыс әдістерін қолдануға оқыту жүргізілсе, ондай бірлестіктер туристік-өлкетану бірлестіктеріне толықтай жатқызылуы мүмкін. Өздерінің тар ішкі топтық мүдделерімен шектелмейтін ұжымдар мен олардың жетекшілерінде туристік қозғалыстың көпшілігін кеңейтуге, жеке тұлғаны дамытудағы потенциалын басқа оқушылар үшін ашуға деген қажеттілік пайда болады. Бұл ұжымдар тұтынушылықпен «ауырмайды», олар туристік іс шараларды слеттерді бастамалайды және өткізеді, демалыс күндерінің саяхат клубтарының жұмысын ұйымдастырады (біріншіден, аймақ мектептеріне, оқушылармен қарапайым туристік серуендер мен саяхаттарды өткізуге көмектесу нысаны), мұғалімдер үшін оқу семинарларын өткізеді. Мұндай оқушылардың туристік клубтарының бағдарламалары туристік қызметті ұйымдастырушыларды дайындауға бағытталған. Мұндай ұжымдар көбеюге бағытталған, яғни өміршеңдігі жоғары. Отандық туризмнің өзін-өзі басқару дәстүрлерінде қалыптасқан балалар туристік клубтары, әдетте, өз жұмыстарында мынадай принциптерді басшылыққа алады:

1. Белсенді туризм нысандарын пайдалану.
2. еріктілік, өзін-өзі басқару, өзін-өзі басқару, тәлімгерлік және клубтағы қоғамдық пайдалы еңбек.
3. Әртүрлі жастағы топтарға сүйену.
4. Көпшілік туризмді дамытуға бағдарлау [19].

Мектеп туризмі мен өлкетану – әртүрлі әлеуметтік институттарда өсіп-өнетін қызмет: қосымша білім жүйесі, жаппай дене шынықтыру-сауықтыру

қозғалысы, демалыс саласы, кәсіптік дайындық мекемелері, коммерциялық сала. Сондықтан мемлекет туристік-өлкетану қызметін дамытуда қандай басымдылықтарды таңдауы керек? Қандай бағыттар мен қызмет нысандарына қаржылық, материалдық, әдістемелік және ғылыми деңгейде инвестиция салу қажет? – деген сұрақтарға жауап мынадай:

Біріншіден, бұл, әрине, белсенді қызмет нысандары: белсенді қозғалыс және тануды көру арқылы болжайтын саяхаттар, экспедициялар.

Белсенді қызмет нысандары – кешенді білім беру және сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізудің ең тиімді тәсілдері.

Екіншіден, білім беру басқарма мекемелері мен педагогтер үшін басымдық мектеп жасынан бастап сынып жетекшілерінің көмекшілерін сынып саяхаттарын өткізуге, мектеп туристік слеттері мен жарыстарының судьяларын, балалар мен жасөспірімдер туристік клубтарының инструкторларын дайындауды көздейтін мектеп туризмін, өлкетануды және экологиялық шараларды ұйымдастырушыларды дайындауға бағытталған бағдарламалар болуы керек. Мектеп бітіргеннен кейін және білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін мұндай туристік клубтардың тәрбиеленушілері білікті туристік саяхат топтарының жетекшілері, педагог-жаттықтырушылар бола алады.

Қазақстандағы оқушылардың туристік-өлкетану және экологиялық іс әрекеттерді жетілдірудің, дамытудың өзектілігі мектеп оқушыларының күнделікті өміріндегі келеңсіз өмір тіршілігіне ықпал ететін бірде бір оқыту тәрбие құралы екені анық. Осыған орай әдістемелік ұсынымда білім алушылардың туристік, өлкетанушылық және экологиялық түсініктерін қалыптастыру және мектеп мұғалімдеріне таныстыру мақсатында жазылды.

## 1. ТУРИСТІК-ӨЛЖЕТАНУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Туристiк-өлжетану iс-әрекеттерi әлемнiң әр түкпiрiнде кең тараған және оның халықаралық тәжiрибесi мынадай бағыттармен сипатталады:

Халықаралық тәжiрибе

- Экотуризм: Табиғатты қорғауға бағытталған туризм түрi. Бұл түрде туристер табиғатпен бiрге өмiр сүруге, табиғатты қорғау мәдениетiн үйренуге және жергiлiктi қоғамдастықтардың өмiрiне қатысуға мүмкiндiк алады.

Экотуризм - бұл табиғатты қорғауға бағытталған туризмнiң бiр түрi. Оның басқа туризм түрлерiнен ерекшеленетiн негiзгi қасиеттерi:

- Тұрақтылық: Экотуризм табиғатқа қарай қамқорлықпен қатынас жасауға, ортаның бұзылуын болдырмауға және жергiлiктi қоғамдастықтың өмiрiн жақсартуға бағытталған.

- Табиғатты қорғау: Экотуризм барысында табиғатты қорғау ережелерi қатаң сақталады, қоршаған ортаға зиян келтiрмейтiн iс-әрекеттер жүргiзiледi.

- Жергiлiктi қоғамдастықтармен ынтымақтастық: Экотуризм жергiлiктi қоғамдастықтармен ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады, туристерге жергiлiктi мәдениет мен дәстүрлер туралы бiлiм берiледi.

- Танымдық сипат: Экотуризм туристерге табиғатты зерттеуге, жаңа бiлiм алуға және табиғат туралы түсiнiк қалыптастыруға мүмкiндiк бередi.

- Жауапкершiлiк: Экотуризм туристарда табиғатқа деген жауапкершiлiк сезiмiн қалыптастыруға бағытталған.

Экотуризмнiң басқа туризм түрлерiнен ерекшеленетiн негiзгi сипаттамалары:

- Көп жұмыс iстеу: Экотуризм туристiк ортаны қорғау мен сақтау үшiн туристерден белсендi қатысуды талап етедi.

- Көп бiлiм алу: Экотуризм туристерге табиғат туралы бiлiм алуға және жаңа бiлiм алуға мүмкiндiк бередi.

- Жауапкершiлiктi арттыру: Экотуризм туристарда табиғатқа деген жауапкершiлiк сезiмiн қалыптастыруға бағытталған.

Қорытындылай келе: Экотуризм - бұл табиғатты қорғауға және тұрақты дамуға бағытталған туризмнiң жаңа түрi. Ол туристерге табиғат сұлулығымен танысуға, жаңа бiлiм алуға және жергiлiктi қоғамдастықтармен ынтымақтастық жасауға мүмкiндiк бередi. Мәдени туризм: Туристерге басқа елдердiң мәдениетiмен, тарихымен және дәстүрлерiмен танысуға мүмкiндiк беретiн туризм түрi. Мәдени туризм - бұл туристерге басқа елдердiң немесе өңiрлердiң мәдениетiмен, тарихымен және дәстүрлерiмен танысуға бағытталған туризмнiң бiр түрi. Ол басқа туризм түрлерiнен мынадай ерекшелiктерiмен ерекшеленедi:

- Мақсат: Мәдени туризмнiң басты мақсаты - туристердiң басқа мәдениеттермен танысуы, олардың тарихын, өнерiн, дәстүрлерiн, тiлiн, әдет-ғұрыптарын, тiптi ас мәдениетiн бiлуi.

• Қызығушылық: Мәдени туризмге қызығушылық табиғатпен демалуға қарағанда басқаша, ол тарихқа, мәдениетке, өнерге деген қызығушылыққа негізделген.

Танымдық туризм: Туристерге жаңа білім алуға және танымдық мүмкіндіктерді кеңейтуге мүмкіндік беретін туризм түрі. Мысалы, ғылыми зерттеу экспедициялары, табиғат тарихы мұражайларына саяхаттар, астрономиялық бақылаулар және т.б. Танымдық туризм - бұл туристерге жаңа білім алуға, танымдық мүмкіндіктерін кеңейтуге, жан-жақты дамуға бағытталған туризмнің бір түрі. Ол туристердің қызығушылықтарына сәйкес әртүрлі іс-шараларды қамтиды.

Негізгі іс-шаралар:

• Экскурсиялар: Тарихи орындарға, мұражайларға, өнер галереяларына, ғылыми орталықтарға, зауыттар мен фабрикаларға, өндіріс орындарына саяхаттар.

• Лекциялар мен семинарлар: Белгілі мамандардың лекциялары, ғылыми тақырыптар бойынша семинарлар.

• Ғылыми зерттеу экспедициялары: Табиғатты зерттеуге, археологиялық қазбаларға, этнографиялық зерттеулерге қатысу.

• Көрме мен фестивальдар: Ғылыми жетістіктерді көрсететін көрмелер, ғылыми және техникалық жетістіктердің фестивальдары.

• Практикалық сабақтар: Фотография, астрономия, биология, геология және т.б. практикалық сабақтар.

• Тәжірибе алмасу: Басқа елдердің педагогтарымен, ғалымдарымен тәжірибе алмасу.

• Ғылыми конференциялар: Ғылыми тақырыптар бойынша конференцияларға қатысу, материалдар жариялау.

• Дебаттар және дәрістер: Танымдық тақырыптар бойынша дәрістер және дебаттар.

• Бақылаулар: Табиғатты бақылау, астрономиялық бақылаулар, жануарлар мен өсімдіктер әлемін бақылау.

Танымдық туризмнің ерекшеліктері:

• Мақсаттылық: Танымдық туризм нақты мақсатқа бағытталған болуы керек.

• Ақпараттылық: Туристерге қажетті ақпарат берілуі керек.

• Білімділік: Танымдық туризм туристерге жаңа білім алуға және білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Танымдық туризм - бұл әлемді білудің құнды түрі. Ол жаңа білім алуға, танымдық мүмкіндіктерін кеңейтуге, өз көзқарасын қалыптастыруға және жан-жақты дамуға мүмкіндік береді.

• Әлеуметтік туризм: Туристерге басқа елдердің халықтарымен қарым-қатынас жасауға және олардың өмірімен танысуға мүмкіндік беретін туризм түрі. Мысалы, волонтерлық туризм, мәдени алмасу бағдарламалары.

Отандық тәжірибе:



- Туған жердің тарихын және мәдениетін зерттеу: Оқушыларды туған жердің тарихы мен мәдениетімен таныстыруға бағытталған туристік жолдардың және экскурсиялардың дамуы.

- Табиғатты қорғау: Оқушылардың табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуы, табиғи ресурстарды сақтау туралы түсінік беру.

- Туристік индустрияны дамыту: Туризм саласын дамыту үшін жаңа туристік жолдарды жасау және инфрақұрылымды жетілдіру.

- Халықтық көркем өнерді және дәстүрлерді сақтау: Халықтық көркем өнер мен дәстүрлерді сақтау және дамыту мақсатында туристік жолдарды ұйымдастыру.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттері адамдардың білімін кеңейтуге, табиғатпен байланысын нығайтуға және әлеуметтік дамуға ықпал етеді. Халықаралық және отандық тәжірибе туристік-өлкетану іс-әрекеттерін дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер береді.

### *Туристік-өлкетануды зерттеудің кезеңдері*

Туристік-өлкетану қызметінің негізгі мақсаты - қазіргі заманғы талаптарға сәйкес балалар мен жасөспірімдерде денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру. Бұл «Қазақстан-2030» Стратегиясында көрсетілген.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігі

Заманауи мұғалімдердің алдында тұрған маңызды міндет - STEM/STEAM білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар туристік, өлкетану және экологиялық білім мен тәрбиелеу мәселелерінде де біліктілігін көрсету. Мұғалімдер негізгі компетенциялармен таныс болуы және оқушыларда табиғатқа, қоғамға және өздеріне жауапкершілік сезімін қалыптастыруда түрлі ақпараттық құралдарды және инновациялық технологияларды қолдануды білуі керек.

Өкінішке орай, осы саладағы біліктілік деңгейі төмен. Бұл заманауи туристік-өлкетану және экологиялық проблемалар туралы жеткілікті ақпараттың болмауына әкеледі.

Осы проблеманы шешу үшін педагогика, психология, оқушы тұлғасын дамыту және қалыптастыру, оқу процесінде коммуникацияны ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесіне инновациялық оқыту технологияларын енгізу саласында арнайы білім мен дағдылары бар жаңа типтегі мұғалімдерді кәсіби даярлау қажет.

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік бағдарламасында кәсіби білім беру сапасын арттыру, оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру, кәсіби білім беру жүйесін әлемдік трендтерді ескеріп модернизациялау, болашақ педагогтардың практикалық дайындығын күшейту қажеттілігі көрсетілген [3].

Туристік-өлкетану қызметінің тұлғаны тәрбиелеудегі рөлі

Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер біздің еліміздің жаңа буыны болып табылады, және қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда олардың

моральдық бағдарларын жоғалтпай, рухани деградациядан, есірткіге үйір болудан немесе қылмыстық әрекеттерден алшақтау маңызды. Балалар мен жастар туризмі осы мағынада тұлғаны тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Туристік-өлкетану қызметінің негізгі міндеттері

Туристік-өлкетану қызметі арқылы мынадай міндеттерді шешуге болады:

- Азаматтық және патриотизмді тәрбиелеу;
- Дұрыс дамыған және физикалық сау тұлғаны қалыптастыру;
- Денсаулықты сақтауға арналған белсенді қозғалыс арқылы, табиғатпен байланыс, есірткілер мен зиянды әдеттерге альтернатива ұсыну, ерік-жігер мен руханилықты тәрбиелеу;
- Туған өлкесінің географиясы мен тарихымен, тарихи, археологиялық және мәдени ескерткіштерімен, қоршаған табиғатпен таныстыру;
- Оқушылардың белсенді демалысын ұйымдастыру және жазғы демалысын қамтамасыз ету [4].

Туристік-өлкетану іс әрекеттерінің белсенді формаларының артықшылықтары тәрбие мен оқыту құралы ретінде пайдалану.

Туристік-өлкетану іс әрекеттерінің белсенді формаларының маңызды артықшылығы - мінез-құлық нормалары туралы білім мен олардың практикалық қолданылуы арасында алшақтықтың жойылуы туралы ғалымдар зерттеулерінде жан жақты қарастырылады.

Зерттеулер шеңберінде Қазақстандық патриотизм, ұлттық дәстүрлер, моральды тәрбиелеу, қазақ этнопедагогикасын, этнографияны қолдану мәселелерімен педагог-ғалымдар мен әдіскерлер: Ж.А. Қасымбекова, А.А. Калюжный, Л.А. Байсеркеев, С.К. Алшымбеков және басқа да мамандар айналысты.

С.Р. Ердаулетов, Е.С. Никитинский, О.Б. Мазбаев, Б.К. Асубаев және тағы басқа авторлардың ғылыми еңбектерінде туристік-рекреациялық ресурстар, территориялық-рекреациялық жүйелер, туристік тартылымдылық, тұрақты туризм мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Белсенді туризм түрлерін зерттеу

Белсенді туризм түрлерінің түрлі аспектілері, туристік маршруттарды әзірлеу, балалар мен жастардың физикалық жүктемелерін реттеу, таулы жорықтардың денсаулыққа әсері, таулы және шөлді аймақтарда туристердің қозғалтқыш әрекетін оңтайландыру, белсенді туризм түрлері бойынша кадрларды даярлау отандық және шетелдік зерттеушілер А.Н. Макогонов, В.Н. Вуколов, Ю.В. Байковский, Н.А. Огиенко, М.И. Иргебаева және басқа авторлардың еңбектерінде көрсетілген.

Балалар мен жастар туризмі саласындағы зерттеу

Балалар мен жастар туризмі, туристік-өлкетанулық қызмет, аймақтық-өлкетанулық компонент, экологиялық білім беру, балалардың сауықтыру лагерьлерінің қызметі теориялық және әдістемелік негіздері Ресей ғалымдары А. В. Даринский, А. А. Остапец-Свешников, В. И. Курилов, Ю. С. Константиновтың еңбектерінде көрсетілген.

Олардың еңбектерінде балалар мен жастар туризмінің педагогикалық дамуына қажетті жағдайлар, қоғамдық туристік ұйымдар үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау, қосымша білім беру жүйесінде жас турист-жетекшілерді бастапқы даярлаудың педагогикалық негіздері, балалар мен жастар туризмі орталықтарының қызметі қарастырылған.

Ресей ғалымдарының ғылыми еңбектерінде А.М. Ветитнева, А.Н. Косых туризмнің педагогикалық аспектілері мен проблемаларын талқыланған.

Бұқаралық балалар мен жастар туризмін дамыту қажеттілігі, кәсіби туристік кадрлардың жетіспеушілігі атап өтілген. Сонымен қатар, балалар мен жастар туризмін дамыту қажеттілігі және бірыңғай мемлекеттік саясаттың жоқтығы туралы деректер кездеседі.

Балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуының қажеттілігі, қосымша білім беру, туристік-спорттық, туристік-өлкетану мекемелерін басқаратын бірыңғай мемлекеттік органның болмауы және олардың қызметін қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыздандырудың жоқтығы туралы деректер кездеседі.

Әрі қарай зерттеудің қажеттілігі

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік негіздерін талдау, туризм мен өлкетанудың бағыттары мен салаларын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Сондықтан жүргізіліп жатқан зерттеудің әдістемелік және теориялық негізі оқудың теориясы мен практикасының бірлігі туралы жалпы теориялық ережелер; тұлғаны тәрбиелеу және дамыту концепциясы; әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың тұлғаның дамуына әсері туралы теориялық ережелер; тұтас педагогикалық процесс концепциясы; балалар мен жасөспірімдер туризмі концепциясы болып табылады.

Зерттеудің негізінде А. А. Остапец-Свешниковтың шығармашылығы жатыр. Балалар мен жасөспірімдер туризмі: теориялық негіздері мен практикалық аспектілері

Жұмыста балалар мен жасөспірімдер туризмі саласының жетекші мамандарының (Ю. С. Константинов, Д.В. Смирнов, Ю.В. Байковский, И.Н. Попов, А.Н. Макогонов, Е.С. Никитинский, О.Б. Мазбаев, В.Н. Вуколов, М.И. Иргебаев, В.П. Фомин, Н.В. Ивлева, Т.В. Иманғұлова және т.б.) өзекті материалдары пайдаланылған.

Жұмыста балалар мен жасөспірімдер туризмінің тарихи аспектілері, мәні, түрлері, функциялары жан-жақты қарастырылған. Ұзақ тарихына қарамастан, туризм әлі күнге дейін маңызды әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени құбылыс ретінде әмбебап, бірыңғай, жалпы қабылданған және толық анықтама алмаған, ал туризм ғылымының өзі әлемдік академиялық және ғылыми қауымдастықта жалпы қабылданған бірыңғай атауы жоқ екенін Ю. С. Константинов атап өткен [23].

И.Н. Пилаттың туризмді анықтауы қазіргі жағдайда мектеп туризмі мен краеведениеcін оқу бағдарламаларынан тыс шығатын және мектеп мен мектептен тыс мекемелер, кеңестік қоғам тарапынан олардың сыныптан тыс

уақытын педагогикалық тұрғыдан тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылатын оқушылардың туристік-өлкетанушылық іс-әрекеті ретінде түсіну керек деп көрсетеді. Осы іс-әрекетті әлеуметтік-сауықтыру, танымдық-тәрбиелік және спорттық-сауықтыру бағыттары, оқушылар қатысатын аралық және ішкі топтық қарым-қатынастардың кең болуы, осы қарым-қатынастардың «жақын» және «алыс» әлеуметтік және географиялық ортамен тікелей байланысы сипаттайды.

Алайда, бірінші және екінші анықтамалар кемшіліктерден бос емес: біріншісі туризмнің танымдық жағын ашпайды, екіншісі туристік-өлкетанушылық іс-әрекет не екенін көрсетпейді: құрал ма, форма ма әлде әдіс пе?

Балалар мен жасөспірімдер туризмін жасөспірімдер мен жігіттердің гармониялы дамуының құралы ретінде түсіндіретін, демалыс және қоғамдық пайдалы іс-әрекет түрінде жүзеге асырылатын, негізгі компоненті саяхат (экскурсия, серуен, саяхат, экспедиция) болып табылатын анықтама толық болып көрінеді.

Бұл анықтама, ең алдымен, туризмде моральдық, еңбек, эстетикалық, физикалық, интеллектуалдық, патриоттық сияқты тәрбиелеудің негізгі аспектілері біріктірілуі керектігін көрсетеді.

Туризмнің экономикадағы рөлі

Туризм әлемдік экономикада маңызды рөлдердің бірін атқарады. Дүниежүзілік туристік ұйымының (ДТҰ) мәліметтері бойынша, ол әлемдік жалпы ішкі өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайыздан астамын, әлемдік өнеркәсіптегі әр тоғызыншы жұмыс орнын қамтамасыз етеді [24].

Қазақстан индустриясының туристік секторы мемлекеттің ұзақ мерзімді экономикалық басымдықтарының жеті кластерінің бірі ретінде анықталған, ол ел экономикасының шикізаттық емес мамандануын қалыптастырады, бұл оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы ретіндегі маңызын атап өтеді [25].

Алайда, мектеп қабырғасында бұл мәселені толық қарастырмай, оқушылармен сабақ өткізбесе, олар туризм мен өлкетанудың маңызын толық түсіне алмайтыны анық.

Туризм ұғымы. Қазіргі зерттеулерде «туризм» ұғымына бірнеше көзқарас ұсынылған. Олардың біріне сәйкес, туризм белгілі бір мақсатпен бос уақытта саяхат ретінде, екіншісіне сәйкес тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығып жатқан адамдарға қызмет көрсету саласы ретінде немесе туристердің тауарлар мен қызметтерге деген сұранысын қанағаттандыратын нарық сегменті ретінде қарастырылады [24].

Оқу үрдісінде «серуен», «жорық» ұғымдарын пайдалануға болады.

Туризм – бұл демалу, денсаулықты нығайту және емдеу, танымдық немесе діни мақсаттарда немесе кәсіби-іскерлік мақсаттарда бос уақытта тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығушы адамдар [26].

Туризм: тануға ұмтылыс және оның білім берудегі маңызы

Г. П. Долженко пікірінше, туризм – бұл «адамның ұмтылысы». Байытуға, тарих, экономика, табиғат, ғылым және мәдениет саласында білім алуға деген ұмтылыс кез келген аймақтың тарихи, этнографиялық, табиғи және революциялық ескерткіштерімен, сондай-ақ ұрыс және еңбек дәстүрлерімен танысу мүмкіндігін ашады. «Адамның ұмтылысы» деген сөз тіркесі оқушыларға толығымен қатысты. Ғалымдар мектепте алған жеке пәндер бойынша білімдерді өрісте практикада көру және олармен танысу мүмкіндігі оң нәтиже беретінін дәлелдейді [27].

«Балалар мен жасөспірімдер туризмі» ұғымы Сардоров О. А.-ның зерттеу жұмысында ғылыми-әдістемелік әдебиетте, нормативтік құжаттарда балалар мен жасөспірімдер туризмін анықтаудың бірнеше нұсқасы бар екені атап өтіледі

#### *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлгілік заңнамасы*

«Балалар мен жасөспірімдер туризмі туралы» үлгілік заңға сәйкес, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 2018 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен бекітілгендей, «балалар мен жасөспірімдер туризмі» ұғымы 14 жасқа дейінгі балалардың, 18 жасқа дейінгі қыздар мен жігіттердің үйлесімді дамуының құралы ретінде анықталады, ол қоғамдық пайдалы іс-әрекет түрінде демалу нысанында жүзеге асырылады, оның құрылымдық компоненттеріне саяхат, экскурсия жатады. Бұл құжат мектептегі білім беру жұмыстарында пайдалануға мүмкіндік береді [31].

#### *Туризмнің басқа ғылымдармен байланысы*

Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты. өйткені география аумақтық жеке ерекшеліктерді, оның ішінде туристік ресурстар мен объектілердің белгілі-бір аумақта таралу ерекшеліктерін зерттейді. Одан басқа география ғылымы жалпы географиялық заңдылықтарды (зоналылық, температураның жер беті бойынша таралуы, күн радиациясының жер беті бойынша таралу мөлшерлері т.б.) зертеумен айналысады. Ал мұның туризм үшін, әсіресе рекреациялық немесе курорттық туризм үшін маңызы зор. Екінші, туризм тарих ғылымымен байланысты. өйткені туристер, туристік топтар саяхаттар, экскурсиялар кезінде тарихи ескерткіштермен, нысандармен танысады, халықтық тарихи кезеңдерімен таныс болады. Экскурсиялар, саяхаттар кезінде өнер туындыларымен, құрылыс өнерімен туристерді таныстыруға тура келеді. Сондықтан туризм ішінара, белгілі-бір дәрежеде өнер танумен байланысты.

Келесі кезекте туризм өлке танумен байланысты. Бұған себеп туризм мен өлке танудың кейбір мақсаттары (мысалы танымдық мақсат) ортақ. Екеуіне де бірдей жұмыс істеу формалары бар (экскурсия, туристік жорық, саяхаттар) және туризм мен өлке тануға бағытталған жұмыстар көбінесе бірігіп атқарылады (туристік-өлкетану жұмыстары).

Туризм сонымен қатар белгілі-бір дәрежеде этнографиямен қатысты. өйткені туристер өздері болатын елдерде, жерлерде сол жерлердегі түпкілікті, тұрақты тұрғындардың, халықтардың ұлттық, этнографиялық (тілі, діні, салт-

санасы, тарихы, мәдениеті, музыкасы, әдебиеті т.б) ерекшеліктерімен танысады. Этнографиялық мұражайларды аралап, адамдардың өмір салтымен танысады.

Туризм қоғамдық құбылыс және сала ретінде экономикамен, экономика ғылымымен байланысты. Себебі туризмнің өзі шаруашылықтың, экономиканың бір саласы болып есептеледі. Туризммен ақша, өндіріс, сауда қатынастары байланысты. Туризм арқылы мемлекеттік бюджетке пайда түседі, бағаның қалыптасуы жүреді. Туристік сфера бойынша жарнамалық қызмет жүзеге асады және туристік фирмалар, туристік операторлар, туристік агенттер жұмыс атқаратын өзіндік кәсіпорындар болады.

Спорттық туризм өз кезегінде физиология ғылымымен байланысты. Туризмнің активті түрлеріне, туристік жорықтарға, әсіресе категориялы немесе спорттық жорықтарға дайындық кезінде және жорықтардағы энергия шығыны мен тамақтануды ескеру, есептеу кезінде энергия шығыны мен тамақтанудың физиологиялық негізін түсіну, білу ескеру қажетті дүние. Туристік жорықтар кезінде жай-күндерге қарағанда тамақ, азық-түлік көбірек мөлшерде қабылданады және энергия шығыны да артық (4000 к/калл-дан 7000 к/калл-ға дейін) болады. Осы жағдайда және жорықтарға дайындық кезінде организмнің жеке жасқа, жынысқа, дене саулығына т.б. байланысты ерекшелігі мен организмде жүретін физиологиялық процесстер: ас қорыту, тыныс алу, қан айналу, зат алмасу, зәр шығару, шаршау табиғатын есепке алу қажет.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелерден көрініп отырғандай туризмнің кез келген қоғамдық өмірде алатын орны жоғары. Туризмді жан-жақты қарауға болады. Туризм — ел экономикасының бір саласы.

Туризм — спорт ретінде де көрінеді. Туризм — жергілікті халықты жұмыс орнымен, кәсіппен қамтамасыз ету құралы. Туризм — халықтар, мемлекеттер арасындағы мәдени т.б. қатынастар құралы.

Туризмді бұл жерде өлкетанумен шатастыруға болмайды. өлкетанудың мақсаты, атқаратын қызметі бөлек. Біз жоғарыда туризмнің өлкетанумен ұқсас, ортақ жақтарын айттық. Алайда екеуінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ең бірінші айырмашылықтар: туризмнің белгілі-бір қоғамда алатын орны жоғары, туризмнің атқаратын қызметі мен алдына қояр мақсаты көп. Бірақ та туризммен өлкетану бір-бірінсіз ұтымды жұмыс жүргізе алмайды.

Сондықтан да туристік-өлкетану, соңғы жылдары экологиялық іс-әрекеттер термині кеңінен қолданылып жүр.

Халықаралық және отандық тәжірибелерді саралау барысында туризм, өлкетану терминдеріне анықтамаларына және зерттелі дәрежелеріне назар аудардық.

*Туризм, оның терминдері, классификациясы, формалары және басқа ғылымдармен байланысы*

Қазіргі қалыптасқан халықаралық ұғым бойынша “туризм” дегеніміз адамдардың әр түрлі мақсатпен басқа елдерде, аймақтарда, аумақтарда уақытша болуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар мен жұмыстардың және материалдық орындардың жиынтығы. Дүние жүзілік туристік ұйымның берген

анықтамасы бойынша “турист” дегеніміз әр түрлі мақсатпен (көңіл көтеру, емделу, кәсіптік қызмет, конференцияға қатысу, туыстарына бару, діни және спорттық мақсаттағы т.б.) басқа елдерде (аймақтарда) 24 сағаттан артық мерзімде уақытша болатын адамдар. Сонымен қатар туристер қатарына мына категориядағы адамдар жатпайды:

1. Белгілі бір елге барып, онда тұрақты тұрып жатқан адамдар.
2. Контракт бойынша келіп, жұмыс жасап жатқан адамдар.
3. Ұзақ мерзімдегі оқу және мамандығын көтеріп жатқан адамдар.
4. Босқындар.
5. Әскери контингент құрамындағылар.
6. Иммигранттар.
7. Консулдық және елшілік (дипломаттар) қызметкерлері.

Туризмге қатысты негізгі терминдер:

1. Туризмнің географиясы — туристік объектілердің, ресурстардың, комплекстердің белгілі бір аумақ бойынша таралуын және орналасу ретін анықтаумен айналысатын географияның бір бөлімі.

2. Туристік индустрия — туристік қызмет көрсетумен тауарларды өндірумен, бөлумен, материалдық-техникалық туризм базасын жасаумен, туристік-рекреациялық ресурстарды игерумен айналысатын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы. Салыстырмалы түрде бұл кәсіпорындар мен мекемелер 4 топқа бөлінеді:

а) Маршруттарда және демалыс орындарында кешенді туристік-экскурсиялық қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар.

б) Жанама түрде, қосымша тұрмыстық, мәдени-танымдық, сауда, көліктік, қонақ үй, емдеу т.б. қызмет көрсету орындары;

в) Туризмнің материалдық-техникалық базасын жасауға қойылатын, ол үшін қажетті шикізат, құрал-жабдықтар шығарумен айналысатын кәсіпорындар.

г) Туризм сферасы үшін кәсіптік мамандар дайындап шығаратын және олардың мамандықтарын көтеретін оқу орындары. Туристік кәсіпорындардың жиынтығы туристік инфрақұрылым деп аталады. Туристік индустрия ел экономикасы мен шаруашылық комплекстерінің қалыптасып, дамуына үлкен ықпал етеді.

Ол мыналардан көрінеді: жергілікті жердің түсетін пайдасын ұлғайтады, жаңа жұмыс орындарын жасайды, туристік қызмет етумен байланысты барлық салаларды дамытады, туристік орталықтарда әлеуметтік және өндіріс инфрақұрылымын жақсартады, мәдениеттің дамуы мен халық кәсіпкершілігінің (сувенирлер жасау, мұражайлардың көбеюі т.б.) қызметін жеделдетеді, валюталық табыстарды ұлғайтады және жергілікті халықтың тұрмыс деңгейін көтеріп, жұмыспен қамтамасыз етеді.

3. Туристік объект — территориялық кеңістікте өзіндік-бір орны бар, ерекше туристік қасиеттерге ие (тарихи-мемориалдық, мәдени-эстетикалық, танымдық т.б.), туристердің әр түрлі мақсатпен уақытша болатын жерлер. тарихи, табиғи және әлеуметтік-экономикалық туристік объектілер болып бөлінеді. Тарихи туристік объектілерге археологиялық орындар (көне қалалар

қалдықтары), көне қалалар, көне мазарлар мен мешіттер, шіркеулер, храмдар, синогогтар, монастырлар т.б. тарихи ескерткіштер жатады. Табиғи туристік объектілерге табиғаттың көрікті жерлері, табиғат ескерткіштері, ірі географиялық объектілер, ал әлеуметтік-экономикалық туристік объектілерге қазіргі заманғы сәулетті үйлер мен құрылыстар, музейлер, мемориальдық орындар, шаруашылықтың негізгі салаларына жататын, көрнекті кәсіпорындар қатысты.

4. Белсенді туризм: қозғалыс әдісімен белсенді деп жіктелген туризмнің спорттық мақсаты болуы мүмкін-табиғи кедергілерді жеңу, мысалы, тауға шығу. Табиғи ортаны жеке өзін — өзі жетілдіру үшін пайдаланатын қауымдастықтар ХХ ғасырда жаңа халықаралық спорт түрін-спорттық туризмді құрды. Белсенді туризм формалары: жаяу серуендеу, туристер слеті, спорттық әуесқой туризм жарыстары, коммерциялық тур.

5. Рекреациялық туризм бұл іскерлік сапарларға мүлдем қарама-қарсы туризм. Рекреациялық туризмнің мақсаты-демалу және қайта жүктеу, емдеу, спорт, мәдени ағарту. Әдетте, рекреациялық демалыс бір жерде ұзақ тұрумен сипатталады. Рекреациялық туризм дене күшін қалпына келтіру, демалу мақсатында адамдардың қозғалысына байланысты туризм түрі. Бұл елдер үшін туризмнің маңызды түрлерінің бірі. Сонымен, көптеген туристер сауықтыру орталықтарына, арнайы медициналық персоналы бар санаторийлерге барады, түрлі сауықтыру рәсімдерінен өтеді. Туристер рекреациялық туризм үшін арнайы орындарға барады, олардың орналасуы климаттық жағдайларға, рельефке, су ресурстарына, флора мен фаунаға байланысты. Сондай-ақ, рекреациялық туризмді серуендеу, спорттық ойындар мен жаттығулар деп атауға болады.

6. Мәдени туризм бұл туризмнің ең көп таралған түрі. Мұндай сапарлардың мақсаты-туристік орындарда серуендеу, көрікті жерлер, басқа мәдениеттермен, тұрмыс-тіршілікпен және әдет-ғұрыптармен танысу.

7. Спорттық және экстремалды туризм спорттық туризмнің мақсаты-саяхатшының тұрғылықты жерінде жоқ спортпен, түрлермен немесе орындармен айналысу.

8. Автомобиль туризмі (автотуризм) саяхатшылар автокөлікпен өздігінен саяхаттайтын немесе топтарға жиналатын туризмнің танымал түрі. Көбінесе агенттер мен туристік фирмалардың қызметтері пайдаланылмайды. Бұл адамдардың тұрақты тұрғылықты жерінен басқа елдерге немесе елді мекендерге саяхаты, онда жеке немесе жалға алынған көлік негізгі көлік құралы болып табылады.

9. Велосипед туризмі белсенді демалу, қозғалу үшін велосипед қолданылады. Сапардың мақсаттары мен стиліне байланысты демалыс форматы өзгеруі мүмкін. Бұл серуендеу немесе ұзақ сапар болуы мүмкін. Велосипедті көлік құралы ретінде немесе сапардың мақсаты ретінде пайдалануға болады. Велосипед туристері үшін арнайы маршруттар, трассалар салынады немесе көркем аймаққа саяхат жоспарын жасайды.

10. Ат туризмі велосипедпен бірдей, ат туризмі арнайы маршруттар бойынша жүреді. Көбінесе бұл ұлттық саябақтар немесе қорықтар. Әсіресе



экотуризм әуесқойлары арасында автомобильдер мен мотоциклдерді айналып өту үшін пайдаланбау, сондай-ақ табиғатқа жақын болу мүмкіндігіне байланысты танымал.

11. Шаңғы туризмі сапар барысында шаңғы трассалары мен маршруттардан өтуді көздейді. Көптеген тау шаңғысы курорттары мен арнайы жабдықталған орындар бар. Мұндай демалыс бағытын таңдағанда, сіздің туристік сақтандыруыңыз ашық ауада демалу салдарынан болатын жарақаттарды жабуды қамтуы керек екенін ұмытпаңыз.

12. Шытырман оқиғалы туризм бұл экзотикалық жерлер сияқты ерекше турларға саяхат. Сондай-ақ, бұл экспедициялар, өзендердегі рафтингтер немесе джунглиге жорықтар және адам факторы аз әсер ететін резервациялар болуы мүмкін.

13. Су туризмі бұл әртүрлі механикалық қозғалтқыштарды емес, ескекшілердің бұлшықет күшін қолдана отырып, су айдыны арқылы маршруттың өтуін және су кедергілерін жеңуді көздейтін ашық ауада демалудың бір түрі. Мұндай сапарлар кезінде, мысалы, су көлігімен демалу керек байдаркалар, қайықтар, яхталар пайдаланылады немесе су спорты жатады. Су көлігі жалға немесе жеке болуы мүмкін.

14. Ауылдық туризм бұл экологиялық туризмнің бір түрі, оның барысында туристердің бос уақыттарында ауылдық жерлерде тұруы, қалалар мен өнеркәсіптік құрылыстардан алыс жерде ұйымдастырылады. Саяхат тек ауылда болуды ғана емес, сонымен қатар бақылау немесе ауылшаруашылық жұмыстарына қатысуды да қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, ауылдық туризм үшін олар орындарды арнайы жабдықтай алады. Ауылдық туризмнің мақсаты-қаладан демалу, ел өміріне ену және табиғатқа жақындау.

15. Шопинг туризмі туризмнің бұл түрі киім немесе басқа заттарды сатып алу мақсатында саяхаттауды білдіреді. Саяхат бағыты Милан немесе Париж сияқты әлемдік сән астаналары немесе әртүрлі туристік қалаларға жақын орналасқан ірі сауда нүктелері болуы мүмкін.

16. Емдік туризм-бұл денсаулықты жақсарту немесе аурудан құтылу мақсатында саяхат. Бұл санаторийге немесе ауруханаға, теңіз курортына, балшықпен емдеу, немесе емдеу немесе операция жасау үшін белгілі бір клиникаға бару.

17. Экологиялық туризм: "экологиялық туризм" ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатынын айта кетуіміз керек

*Туризмнің классификациясы.*

Туризм негізінен 3 түрлі критерий бойынша бөлінеді.

I. Қоғамда атқаратын рөлі немесе алатын орны бойынша.

II. Туристердің алдына қойған мақсаты бойынша.

III. Туристік жорықтардың қандай жерлерде өткізілетініне, жорық кезінде қолданылатын көліктің түріне байланысты.

Туризм қоғамда атқаратын белгілі-бір рөліне байланысты төмендегі топтарға бөлінеді:

1) Халықаралық туризм — мемлекетаралық, корпоративтік және регионалық (аймақтық) келісімдер негізінде елдер арасында туристер алмасумен, туристерді басқа елдерге жіберумен және басқа елдерден туристер қабылдаумен айналысатын жұмыстардың жиынтығын білдіреді.

2) Ішкі туризм — бір мемлекет көлеміндегі жеке аймақтар, аудандар арасындағы туристік ағын, инфрақұрылым, қызмет ету жиынтығы болып саналады.

3) Мектеп туризмі — оқушыларға тәрбие беру, білімдерін жетілдіру, оларды болашақ туристік кәсіпке баулу мақсатында мектеп көлемінде ұйымдастырылатын туризм сферасындағы жұмыстар жиынтығы.

Туристердің алдарына қойған мақсат, мүдделері бойынша туризм мынандай түрлерге бөлінеді:

1) Экскурсиялық немесе танымдық туризм — туристердің белгілі-бір жердің табиғи ерекшеліктерімен, тарихи-мәдени орындарымен, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерімен танысуын қамтамасыз ететін жұмыстар.

2) Курорттық туризм — туристердің демалысын, емделуін белгілі-бір жерде қамтамасыз ету жұмыстар жиынтығы.

3) Спорттық туризм — туристердің спорттық мақсатта жорықтарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастыратын жұмыстар тобы.

Туристік жорықтардың қандай жерлерде өткізілетініне және туристік жорықтар кезіндегі қолданылатын транспорттық құралдардың жеке түрлеріне байланысты туризм мынадай түрлерден тұрады.

1) Жаяу туризм – күрделі емес таулы және жазық жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез-келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болды.

2) Тау туризмі — биік, күрделі таулы жерлерде өткізілетін жорықтар болып бөлінеді. Маршрут бойында кедергілер, категориялық асулар болуы керек. Жаяу туризм сияқты адамдар арасында кең тараған туризм түрлерінің бірі, өйткені арнайы көлікті керек етпейді; таулы аймақтарда кең таралған.

3) Шаңғы туризмі — қыс кезінде, белгілі-бір қар жамылғысы қалыңдығына байланысты өткізілетін, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты құрал-жабдықтары ( примус, пеш, шаңғы т.б.) және қонақ жайлары (бивуак, қар үйшіктері, тұрғын мекен-жайлар т.б.) бар жорықтарға байланысты жұмыстар тобы. Климаттың, ауа-райының әртүрлі жағдайында жорықтар өткізіледі. Шаңғы туризмі бойынша жорықтар жазық жерлерде және таулы аудандарда қар жамылғысы тұрақты аймақтарда тараған.

4) Су туризмі — белгілі-бір су объектілері (өзендер, көл жағалары) бойынша ұйымдастырылып өткізілетін, арнайы (қайықтар, салдар т.б.) жүзу құралдары бар жорықтарды ұйымдастыруға байланысты іс- әрекеттер. Су туризмінде қолданылатын жүзу құралдары әр түрлі (байдаркалар, балон қайықтар, кильді қайықтар, катамарандар, тегіс табанды қайықтар т.б.) су жорықтары бойынша кездесетін кедергілер де ерекше (желдер, толқындар, сарқырамалар т.б.).

5) Велосипед туризмі — ұзақ қашықтықтағы, көптеген километрге (1100 км дейін) созылатын, арнайы дайындықты талап ететін, транспорттық (көліктік) құрал велосипед болып табылатын, жорық кезіндегі өзіндік кедергілер бар (жолсыз жерлер, орман-тоғайлар, жыралар т.б.) туристік топ құрамының шағын болуын талап ететін жорықтарды ұйымдастыру жұмыстарының жиынтығы.

6) Автомототуризм — арнайы дайындықты қажет ететін, маршрут өтетін жерлердің жағдайына байланысты өтетін (батпақтар, тасты, қарлы жерлер, құмдақ жерлер мен өткелдер, тау жолдары мен тау асулары жорықты күрделендіреді), үлкен қашықтықтарға созылатын, топтық құтқару құралдарының (от сөндіргіштер, аптечкалар, қорғаныс шлемдері, қауіпсіздік белбеулері т.б.) болуын талап ететін жорықтарды ұйымдастырып өткізу. Көлік құралы ретінде туризмнің бұл түрі бойынша автомобильдер, мотоциклдер, мопедтер т.б. қолданылады. Автомототуризм бойынша жарыстар, чемпионаттар өтіп тұрған.

7) Спелеотуризм — үңгірлерде, әр түрлі жер бедерінің күрделі лабиринтер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төменгі температура мен жоғары саалыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Кейбір үңгірлер түбінде жер асты көлдері мен жер асты өзендері болады. Үңгірлер вертикалды және горизонталды болуы мүмкін. Өз бойында тау және су туризмі техникасы элементтері мен құрал-жабдықтарын біріктіреді. Сондықтан арнайы дайындықты талап етеді. Алынып жүрілетін құралдар да ерекше (фонарь, примус, рация, барометр т.б.). Спелеотуризм бойынша маршруттар 2 бөлімнен: жер үсті маршруты, яғни үңгірге дейінгі жүру маршруты және жер асты маршрутынан тұрады.

Көп жағдайда үңгір аймағында базалық лагерлер құрылады.

Жоғарыда айтылған туризм түрлерімен қатар, қосымша кейде туризмнің кейбір түрлерін әр түрлі критерий бойынша бөлу ұшырасады. Олар: туристердің мақсаттары бойынша *діни туризм* — адамдардың қажылық мақсатта түрлі дін бойынша қасиетті жерлер мен орындарға баруы, *конгрестік туризм* — іскер адамдардың келісім-шарттар жасауы үшін, тағы да басқа мақсаттармен жасайтын сапарлары мен осы мақсаттағы және ғылыми мақсаттағы симпозиумдар, конференциялар т.б. қоғамдық орны бойынша кейде *өз бетінше ұйымдастырылатын туризм* деп те бөлінеді. Бұл қоғамдық топтардың, жеке адамдардың өз бетінше, бірігіп өткізетін жорықтары. Пайдаланылатын көлік түрлеріне және өткізілетін туристік жорық аумағына байланысты *ат туризмі* кейінгі кезде етек ала бастады. Туризмнің бұл түрінің ерекшелігі жорықтар

кезінде арнайы дайындықты, ерекше құрал-жабдықтарды және аттарға деген күтім жағдайын талап етеді. Туризм классификациясы С.Р. Ердаuletовтың «Туризм географиясы» (География туризма) оқулығы ішінде толығымен берілген.

### *Туризмнің жұмыс істеу формалары.*

Туризмнің жұмыс істеу формаларының негізгілерінің бірі — саяхаттар. Алыс жерлерге түрлі көлік арқылы бару, түрлі мақсаттармен түпкі немесе соңғы пункте белгілі бір мерзім ішінде болу және бастапқы пункте қайту көлік түріне байланысты. Көлік (транспорт) түрлері бойынша теміржол, әуе, круиздық (теңіз, көл, өзен саяхаттары), автомобиль саяхаттары болып бөлінеді. Туризмнің екінші негізгі жұмыс істеу формасы — туристік жорықтар. Алдын-ала құрылатын белгілі-бір маршрут бойынша, (танымдық, сауығу, спорттық, жаттығу т.б.) әр түрлі мақсатпен белгілі-бір мерзімді, қозғалыстың активті түріне негізделген туристік іс-шара. Туристік жорықтар бір-екі күндік (көбінесе демалыс күндік жорықтар деп аталатын), көп күндік, спорттық немесе категориялық деп және туризмнің жеке түрлері бойынша (тау, жаяу, су т.б.) бөлінеді. Туристік жорықтарға тән негізгі нәрселер: алғашқы денсаулық дайындығы, азық-түлікті, құрал-жабдықтарды дайындау, кедергілерді жеңу, жорықтар кезінде, дала жағдайында тамақтануды ұйымдастыру, демалыс орындарын дала жағдайында дайындау, қауіпсіздікті сақтау т.б. Жорық ұйымдастырылған кезде арнайы тіркеулерден өту керек. Жорық біткен соң ол туралы есеп беру. Туризмнің жұмыс істеу формасының келесі түрі — *экскурсиялар*. Экскурсиялар жеке түрде де және туристік саяхаттар құрамында да (әсіресе круиздік саяхаттарда) қызмет ете береді. Экскурсиялардың қай жерден келгенін, кәсіптік құрамын және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың талап-тілектері бойынша, белгілі-бір экскурсиялық, тарихи-мәдени, туристік орындарда экскурсия жүргізушінің әңгіме өткізуі, көрсетуі экскурсиялардың түрлері қай жерде өткізілетіне байланысты табиғи тақырыпқа байланысты өткізілетін, кәсіпорындарда өткізілетін, (геологиялық, музыкалық құралдар музейлері, әдебиет тану, көркем-сурет т.б.) тақырыптық, мұражайлық және қалалық болып көрінеді. Туристік іс-шаралар түрінде жүргізілетін туризмнің белгілі-бір дәрежеде қолданылатын формасы — туризм сферасы бойынша өткізілетін *спорттық жарыстар*.

Туризм бойынша 4 түрде өткізіледі. Олар:

1) Туризмнің техникасы бойынша өткізілетін жарыстар. Бұл түрдегі жарыстар көп жағдайда тау, жаяу және су туризмі түрлері бойынша ұйымдастырылады.

2) Кросс-жорық. Шағын маршрутта (20 — 30 км) жүріп өту және онда кездесетін кедергілерден өту мақсатында жеке командалар арасындағы сайыс.

3) Кедергілер жолағы. ұзындығы метрмен есептелетін белгілі-бір маршрут бойынша кедергілерді және туристік әдіс-тәсілдерді белгілі-бір уақыт ішінде өту, орындау. Сайыс түрінде командалар арасында болады. Кросс-жорық сияқты жеке дистанциялар мен жарыс участкелерінде жеке кезең төрешілері

және жалпы жарыс төрешілері, оның ішінде бас төреші, төрелік коллегия қызмет атқарады.

4) Спорттық бағдарлау\_\_бойынша өткізілетін жарыстар. Жеке командалар арасында белгілі-бір аумақтық кеңістікте бақылау пункттерді әр түрлі варианттар бойынша, белгілі-бір мерзімде табуға бағытталған іс-әрекет. Спорттық бағдарлау бойынша арнайы спорттық карталар, спорттық компас қолданылады, төрешілер болады. Спорттық бағдарлаудың алғаш шыққан аймағы — Скандинавия елдері.

#### *Туристік ресурстар және олардың таралуы.*

Туристік ресурстар дегеніміз белгілі-бір территориядағы (аумақтағы) туризмді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық нысандардың жиынтығы. Туристік ресурстарды табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық деп екі топқа бөліп қарайды. Бұл топтарды туристік ресурстар жағдайын анықтайтын (табиғи және әлеуметтік-экономикалық) факторлар ретінде де қарастыруға болады.

Бірінші топқа көрікті табиғи орындар (ландшафтар), рекреациялық орындар, тарихи-мәдени және табиғи (табиғат ескерткіштері) экскурсиялық нысаналар, климаттық көрсеткіштер (температура, радиация), теңіз, көл және мұхит жағаларының болуы мен олардың адамдардың демалысы үшін жарамдылығы жатады. Бұл жерде рекреация деген ұғымның мағынасын айта кету керек. Рекреация — адамдардың демалысы мен емделуін қамтамасыз ету арқылы олардың рухани және дене күшін қалпына келтіріп, дамыту, денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін жағдайлар. Рекреациялық ресурстарға табиғат компоненттері: климат жағдайы, жер бедері, минералды және термальды бұлақтар және өсімдік жамылғысы жатады.

Туристік ресурстардың екінші, әлеуметтік-экономикалық тобына белгілі-бір аумақтардағы туризмді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған курорттар, туристік базалар, пансионаттар, демалыс үйлері, санаторийлер, көлік, қонақ үйлер, тамақтану орындары, қосымша туристік инфрақұрылым — арнайы дүкендер, байланыс бөлімшелері, емдеу мекемелері, ойын-сауық және сауықтыру (стадиондар, спорт сарайлары, бассейндер т.б.) спорт орындары тиісті. Бұл топқа сондай-ақ қаражаттың және еңбек ресурстары да қатысты. Халықтардың ұлттық ерекшеліктері (тұрғын үй жағдайы, ұлттық тағамдары мен киімі, кәсібі, қолөнері, музыка мен фольклор, ұлттық ойындар) мен салт-сана, әдет-ғұрыптары мен халықтық, ұлттық мейрамдарын осы екінші топқа енгізуге болады.

Жалпы туристік ресурстарға баға берген кезде территориялардың (аумақтың) табиғи-эстетикалық жағына, олардың тартымдылығы мен қайталанбастығына көңіл бөлу керек, өйткені олар аумақтың туризм бойынша функционалдық сапасын анықтайды. Бұл жерде қолайлы климаттық жағдайлардың рөлі жоғары және аумақ табиғатының аз өзгеру жағдайы ерекше орын алады.

Туристік ресурстарға қатысты келесі ұғым — туристік мүмкіндіктер. Туристік мүмкіндіктер дегеніміз белгілі-бір территориялардағы туризмді қалыптастырып дамытуға мүмкіндік беретін, бірақ әр түрлі себептермен қазіргі жағдайда пайдаланылмай жатқан орындар мен факторлардың жиынтығы. Туристік ресурстардың таралуына байланысты оларды аудандастыру жүргізіледі. Туристік аудандастыру — аумақтағы туризмге байланысты географиялық ақпараттарды жүйелендіруге және ол аумақтағы туризмнің даму заңдылықтарын анықтауға байланысты жеке аудандарды анықтап, бөлу. Туристік аудандастыру аумақтың барлық бөліктеріндегі туризмнің жағдайы, факторлары және болашағы жайлы толық түсінік алуға, оларға байланысты жеке аумақтық ерекшеліктерді бір-бірімен салыстыруға және бұл мәліметтерді туризмді жоспарлау мен басқаруда пайдалануға мүмкіндік береді. Туристік ресурстардың, туристік нысандардың таралуы дегеніміз олардың басқа объектілермен және бір-бірімен салыстырғандағы белгілі-бір аумақтардағы орналасу реті мен жиілігі болу жағдайы. Туристік аудандастыру кезінде әр түрлі таксономикалық рангадағы аумақтық бірліктер бөлініп шығарылады. Олар маңыздылығы жағынан жалпы мемлекеттік (республикалық), дүние жүзілік және жергілікті болуы мүмкін. Ондай аумақтық бірліктерге — туристік-рекреациялық зоналар, туристік аудандар немесе орталықтар жатады.

Туристік рекреациялық зона — көбіне ұзына бойы орналасқан, көрікті, көгалды жерлердегі, тау іші және тау етегі аумақтардағы, көл, бөгендер, теңіз және мұхит жағалауларындағы, темір және автомобиль жолдарының бойындағы, рекреациялық мүмкіндіктерге ие (жағажай, емделу және демалыс орындары т.б.) қосымша туристік қызмет орындары және экскурсиялық орындар бар адамдардың танымдық, демалыстық, емделу-сауықтыру қажеттіліктерін қамтамасыз ететін аумақтар. Туристік-рекреациялық зоналарға мысал ретінде Алакол-Балқаш, Іле Алатауы бойын, Щучье-Бурабай аумағын, Ресейдің (Анападан Адлерге дейін) және Грузиялық (Леселидзеде Батумиге дейін) Қара теңіз жағалауы, Қырым жағалауларын т.б. айтуға болады.

Туристік аудан немесе туристік орталық — өзінде және төңірегіндегі орналасқан туристік ресурстар негізінде туристік-экскурсиялық қызмет кешені қалыптасқан аумақ, табиғи нысан, қала. Туристік ресурстар мен нысандар туристік аудандардың немесе орталықтардың төңірегіне шоғырланып орналасады. Олар: туристік базалар, қонақ үйлер, пансионаттар, туристік және экскурсиялық нысандар тамақтану және сауда, спорт орындары т.б. Туристік орталықтарға Мәскеу, Санкт-Петербург, Сочи, Ялта, Бұхара, Сергиев Посад, Алматы, Псков, Самарқанд, Суздаль, Бакуриани, Юрмала қалалары, Эльбурс маңы жатады. Туристік аудандар туристік-рекреациялық зоналар бойында да орналасады. Оған мысал Ресейдің Қара теңіз бойындағы (Краснодар өлкесі) Сочи ауданы және Қырым туристік-рекреациялық зонасындағы Ялта туристік ауданы.

Туристік ресурстар бойынша ерекше орынды туристік нысандар алады. Туристік нысан — аумақтық кеңістікте өзіндік орны бар, тарихи-мемориалдық, мәдени-эстетикалық және танымдық мәнге, қасиетке ие, осыған байланысты

туристердің көңілін аудартып, олардың өзінде болуына жағдай жасайтын жерлер. Туристік нысандарды 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

1) Табиғи туристік нысандар. Олар: табиғаттың көрікті жерлері, рекреациялық орындар, физикалық-географиялық объектілер; шағын көлдер — (Көлсай көлдері, Қайыңды, Үлкен Алматы көлі т.б.); өзендер — (Ертіс, Бзыбь, Кивач, Чусовая, Белая, Чулышман, Катунь т.б.); табиғат ескерткіштері. Табиғат ескерткіштеріне сирек кездесетін өсімдіктер өскен жерлер (Шетен орманы, Таутүрген шыршалары т.б.), әр түрлі бейнелерді елестететін табиғи тасты мүсіндер (Оқжетпес, Шайтан тас т.б.), өзен каньондары (Шарын, Калорадо каньондары т.б.), сарқырамалар (суқұламалар), үңгірлер, вулкан кратерлері.

2) Тарихи туристік объектілер. Олар: қалалардың көне кварталдары, археологиялық орындар, көне мешіттер, мазарлар, шіркеулер, монастырлар, үңгір монастырлері (Киево-Печерска лаврасы), храмдар, синогогтар, пагодалар, мемориалдық-тарихи ескерткіштер, костелдер, тастағы таңбалар мен жазулар, қалашықтар, қамалдар, сарайлар т.б.

3) Әлеуметтік-экономикалық туристік нысандар. Оларға адам қолымен жасалған көрікті орындардың барлығы, олардың ішінде қазіргі заманғы сәулетті үйлер, ірі-ірі комплекстер (кешендер), ботаникалық бақтар, дендрарийлер, мұражайлар, делфинарийлер, океанарийлер, диснейлендтер т.б. жатады. Бұлардың құрамына сондай-ақ шаруашылықтың негізгі салаларына жататын кейбір кәсіпорындарды жатқызуға болады. Қазақстанның мысалында туристер мен экскурсанттар үшін тамақ өнеркәсібі және түсті металлургия салаларына қатысты кәсіпорындарды пайдалануға болады. Алайда нарықтық экономика жағдайында бұл іске аса бермейді. өйткені кәсіпорындар сұраныс пен оның рыноктағы өзгерісіне байланысты жұмыс істейді.

Туристік аудандастырудың таксаномикалық рангасының бірі – туристік-рекреациялық зонаға мысал ретінде Грузияның Қара теңіз жағалауының туристік-рекреациялық зонасы, Ыстықкөл курортты, аймағы, Алакөл-Балқаш, Көкшетау туристік рекреациялық аймақтарын айтуға болады.

Табиғи-мәдени туристік ресурстарға жататын рекреациялық ресурстарды төмендегідей жағдайда бөлуге болады:

1) Емдік ресурстар: минералды сулар, емдік батпақтар, климаттық жағдайлар мен көрсеткіштер.

2) Демалыс-сауықтыру ресурстары: қолайлы ландшафтық-климаттық жағдайлар, өзен-көл торы, теңіз жағалаулары, су қоймалары.

3) Спорттық туризм ресурстары: категориялық маршруттар.

Рекреациялық ресурстар бірнеше қасиеттер бойынша ерекшеленеді.

Комфорттылық — ресурстың туризм мен демалыстың нақты түріне деген сұранысқа сәйкес келу деңгейін анықтайтын қасиет. Сыйымдылық — ресурстардың ұзақ уақыт ішінде адамдардың көптеген топтарының демалысқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жарамдылық жағдайы және түрлі туристік ағындарды өткізу қабілеті. Сыйымдылықты сондай-ақ табиғи-рекреациялық ресурстарға түсірілетін күш көлемі де анықтайды. Сондықтан ресурстарды пайдалануды ұтымды түрде реттеп отыру туристік қызмет үшін

қажетті операция болып табылады. Ол ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге, табиғи ортаның экологиялық тепе-теңдігін сақтайды. Аттрактивтілік-ресурстардың қайталанбастығы, пейзаждық көп түрлілігі (көп келбеттілік), олардағы маусымға және т.б. байланысты ерекше табиғи қасиеттердің болуы, жер бедерінің тарамдалу сипаты, көркемдігі (орман-тоғайлардың, сулы жерлердің көп болуы т.б.). Тиімділік — ресурстарды туризм сферасы (саласы) бойынша игеріп, пайдаланудың мүмкін болатын нақты әлеуметтік-экономикалық ұғым. Комплекстілік (кешендік) — ресурстардың туризм мен демалыстың әр түрлері үшін пайдалануға жарамдылығы.

Әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық туристік ресурстар ірі капиталдарды, инвестицияларды, еңбек, қаражат, өндіріс көздерін қажет етеді.

Оларсыз туризм индустриясының негізгі элементтерінің; тасымалдың, орналастырудың (жататын орын), тамақтандыру мен сауықтырудың қалыпты жұмыс істеуі және сондай-ақ туристік инфрақұрылымның дамуы мүмкін емес. Тиісті туристік инфрақұрылымды қалыптастыруда көлік пен байланысты қатынас құралдарын жетілдіріп дамыту маңызды нәрсе. Ол үшін жолаушылар тасымалып, сауда байланыстарын қамтамасыз ететін темір жолдардың негізгі бағыттарын қазіргі заманғы талаптарға келтіру және халықаралық тасымалдарды қамтамасыз ететін бағыттардағы автомобиль жолдарын оларды қазіргі заманғы халықаралық талаптар деңгейіндегі сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз ете және тез жылдамдықта жүру бөліктерін жасай отырып дамыту керек.

Сонымен қатар аэропорттарды күрделі жөндеуден өткізу, оларда халықаралық стандарттарға сай сервис пен қызмет көрсетуді қалыптастыру, порттарды реконструкциядан өткізу, өзен кемелерінің (жүк және жолаушылар таситын) жұмысын жолға қою, информациялық технологияны дамыту, олардың сапалық жүйелерін жасау туристік инфрақұрылымды жасап, дамытуда маңызды.

Туристік пакет (туристік өнімнің) өндірісінің тұйық айналымын қамтамасыз ету үшін негізгі, қосымша және қосалқы туристік қызмет түрлерін қалыптастырудың технологиялық процесіне ресурстар қажет. Бұл қызметтерді атқаратын ресурстарға финанстық, экономикалық, еңбек және қызмет етудің әлеуметтік ресурстары — тасымалдау, орналастыру, тамақтандыру және сауықтыру орындары жатады. Бұлар туризм индустриясы құрылымының негізгі элементтері болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық туристік ресурстарды класификациялау күрделі, бірақ қажетті нәрсе. Ол бұл қызмет құралдарын белгілі-бір тәртіпке келтіру үшін ғана емес, сонымен бірге туристік қызметтер өндірісі процестерін ұйымдастыру — құқықтық жағынан қамтамасыз ету және оларды стандарттау мен сертификациялау үшін қажет. Әлеуметтік-мәдени-экономикалық туристік ресурстардың жай ғана жасалған тізімі туристік қызмет жүйесінің жалпы көрінісін береді, бірақ халықаралық стандарттар талаптарына сай келмейді.

Туризм мақсаттарына қажетті әлеуметтік-экономикалық ресурстарға, яғни адам қолымен жасалынған объектілер — су қоймалары, саябақтар т.б. жатады.



1)Тасымал құралдары, яғни автотуристерге қызмет көрсететін нысандары бар автомобиль жолдары, теміржолдар, транзиттік сапалы қызмет ету нысандары бар жергілікті, республикалық және халықаралық маңыздағы әуе жолдары, автовокзалдар, теміржол вокзалдары, өзен және теңіз порттары, туристерді қабылдау және оларға қызмет ету пункттері бар аэропорттар, автобустар, поездер, өзен және теңіз кемелері, ұшақтар, экзотикалық туризм үшін қажетті қозғалыс құралдары — катамарндар, дельтопландар т.б.

2)Орналастыру немесе қонақжай орындары: қонақ үйлер, отелдер, мотелдер, флотелдер, пансионаттар, хостелдер (жастар үйі), демалыс үйлері, кемпингтер, орналастырудың экзотикалық орындары: таудағы альпілік жатын жайлар, киіз үйлер т.б. түрлері.

3)Тамақтандыру орындары: мейрамханалар, кафе, бар, асханалар, буфеттер, ұлттық тағамдар орындары т.б.

4)Қайтадан салынған және қайта жарақталынған тарихи объектілер және туристік-этнографиялық орталықтар діни, қажылық, рәсімдік орындар, тұрмыстық және мейрамдық әдет-ғұрыптар, салт-саналар орталықтары, сувенирлік (әшекей) заттар шеберханалары, танымдық және сауықтыру орындары, мұражайлар, мәдени-қойылымдық орындар мен театрлар, сурет галереялары, филормониялары, концерттік және көрмелік залдар, стадиондар, клубтар, казино, ұлттық мәдени орталықтар. Түрлі форумдарды, ойындарды, қауымдық мейрамдар мен шерулерді, конкурстарды, халықаралық фестивалдарды т.б. сауықтыру қызметтерін ұйымдастыратын орындар.

5)Жарнамалық-ақпараттық, қосалқы және қосымша қызмет түрлерін көрсететін, туристік кәсіпорындарды азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ететін шағын және орташа бизнес орындары.

Туристік индустрия мен инфрақұрылымды дамыту үшін туризм үшін қызмет ететін банктер жұмысын қамтамасыз ететін финанстық ресурстар, шет ел инвестицияларын тарту, халықаралық туризм бойынша қызмет ету сапасын жақсартатын дисконттық карточкаларды, түрлі халықаралық чектерді енгізу.

Әлеуметтік-мәдени қызмет нысандарын салу және туристік индустрияны дамыту мақсаттарында көгалдандыру, көркейту нысандарын, ірі құрылыстар мен кешендерді, үйлерді салу, жобалау, қайта жөндеу және қайта жарықтау, жаңалау, өндіріс күштерін, өндірістік, әлеуметтік, инженерлік, көліктік инфрақұрылымдарды, адамның толық мәнді демалысы мен өмір сүруіне қажетті басқа да архитектуралық-құрылыс әрекеттері осы сала бойынша қабылданған заңдар мен заң актілеріне т.б. мемлекеттік талаптарға, аумақтардың жобалану және салыну жағдайларына қайшы келмеуі керек. Бұл жұмыстар архитектуралық-құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді, қабылданған құжаттар мәселелерін сақтаумен, архитектуралық-құрылыс саласы бойынша бақылау мен басқару жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ереже-талаптарын орындаумен ұштасуы тиіс.

Туризмді дамытудың ұзақ мерзімдік жобаларын жүзеге асыру тарихи-мәдени мұра және табиғи-рекреациялық ресурстарды пайдалану, халықаралық, мемлекеттік және жергілікті маңызы бар туристік маршруттардағы әлеуметтік-

мәдени қызмет көрсету нысандарын салу мен туристік орталықтарды кеңістікті түрде орналастыруды ұйымдастыру, туристік іс-әрекеттердің ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз етілуінің заңдылық негізін жасау, сондай-ақ туризм сферасында мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің горизонталды және вертикалды өзара байланыстарының басқару құрылымын құру бойынша оңтайлы шешімдерді талап етеді.

Туристік-рекреациялық кеңістікті шаруашылық жағынан игерудің ұзақ мерзімдік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін белгілі-бір аумақтық құрылым жүйелері керек. Өзара бірлесе әрекет жасайтын және өзара байланысты, меншік формасы, мамандану деңгейі, дәрежелері жағынан әр түрлі туристік-рекреациялық шаруашылықтардың түрлі моделдерін құру — оларды басқарып, жұмыстарын ұйымдастырудың сапалығын көтеру үшін қажетті жұмыс болып табылады. Туризм сияқты әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ауқымды бірыңғай тұтас жүйе құрайтын құбылыстың ішкі құрылымын талдау кезінде оның жеке бөліктерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттерін бөліп көрсету керек. қалыптасқан рекреациялық география дәстүрлері бойынша мемлекеттердің туристік-рекреациялық шаруашылығын, ресурстарын тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беретін ірі туристік-рекреациялық аймақтар туристік-рекреациялық жүйелер бөлініп көрсетілуі тиіс.

Бірыңғай басқару инфрақұрылымы бар туристік-рекреациялық жүйелер көлеміндегі функционалдық белдеулердің, демалыс орындары мен туристік маршруттар топтарының шоғырлануы және кеңістікте ұйымдастырылуы (жобалау, салу, инженерлік-коммуникациялық кешендерді орналастыру) қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Аумақтық-рекреациялық жүйелер рангалық дәрежелер жағынан әр түрлі, олар: халықаралық, мемлекеттік, регионалдық, жергілікті және микродеңгейдегі жүйелер. Халықаралық дәрежедегі таксономикалық жүйеге Дүниежүзілік туристік ұйым мен ЮНЕСКО-ның қатысуы мен шешімдері бойынша қабылданып, жобаланатын (туризмді дамыту үшін) аумақтық кеңістіктер жатады. Мысалы, Ұлы Жібек жолы бойында туристік инфрақұрылымды дамыту жобасы.

Ұлы жібек жолы жоғарғы тартымды табиғат кешендерімен, халықтардың тарихи-мәдени мұралары нысандарының мәліметтілігімен және өзгешелігімен ерекшеленеді. Оған шетел инвестицияларын тарту және шетел туристерін қабылдау үшін қажетті халықаралық талаптарға жауап беретін жоғарғы дамыған индустрия мен қызмет көрсету керек.

Мемлекеттік аумақтық-рекреациялық жүйелер — аудандық, жергілікті және локалдық (микроаудан) деңгейлердегі, мамандандырылуы әр түрлі және туристік-рекреациялық шаруашылықтар инфрақұрылымдары дамуының әр түрлі деңгейіндегі аумақтық-рекреациялық жүйелердің жиынтығы. Қазақстан мысалында мемлекеттік аумақтық-рекреациялық жүйелерге Солтүстік Қазақстан (Көкшетау және Ақмола туристік-рекреациялық кешендері), Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан аумақтық-рекреациялық жүйелері жатады.

Аймақтық аумақтық-рекреациялық жүйелер өзіне бірыңғай инфрақұрылымдарды және жалпы аумақтық маңыздағы объектілерге бірыңғай

қызмет жасайтын локалды туристік-рекреациялық микроаудандарды біріктіреді. Бұл жүйелер туристерге қызмет көрсететін кәсіпорындар мен туристік кешендерді қосып алғандағы бір немесе бірнеше аудандарды біріктіреді. әрбір жеке облыс туристік шаруашылықты дамыту үшін жеткілікті жағдайлар бар болған жағдайда осы дәрежелік деңгейге ие бола алады.

Жергілікті немесе аудандық аумақтық-рекреациялық жүйелерге жергілікті халыққа туристік-рекреациялық қызмет көрсету үшін қажетті жергілікті маңыздағы ескерткіштер мен табиғи ландшафтарды біріктіретін аумақтарды жатқызуға болады. Олар шағындылығымен ерекшеленеді. Қазақстанның мысалында бұндай аумақтық-рекреациялық жүйелерге Орал, Қостанай, Петропавловск, Павлодар, Семей, Қызылорда жатады.

Туристік-рекреациялық микроаудан туристік және рекреациялық арнайы мекемелер топтарын, инфрақұрылым нысандарын, сондай-ақ қызмет етуші адамдар үшін тұрғын үйлер белдеуі бар қызмет жасайтын және қосымша өндірістер кешендерін және тағы басқаларды біріктіретін өндірістік бірлік.

Аймақтық және жергілікті деңгейлердегі аумақтық-рекреациялық жүйелердің қалыптасу жағдайлары өздерінің мүмкіндіктері мен сипаты жағынан әрқалай. Мысалы Алматыдағы, Тараздағы, Түркістандағы халықаралық және жалпы республикалық маңыздағы тарихи қалыптасқан туристік-рекреациялық кешендер бұған дейін қызмет еткен аумақтық-рекреациялық жүйелерді дамыту және қайта жарақтау нәтижесінде пайда болса кейбір туристік рекреациялық кешендер бұрын туризм мен демалыс мақсаттарында пайдаланылмаған аумақтарда қалыптасқан. Туристік-рекреациялық кешендердің игерілген аумақтарға қарағанда әлі игерілмеген аумақтарда қалыптасқаны қолайлырақ. өйткені, бұл жағдайда қажетті қасиеттер мен сапалық деңгейдегі олардың түрлі моделдерін экономикалық жағынан негіздеуге және жобалауға болады.

Аумақтық-рекреациялық жүйелердің қалыптасуы жүретін жағдайларды үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1) Базистік-ресурстық жағдайлар. Туристік-рекреациялық жүйелердің дамуына ықпал жасайтын локалды табиғи және тарихи-мәдени ресурстарды қалыптастыратын жағдайлар (Сарыағаш, Түркістан).

2) Кеңістіктік-экономикалық жағдайлар. Аумақтық-рекреациялық жүйелер кешендері жоғарғы экономикалық даму деңгейіндегі ірі урбандалған агломерациялар негізінде немесе белгілі-бір аумақтың географиялық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты дамитын жағдайлар (Алматы кешені).

3) Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. Туристік-рекреациялық кешендер орналасуы мен деңгейі ұлттық, әлеуметтік, тарихи-архитектуралық, археологиялық т.б. факторлармен анықталатын жағдайлар. Мұнда туристік шаруашылықтың дамуы халықаралық маңыздағы бағалы тарихи-мәдени нысандардың болуына негізделеді.

Аумақтық-рекреациялық жүйе туристік-рекреациялық қызметтерді тұтынушылар тобын, табиғи және тарихи-мәдени шаруашылық кешендерін, туризм инфрақұрылымы нысандарын және басқару органдарын біріктіретін өзара байланысты ұйымдастыру-кеңістіктік, әлеуметтік-мәдени жүйе болып

табылады. Аумақтық-рекреациялық жүйелердің көп функционалдылығын көп жағдайда туристік-рекреациялық қызметтердің тұтынушылары анықтайды. Ол туристік қызметтер рыногының сыйымдылығын, туризм мен демалысқа деген қажеттілік құрылымы мен көлемін белгілеп, туристік сұраныстың таңдамалылығымен және таралуымен, туристік ағындардың маусымдылығымен, көп түрлілігімен, рекреациялық іс-әрекеттердің айналымдылығымен ерекшеленеді. Негізгі анықтаушы ретінде ортада тұрып ол аумақтық-рекреациялық жүйелердің басқа элементтерінің конкуренттілігін (бәсекелестігін) және өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Табиғи және тарихи-мәдени шаруашылықтың кешендер, жүйе элементтері ретінде, заң актілеріне негізделінген жеке дара субъектілер болып табылады. Ресурстар, туристік-рекреациялық қажеттіліктер мен қызмет түрлерін қанағаттандыру, өндіру үшін керекті жағдайлар аумақтық-рекреациялық жүйелер нысандарының орналасуы мен ресурстарды пайдаланудың ұйымдастырушылық-құқықтық негізін анықтайды. Табиғи және тарихи-мәдени кешендер белгілі-бір сыйымдылыққа, қолайлылыққа ие және олар қолдану қорлары көлемімен, таралу аумағымен, маусымдық-климаттық кезеңдерімен және пайдаланудың құқықтық режимімен сипатталады.

Жүйелер құрамына кіретін туризмнің инфрақұрылымдық нысандары туристік сұраныстың негізгі, қосымша және қосалқы қызметтерін (тасымалдау, орналастыру, тамақтандыру, көңіл көтеру) және қызмет етушілер санын да, арнайы бағыттағы қызмет түрлерін де (емдеу-сауықтыру, курорттық, спорттық) қамтамасыз етеді. Территориялық-рекреациялық жүйе инфрақұрылымы туристік-рекреациялық және шаруашылықтың нысандардың жиынтығы болып табылады және сыйымдылық, көп түрлілік, қолайлылық, толымдылық, экологиялық және технологиялық талапқа сайлылық көрсеткіштерімен сипатталады.

Басқару органдары жүйелердің қызмет сапасын және оның жеке элементтерінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, жоспарлау, бағдарламалар жасау, маркетингтік зерттеулер арқылы оның кешенді дамуын, мамандануын жүргізеді, туристік ағынның біркелкі келуін бақылайды. Мемлекеттік басқару органдары сондай-ақ жалпы жеке аумақтар бойынша туризмнің дамуын жоспарлайды. Ол мынадай бағыттар бойынша жүзеге асуы тиіс:

- 1) Аймақтың табиғи мүмкіндіктерін анықтау;
- 2) Аймақтың материалдық-техникалық мүмкіндіктері (туристік кешендер саны, инфрақұрылым жағдайы);
- 3) Жоспарланып отырған, қабылданатын туристер саны;
- 4) Қосымша құрылыстар және күрделі жөндеу үшін шығындар;
- 5) Қажетті қызметшілер саны;
- 6) Туристік қызмет ету нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті бюджетке түсетін ақша көлемі.

Туристік ресурстар мен мүмкіндіктердің таралуына табиғи (теңіз жағалауларының, көлдер мен су қоймаларының болуы, жер бедерінің сипаты, радиация, температура, ландшафт жағдайы т.б.) және әлеуметтік-экономикалық

(демографиялық жағдайлар, халықтың материалдық, әлеуметтік, мәдени деңгейлері, мемлекеттердің жалпы экономикалық даму деңгейі т.б.) факторлар әсер етеді.

*Туристік жорықтар туризмнің негіздерінің бірі ретінде, олардың түрлері және оларды ұйымдастырып өткізуге байланысты кейбір мәселелер.*

Туристік жорықтар — адамдар үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Олар халық арасында кең таралған және ұйымдастыру, өткізу жағынан, материалдық шығындар жағынан тиімді. Туристік жорықтарды кез келген дерлік уақытта (туризмнің жорықтарға байланысты жеке түрлері бойынша) және кез келген жерлерде жүргізе беруге болады.

Туристік жорық дегеніміз алдын-ала дайындалған жаңа немесе белгілі маршрут бойынша, әр түрлі танымдық, сауықтыру, спорттық, оқу жаттығу үшін т.б. мақсатпен жүріп өтуге бағытталған жұмыстар. Туристік жорықтар ұзақтығына қарай бір немесе екі күндік және көп күндік болып, туризмнің түрлеріне және қозғалыс түрлері мен құралдарына байланысты жаяу, шаңғы, тау, су, вело-, автомото- және спелео- (үңгір) жорықтары болып бөлінеді. Көп күндік жорықтар категориялық спорттық және категориялық емес болып ажыратылады. Категориялық жорықтардың туризмнің жеке түрлері бойынша кестесі төмендегідей. Бұл кестеде жеке категорияларға қажетті ұзақтық (күнмен есептелгендегі) жеке ұзындық (км-мен есептелгендегі) көрсетілген.

Жорықтар күрделілігінің категориялары	1	2	3	4	5
Кез келген туризм түрі бойынша күнмен есептегендегі ұзақтығы (кемінде)					
	<b>6</b>	<b>8</b>	<b>10</b>	<b>13</b>	<b>16</b>
Жаяу туризм	130	160	190	200	250
Тау туризмі	100	120	140	150	160
Шаңғы туризмі	130	160	200	250	300
Су туризмі	150	175	200	225	250
Велосипед туризмі	250	400	600	800	1100
Мототуризм	1000	1500	2000	2500	3000
Автотуризм	1500	2000	2500	3000	3500
Спелеотуризм (үңгірлердің саны)	5	4-5	1-2	1-2	1

Туристік жорықтардың ерекшеліктері — оларды кемінде 4 — 6 адамнан тұратын туристік топтың қатысуы. Туристік топ құрамы, туристер саны жорық

түріне, өткізіліп отырған ауданға, маршруттың күрделілігіне байланысты. Жорықтарға байланысты екінші ерекшелік түрлі табиғи кедергілерден өту қажеттілігі. Кедергілер сипаты туризмнің жеке түрлерімен (жаяу, тау, велосипед, су туризмі т.б.) анықталады. Жорықтарды өткізуге ауа-райы жағдайлары әсер етеді.

Түризмнің жеке түрлері бойынша жорық өткізу үшін өткізілгелі отырған ауданның табиғи ерекшеліктері бойынша белгілі-бір қолайлы мерзім таңдалып алынады. Бұл сол ауданның климаттық ерекшеліктеріне, ерекше маусымдары бойынша ауа-райымен тығыз байланысты.

Жорықты өткізу мерзімін таңдап алу оған дайындық кезеңінде жүргізілетін көптеген жұмыстардың бірі. Жалпы жорықты ұйымдастырып, өткізуді үш кезеңге бөліп қарастырады. Олар — дайындық, өткізу және қорытынды кезеңдер. Жорық мерзімін таңдаудағы негізгі мақсат адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жорықтың табысты өтуі оған деген дайындықтың жан-жақты, жақсы болуына байланысты.

Дайындық кезеңіндегі жүргізілетін екінші жұмыс — жорық маршрутын құру. Егер маршрут бұрыннан белгілі болса ондағы болған өзгерістер жайлы соңғы әр түрлі информациялық көздерден деректер жиналады, олар талданып, жорық жоспарына, календарлық графикке түзетулер енгізіледі. *Календарлық график* — графиктік не таблицалық (кестелік) түрде берілетін маршрут бойынша жүріп өтудің жеке кезеңдерін уақытқа, жеке күндерге байланысты жалғаспалы түрде болу. Календарлық график алдын-ала жасалынатын болса жеке үндер бойынша маршрут бөліктерін жүріп өту жоспарланады, түнейтін орындар мен демалыс орындары анықталынады, отын және су мәселелері, табиғи апаттар мен қиындықтардан сақтану жағдайлары қарастырылады. Яғни, календарлық график құру мен маршрутты дайындау қатар жүргізілетін жұмыстар.

Календарлық график жорық кезінде немесе ол аяқталған соң да жасала береді, жорық жайлы есепке енгізіледі. Календарлық график құру кезіндегі маңызды мәселе контрольдық және календарлық уақыттардың көрсетілуі. *Календарлық уақыт* — алдын ала жоспарланатын жеке күндер бойынша маршрутты жүріп өту уақыты. *Бақылаулық уақыт* — маршрутты жүріп өтуге қажетті уақыттан басқа, адамдардың демалысын ұйымдастыруға, адам ауырған жағдай үшін, құрал-жабдықтарды жөндеу және нашар ауа-райына байланысты, сондай-ақ календарлық уақыт өткен кезде туристік топты іздеуді ұйымдастырудың мерзімін белгілеу үшін қажетті уақыт. Жорық маршрутын құру кезінде маршрут сызығының қандай жерлермен өтетіндігі анықталынып, ол жеке күндер бойынша бөліктерге бөлінеді. Жорық мерзімімен маршрут анықталынып, құрылып болған соңғы дайындық жұмыстарының келесі тобы — адамдарды жорыққа дайындауға және жорық құжаттарын жасауға, әзірлеуге бағытталады. Ең алдымен орындалатын жұмыс — туристік топты жасақтау. Топ құрамына жорық тәжірибеге жеке дайындығы бар, жарамды, денсаулығы жорық жағдайына мүмкіндік беретін адамдар алынады. Топ құрамы анықталынып болған соң топ мүшелерінің дене және техникалық дайындығы басталады. Дене дайындығы кезінде топ мүшелері жорық маршруты ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы

және толық шыдамдылықты қалыптастыратын дайындықтан өтеді. Ол үшін әр түрлі дене жаттығулары бар. Техникалық дайындық маршрутта кездесетін кедергілерден өту үшін арнайы жаттығулар және бір күндік, бір-екі күндік жаттығу жорықтары түрінде, арнайы құрал-жабдықтары қолдана отырып жүзеге асады.

Дайындық кезеңінде орындалуы тиіс келесі жұмыс — топ мүшелерінің жорыққа жарамдылығы анықтау үшін медициналық тексеруден өтуі. Тексерден өту нәтижесінде олар өздерінің денсаулығы туралы анықтама қағазды тұрғылықты жерлері бойынша тіркелген медициналық пункттен алады. Ол құжатты жорықты ұйымдастырушы ұйым, спорттық жорықтарда Маршруттық-квалификациялық комиссия (МКК) талап етеді. Медициналық тексеру екі рет жүруі тиіс: 10-15 күн бұрын және жорыққа шығар алдында.

Дайындық кезеңінде жорық құжаттары дайындалады. Ұйымдастырушы ұйымды топ мүшелерінің тізімі жасалып, бекітіледі, топ жетекшісі тағайындалады. Ол үшін арнайы бұйрық шығарылады. Жорықтың өзіндік құжаттары маршруттық кітапша не маршруттық парақ деп аталынады. Маршруттық кітапша алыс қашықтықтарға жасалынатын категориялық спорттық жорықтар үшін, ал маршруттық парақ спорттық жорықтар үшін де көп күндік категориялық емес жорықтар үшін де пайдаланады. Бұл құжаттарда жорық өтетін аудан, жорық маршруты мен оның жеке бөліктері, жорықтың өткізілу уақыты, қатысатын адамдар (аты-жөндері, мекен-жайлары, туған жылы мен күні, денсаулығының жарамдылығы, жорықта атқаратын міндеті) жайлы мәліметтер жазылып, маршрут бөліктерінен өту жеке күндер бойынша көрсетіледі (календарлық график), маршрут схемасы сызылады.

Аталынған құжаттар бірнеше жерде тіркелуі тиіс. Жорықты ұйымдастыратын ұйымда, жорыққа деген дайындықты тексеріп, оған рұқсат беретін маршруттық-квалификациялық комиссияда (спорттық туризм федерацияларындағы) және бақылаулық-құтқару қызметінде. Жорық құжаттарында оның бақылаулық уақыт біткеннен соң туристік топ оралмайтын болса, құжаттарда көрсетілетін жорық мәліметтері бойынша (жорық өтетін аудан, жорық маршруты, календарлық график және жорық маршрутының схемасы) жоғарыда көрсетілген құжаттар тіркелетін орындарда туристік топты іздестіру ұйымдастырылады. Жорық құжаттарының бір данасы туристік топ жетекшісінде болуы тиіс, өйткені ол бұл құжатты маршрут бойында мүмкін болатын тиісті табиғат қорғау, шекаралық т.б. орындар өкілдерінің тексерулері кезінде көрсетеді.

Дайындық кезеңінде атқарылатын жұмыстардың келесі тобы жорықты материалдық жағынан және қажетті нәрселермен қамтамасыз етуге бағытталады. Азық-түлік тізімі жасалынып, оның жеке азық-түліктер бойынша және жалпы бағасы, мөлшері (салмағы) шығарылады. Азық-түлік мөлшері жорыққа баратын адамдар санымен және жорық күндері санымен анықталады. Азық-түліктің тізімін жасау кезінде, алғаш бір адамға қажетті азық-түліктің салмағы анықталынып (бір күнге қажетті), ол жалпы адам санына көбейтіледі. Бұл бір күнге және барлық адамға қажетті азық-түлік мөлшері. Шыққан сан жалпы күн

санына көбейтіледі. Алайда, алынған сан нағыз қажетті азық мөлшерін көрсетпеуі де мүмкін, өйткені азық-түлік түрлері әр түрлі болғандықтан, олар бір күнде бір рет қана пайдаланылады деп есептеледі де, 3-ке бөлініп 1/3-і қалтырылады (негізгі пайдаланылатын азық-түлік түрлері бойынша). Мысалы,  $100 \text{ г} \times 20 \text{ адам} = 4000 \text{ г} \times 7 \text{ күн} = 28\,000 \text{ г} / 3 = 9333 \text{ г}$ . Азық-түлік тізімі кесте түрінде жасалынады да, онда жоғарыда көрсетілген мәселелерге байланысты графалардан басқа азық-түліктердің сол кездегі бағалары бойынша бір азық-түліктің бір килограммының және барлық мөлшерінің бағалары көрсетілген графалар болады. Азық-түліктердің барлық жалпы салмағын және жалпы барлық бағасын анықтау үшін салмақтары және жалпы бағалары көрсетілген графалар бойынша келтірілген сандарды бір-біріне қосып, тиісті графалардың аяқ жағына алынған сандарды жазып қою керек. Алынған азық-түлікті тасымалдау үшін оның белгілі-бір мөлшерін асыра тасымалдау (заброска) қолданылады, яғни көлікті пайдалана отырып, азық-түлік мөлшері маршруттың кейінірек жүріп өтілетін бөлігіне апарып, белгілі-бір жерде сақтай тұру ұйымдастырылады. Немесе алынған азық-түлік мөлшерін топ мүшелеріне тасымалдау үшін бөліп береді. Мысалы барлық азық мөлшері 100 кг, ал топ мүшелері саны 10 болса, әрқайсысының арқақабына 10 кг-нан азық болуы керек. Арқақапқа салынатын азық-түлік түрлері бүлінбес үшін, оларды ортаңғы және беткі жақтарға орналастырады. Сынатын ыдыстағы азық-түлік арқақап түбіне салынбауы тиіс. Жалпы қолма-қол керек болып қалатын заттар арқақап бетіне жақын тұрғаны дұрыс. Арқақапты асынған кезде оның таспалары бос болмай, арқаға жабысып тұруы керек.

Жорықты материалдық жағынан қамтамасыз етуге бағытталатын екінші жұмыс-жорыққа қажетті құрал-жабдықтарды дайындау. Жалпы жорықтар үшін керекті құрал-жабдықтарды 3 түрге бөліп қарастыруға болады. 1) Маршруттағы кедергілерден өту үшін қолданылатын арнайы құрал-жабдықтар (арқан, альпеншток, мұз ойғыш, карабин т.б.). 2) Туристік топқа ортақ құрал жабдықтар (шатыр, балта, компас, карта, тамақ пісіретін ыдыстар мен ошақ құралдары т.б.). 3) жеке адамдарға арналынған құралдар (киім-кешек, жуынатын заттар, арқақап, жатын қап т.б.). құрал жабдықтардың жеке түрлері бойынша толық тізімдері осы оқулықтың қосымшаларында беріледі. Құрал-жабдықтар дайындығына әсер ететін жағдайлар — адамдар саны, жорық маршрутында кездесетін кедергілер түрлері және жорық өтетін ауданның табиғи-климаттық ерекшеліктері. құрал-жабдықтардың кейбірелері жорықтар бойынша туризмнің барлық түрлерінде қолданылса, кейбірі жеке туризм түрінің өзіндік ерекшеліктеріне сай сол түрі бойынша ғана өткізілетін жорықтарда қолданылады. (Мысалы, шаңғы туризміндегі примус, пеш, немесе су туризміндегі судан, суықтан, қорғайтын комбинезон, құтқару киімдері т.б.). құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар — олардың көлемінің шағындығы, сенімділігі, жорық-жағдайларындағы қолайлылығы, жеңілділігі.

Жорыққа дайындық кезеңінде жорық шығыны анықталынады. Ол үшін жұмсалынатын шығындар (азық-түлікке, көлікке, құрал-жабдықтарды жалға алуға, қосымша құралдарды сатып алуға т.б. кететін шығындар) жеке-жеке



есептеп алып, оларды бір-біріне қосу арқылы жалпы жорық шығынын шығарады. Жорық шығынын есептеу (смета) жорықты өткізуді алдын-ала жоспарлау үшін де керек. Бұл тұрғыда шығындар маршруттың көліктік бөлігін қосып алғандағы барлық жеке бөліктері бойынша есептелінеді.

Туристік жорықтарды ұйымдастырып, өткізудің дайындық кезеңінен кейінгі екінші кезең — өткізу кезеңі. Жорық кезінде топ мүшелері колонналық тәртіппен, яғни бірінен-кейін бірі жүруі керек. Алдымен топ бастаушы жүреді. Ол туристік топқа қажетті белгілі-бір жүру жылдамдығын сақтайды, ең қолайлы және қауіпсіз жолды таңдап алады, қажет болған жағдайда қалған туристер өту үшін, басқалардың көмегіне сүйене отырып, жол дайындайды (мысалы, шаңғы жолын салады, сақтандыру арқандарын іледі, мұздақ болатын жерлерді шауып әзірлейді т.б.), өзінен кейінгі келе жатқандарды жолдағы кедергілер мен қауіп-қатерлер туралы ескертеді, жүру мен қысқа демалыстар ұзақтығына бақылау жасайды, демалыс үшін орындар таңдап, іздестіреді. Жай уақытта топ бастаушы туристік топтағы барлық туристер үлгеретіндей, бірқалыпты жылдамдықты ұстайды. Алайда, кедергіден өткен соң (мысалы бұлақтардағы, өзендердегі көлденең бөренелерден т.б.) топ мүшелерінің араларының алшақтануы себепті ал қалғандары келіп жиналғанша жылдамдықты бәсеңсітеді, қозғалыс кезінде ал, егер біреу-міреу қалып қойған жағдайда топты дер кезінде тоқтату үшін топ соңындағы адаммен ұдайы байланыста болады. Топ соңындағы адам да тәжірибелі, дене күші жағынан мықты туристер қатарынан болуы тиіс.

Бағдарлау мүмкін болмай қалған жағдайда топ бастаушының жолдастарымен не жергілікті тұрғындармен кеңескені дұрыс. Ол бұндай кездерде жақын тұрған биік жерге не ағаш басына шығып, белгілі бағдарларды табуға тырысады, болмаса жан-жаққа 2 — 3 адамнан, белгілі-бір келісілген мерзімге барлауға жібереді. Бұл кезде қалған адамдар алыстан жақсы байқалатын бағдар жанына барлаушылардың топқа қайтып оралуын жеңілдету үшін орналасуы тиіс. Топ бастаушы күн сайын маршрутқа шығу, белгілі-бір бағдардан немесе кедергіден өту, қысқа демалыстарға тоқтау және одан ары жылжу уақыттарын белгілеп отырады. Жорықтар кезінде көбінесе топ бастаушының рөлін топ жетекшісі атқарады.

Топ мүшелерінің арасындағы арақашықтық туризмнің жорықтар бойынша жеке тұлларының ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болады. Жорық кезінде сонымен қатар туристердің жүру жылдамдығы мен бір күндік жүріп өту қашықтығы, жүріс пен демалыстардың уақытпен есептелгендегі ара-салмағы және туристік топ мүшелеріне түсірілетін күш (арқақап салмағы, бір күндік қашықтық) әр қалай болады. Оларға әсер ететін факторлар мыналар: адамдардың жас ерекшелігі, маршруттың жалпы ұзындығы мен ұзақтығы, жергілікті жер жағдайлары, ауа-райы жағдайлары, жорықтың мақсаты. Ара қашықтық, жүру жылдамдығы мен жүріп өту қашықтығы, жүріс пен демалыс ара-қатынасы оқу бағдарламасы бойынша. “Туризмнің техникасы мен тактикасы” және “Туристік-өлкетану жұмысы әдістемесі” пәндері бойынша толығырақ қаралады.

Жорықтар кезінде түскі үлкен үзіліс және түнгі түнеу үшін бивуак (бивак) ұйымдастырылады. Бивуак — жорықтар кезіндегі туристердің тамақтануы мен

демалысын қамтамасыз етуге қажетті орындар мен жұмыстар. Туристік топ мүшелері, әдетте, бивуакта тәулігіне 10 — 14 сағаттай болады. Олар лагерь құрып, оны жабдықтайды, тамақ әзірлейді, киімдер мен құрал-жабдықтарды жөндеуден өткізеді, келесі күнге дайындалады, демалады. Бивуакты тегістеу, құрғақ алаңдар мен алаңқайларда, тастар құламайтын, сел, су тасқындары, қар көшкіні болмайтын, найзағай тікелей түспейтін жерлерге құрады. Тұрақ орны желден жақсы қорғалған және жабдықтауға жеңіл болуы тиіс. Бивуак орнына жақынырақ жерде ауыз су көзі болуы керек.

Таулы жерлерде бивуакты талдар мен жар тастардың шығыңқы жерлеріне, төбелі жерлер мен тік беткейлердің астына науашықтар (кулуары) мен олардың шығатын жайылма жерлеріне (конусы выноса кулуаров), жылжымалы немесе мұз беткейлерде жатқан қорымдар үстіне, мұздардың активті қозғалысы белдеуіндегі мұздақтар жарықшақтарына ұйымдастыруға болмайды. Бивуак ауа-райының кенеттен бұзылуына есептелініп құрылуы керек. Күн күркіреуі пайда бола бастаған кезде барлық металл заттары біріктіріліп, тұрақтан 15 — 30 метр жерге апарылып қойылады. Бивуакты жоғарғы биіктіктерде, төменгі температурада, ауа-райының бұзылу кезінде, қатты жел соққан кезде және бір жерде 2 рет, одан да көп түнеулер ұйымдастырған кезде қолайлы, жайлы түнеп шығуды қамтамасыз ету үшін және құрал-жабдықтардың сақталуы үшін қар үйшігін жасау немесе үңгір ою қажет. Қар үйшігі 4 — 6 адамға арналады. Адамдар көбірек болса бір-біріне жақын етіп 2 — 3 үйшіктер не үңгірлер жасайды да оларды бір-бірімен қуыстар арқылы жалғайды.

Бивуак үшін орынды ертерек, жарық кезде таңдап алу керек. қараңғы кезде немесе тұман кезінде амалсыз тоқтағанда таңдап алған орынның қауіпсіздігін тексеру үшін төңіректі 200 — 300 метрлік радиуста қарап шығу керек. Ұйқы алдында шатырлардың дұрыс бекітілгенін, заттардың желден, жауыннан сақталу үшін жабылғанын тексеріп, бивуактан кетер алдында заттардың қалып қоймағанына, тұрақ орнының жиналғанына, оттың сөндірілгеніне бақылау жасау қажет.

Су жорықтарында бивуак орнына қосымша талаптар қойылады. Өзен жағасы жүзу көлігінің тоқтауы мен шығарылуына қолайлы болуы керек. Жағада оларды орналастыратын алаңқайлардың (биіктігі су деңгейінен 3 — 4 метрден кем емес), шатырларды тұрғызу және от жағу үшін орындардың болуы (су деңгейінен 5 — 6 метрден төмен емес) қажет етіледі. Бұдан басқа тұрақ орны жақсы желденіп тұруы керек, бұл су маңдарында көп болатын қан соратын насекомдардың (маса т.б.) санын азайтады. Таулы аудандарда тұрақ орны таңертең күн сәулелері түсетін жерде болуы тиіс. Су туристері, әдетте, бивуакты саланың негізгі өзенге құятын жерлеріне құрады. Бұл жерлерде балық жақсы ауланады.

Су жорықтары кезінде бивуак орнын жұмыс күнінің жоспарланған сақталуына 30 — 40 минут қалғанда таңдай бастайды. Жергілікті жерге шолу жасау жағаны қараудан басталады. Көбінесе бұрынғы тұрақ орындары мен от жаққан жерлерді пайдаланған дұрыс. Бивуакты аралдарда құруға болмайды — түнде су деңгейі көтерілуі мүмкін. Түнеуге тоқтаған соң туристер жүзу

көліктерін босатып, оны (селдерден басқасын) жағаға шығарады. Жағада тұрақтау кезінде барлық жүзу көліктері (оның ішінде жағада жатқандары да) байланып бекітілуі керек. Бивуак кезінде су туристері әдетте киімдерді құрғату үшін екінші от жағады. Егер ауа-райы жауынды болса бивуак ұйымдастыруды шатыр мен лагерлік бүркемені орнатудан, заттарды жауыннан сақтап жабудан бастайды.

Спелеожорықтарда бивуакты немесе жер асты лагерлерін, әдетте күрделі көп күндік үңгір маршруттарынан өту кезінде ұйымдастырады. Жер асты жағдайларының ерекшеліктері (жоғары ылғалдылық, төменгі температура, табиғи жарықтың болмауы және кеңістіктің тарлығы) жер үсті бивуагымен салыстырғанда лагерді жабдықтауға жоғарғы талаптардың қойылуын негіздейді. Жер асты бивуагын құру кезінде қалдықтар мен қоқыстар салатын орынды дайындап қою керек, қоқыстар мен қалдықтар лагерь жиналып алынған соң жоғарыға шығарылады. Бивуак тасқын сулардың мүмкін болатын деңгейінен жоғары, тас құлайтын бөліктерден алыс орнатылады. Бивуакта демалыс үшін жеткілікті дәрежедегі жайлылықты (киім ауыстыру, киім кептіру, тамақ әзірлеу мүмкіндіктері) қамтамасыз ететін капроннан жасалынған кең шатырлар қолданылады. Мүмкіндігінше жылу сақтайтын төсеніш (кілемше) және капронмен қапталынған көп орынды жатын қаптар болғаны дұрыс. Шатыр үстінен су өткізбейтін заттан бүркеме тартылады. Жер жағдайына және тұрақ орынның сулану деңгейіне қарай шатырды жерге болмаса ілінбелі қондырғыға (платформа, табан аяқтардың қолданылуы мүмкін) орнатады. Түнеуді сондай-ақ жылу сақтайтын бүркемелер көмегімен ұйымдастыруға болады. Жер асты бивуагы кезінде керекті тіршілікті қамтамасыз ететін заттар тобына жарық беретін заттар, азық-түлік қоры, бензинмен, парафинмен, газбен не құрғақ отынмен жанатын шам-шырақ, ас ішетін ыдыс, дәрі-дәрмек жинағы жатады. Жер асты лагерімен ұдайы телефон (немесе рация арқылы) байланысты қалыптастырылады.

Жорық кезіндегі жылдамдық жаяу туризм бойынша орташа есеппен бір тәулікте (оның 8 сағаттық жарық бөлігінде) 30 км, тау туризмі бойынша 20 км. Сағатына шаққанда бұл жаяу туризм бойынша шамамен 4 сағатқа, тау туризмі бойынша 2,5 сағатқа дәл келеді. Алайда бұл көрсеткіш қысқа және түскі демалыстардың болатыны себепті ұдайы сақталынбайды. Туризмнің басқа түрлері бойынша тәуліктік жылдамдық олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады. Ол жайында «Туризмнің техникасы мен тактикасы» тақырыбында толығырақ қарастырамыз.

Жаяу және тау туризмі бойынша жүру мен қысқа демалыстардың арақатынасы 40 минутқа 10 — 12 минут, күрделі, тік беткейлі, кедергілі жерлерде 15 — 20 минутқа 10 — 15 минут. Үлкен түскі демалыстар жорық мақсатына, адамдардың жас ерекшеліктеріне, жер жағдайына, қалыптасқан жағдайға, календарлық графиктің орындалу барысына байланысты 30 минуттан 3 сағатқа дейін созылады. 3 сағаттық демалыс кезінде міндетті түрде ыстық тамақ дайындалып, адамдар дем алады. 30 минуттық қысқа түскі демалыстар жоғарыда

көрсетілген жағдайлардан басқа ыстық тамақ жасауға мүмкін болмай қалған кездерде, мысалы, отын жоқ жерлерде болады.

Жорықтар кездеріндегі түсетін күш мөлшері, яғни рюкзак салмағы жас ерекшеліктеріне және жынысына байланысты әр қалай болады. Шағын жорықтарға оқушылар 11 жастан бастап қатыстырылатындықтан оларға түсетін жүк салмағы ер балалар үшін 10 кг, қыз балалар үшін 8 кг. Одан ары үлкен жас ерекшеліктері бойынша салмақ мөлшерлері мынадай: 12 жас 11 — 9 кг,

13 жас 12 — 10 кг,

14 жас 13 — 11 кг,

15 жас 14 — 12 кг,

16 жас 15 — 13 кг,

17 жас 16 — 14 кг,

18 жас 17 — 15 кг,

18 жастан ер адамдар үшін 50 жасқа дейін, ал әйел адамдар үшін 40 жасқа дейін арқақап салмағы ер адамдар бойынша 25 кг-ға дейін, әйел адамдар бойынша 20 кг-ға дейін болуы тиіс. Ер адамдарда 50 жастан, әйел адамдарда 40 жастан соң жүк салмақтары ер адамдар бойынша 20 кг дейін, әйел адамдар үшін 15 кг дейін. Жалпы арқақап салмағы адамның өзінің дене салмағының жартысынан аспауы керек.

Жорықтарда кездесетін қауіп-қатер түрлерін бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

1) Жер бедеріне байланысты пайда болатын қауіптер. Оларға тау ауыруы, көздің жасаурауы, селдің және қар көшкінінің болуы жатады. Тау ауыруы мен көз жасаурауына байланысты мәселелер осы оқулықтың “Алғашқы медициналық көмек” бөлімінде қарастырылған болатын. Қар көшкіні — тау беткейлерінен құлап немесе сырғып түсетін қар көлемі. Қар көшкіні жылдық, тәуліктің кез-келген уақытында пайда болуы мүмкін. Қар көшкінінің жүруі мынадай жағдайларға байланысты.

2) Жылылық кезде немесе жауыннан соң беткі төсеніш қабат пен қар қабаты арасындағы ылғалдық пайда болып, қар қабатына судың сіңіуі.

3) Қардың төменгі қабаттарындағы бос, бір-бірімен байланыссыз түйдектердің пайда болып олардың үстімен жоғарғы қар қабатының сырғанауы. Қозғалу сипаты бойынша қар көшкіні беткейдің тұтас бойымен, сайлар мен өзектерді бойлап және төбелерден секіре жүреді. қар тығыздығы 30 — 800 кг/м<sup>3</sup> аралығында, жүру жылдамдығы 20 м/с — 60 м/с шамасында болады. Арнайы құрылған қызмет органдары қар көшкіні туралы қауіпті жағдайда тұрғындарды, туристік ұйымдарды хабардар етіп отырады. Мүмкіндігінше жорық кездерінде қар көшкіні болуы мүмкін жерлерден алыс жүріп, оларды айналып жүру керек.

Егер тауда 30 — 50 см қалыңдықта қар жауса, биік таулы немесе ормансыз белдеуге баруды 2 — 3 күн қоя тұру керек. Қар 50 см-ден артық жауса жорыққа шығу 4 — 5 күннен кейінгі белгіленеді, бұның өзінде де қар көшкінінің болу мүмкіндігі сақталады. Әсіресе V-тәрізді аңғарлар, ойыстар, сайлар, өзектер мен олардың астыңғы беткейлері және қалың қар қабатымен жабылған ашық, тік беткейлер қауіпті. Қауіпті белдеуден өтудің ең дұрысы жер бедерінің шығыңқы

формалары арқылы — кең контрфорстармен, жолдармен, ағаш, бұталар өскен жерлер мен жар тасты бөліктермен тұру керек.

Қауіпті белдеуді бір-бірлеп 100 м дейінгі (ашық беткейлерде) ара қашықтықты сақтап өтеді. Қозғалу кезінде ең дұрысы беткеймен бір ізбен тек қана жоғары, амалсыз жағдайда ғана қиялап жүру керек. Өйткені көлденең (горизонтальды) жүру қар қабатын “кесіп” қардың төсеніш бетімен бекіну күшін бұзып, қар көшкінін тудыруы мүмкін. Қауіпті белдеуде тұрған кезде шулауға, қатты сөйлеуге болмайды. Нұсқаулар ақырын дауыспен немесе ыммен беріледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін топтан бір немесе бірнеше адамды бөледі, олар көшкін бола қалған жағдайда ол туралы түрлі жолдармен (айғайлап немесе т.б.) белгі береді. Кейде қар беткеймен ешбір дыбыссыз жылжиды. қауіпті бөлікке шығар алдында барлық жорыққа қатысушылар беліне немесе қолының шынтақтан жоғары жағына қар көшкіні жібін іледі. Бұл жіп 15 — 25 м, қарда тез байқалатын ашық түсті болуы керек. Туристің қар көшкініне түскен жағдайында жеңіл жіп қар үстіне шығып қалады да, ол арқылы көміліп қалған адамды тауып алады. Дәрі-дәрмек қорапшасы, қар көшкіні күрегі және таяғы бақылаушыларда немесе соңында жүретіндерде болады. Қар көшкіні күрегі қар басып қалған адамдарды қазып алу үшін, фирма мен қардан үйшіктер мен желден қорғалатын қабырғалар тұрғызу үшін т.б. мақсаттарға пайдаланады. қар көшкіні таяғы қар астындағы адамды, жабық, қармен бүркелген жарықшақтарды түртіп табу үшін қолданылады.

Қар көшкіні болған жағдайда қауіпті белдеудің жерден тезірек кету керек. Ең дұрысы айналма жолмен түсіу қажет. Егер ол жерлерден кету мүмкін болмаса, тез арада мұз ойғыштан, арқақап, шаңғыдан босану керек. Ол үшін қауіпті беткейге шығар алдында арқақаптың бел таспасын шешіп, қолды мұз ойғыштың қол ілмегінен шығарып, шаңғының ұзын таспалы бекітулерін босатады. қар түспес үшін ауызды және мұрынды мойын орағышпен не свитердің жағасымен жауып қол аяқтармен жылдам жүзу қимылдарын жасап, қар көлемінің жоғарғы бетінде қалуға және мүмкіндігіне қарай қар көшкінінің шетіне қарай жылжуға тырысу қажет. Қар астында қалған жағдайда тізені ішке қарай жақындатып, бүгілген қолдармен бетті жабады, осымен бір мезгілде еркін тыныс алу үшін ауыз бен мұрын алдындағы қарды сығады. Қар көшкіні тоқтаған кезде қар астынан босанудың барлық қамын бірден жасау керек, өйткені қозғалмаған жағдайда қар тез тығыздалып, қатып, көшкін астында қалған адамды шығармай тастауы мүмкін. Егер өз бетінше босанып шығу мүмкін болмаса салқынқандылықпен, күш пен ауаны үнемдей отырып және ұйқыға бой алдырмай көмек күту қажет. құтқарушылардың қадамдары мен дауыстарын естіген жағдайда айқайлау керек. Бірнеше тәуліктен соң адамдарды қар астынан тірі алып шыққан жағдайлар белгілі. Қар көшкініне түскен адамның қозғалуын бақылаушылар байқап тұрып, оның маңындағы қардың тоқтаған жерін белгілеп, көшкін таяғын, т.б. құралдарды пайдаланып шығарып алады, алғашқы медициналық көмек көрсетеді, адам табылмаса арнайы құтқарушыларды не жақын маңдағы елді мекеннен адамдар шақырады. Қар көшкіні кезінде сондай-ақ 50 — 100 м-лік ауқымды рациялар пайдаланылады.

Жорықтар кездерінде жер бедеріне байланысты қауіптермен қатар ауа-райына байланысты (жоғары және төменгі температура, боран, жауын-шашын т.б.), туристердің мінез-қылықтарына байланысты (рұқсатсыз топтан қалып қою, басқа жаққа кетіп қалу, жетекшіге бағынбау т.б.) кейбір жәндіктерге байланысты (кенелер, қаракұрт т.б.) және жетекшіге байланысты (дайындықтың дұрыс өткізілмеуі, қажетті заттардың, құралдардың алынбауы, маршрутты дұрыс білмеу т.б.) қауіп түрлері кездеседі. Жетекші жорық кезінде қалыптасқан жағдайларға байланысты, кедергілерден өтуге, түнейтін жерді таңдап алысуға не алдын ала белгілеуге, кедергілер сипатына және жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты құралдар мен тәсілдерді таңдап алуға байланысты дұрыс шешімдер қабылдауға тиіс. Сондай-ақ ол маршруттың бөліктерін анықтау, кедергілер сипатын білу үшін барлау ұйымдастыруы мүмкін. Барлау негізінен бивуак кезінде кешке қарай, таңертең және тұман кезіндегі бағдарлау қиындаған жағдайда жасалынады.

Тау жорықтарында түнеу асулар алдында ұйымдастырылады да, асудан өту таңертеңгі қатқақта басталады, бұл жүруді жеңілдетеді. Түнеу кезіндегі шатыр тігудің өзіндік тәсілі бар. Алдымен шатыр түбіндегі (төсенішіндегі) бұрыштар бекітіліп, сонан-соң барып алдыңғы және артқы маңдайшалар тартылады, соңынан орта шендегі бүйір бұрыштар шығарылып тартылып бекітіледі. Шатырды жинаудың да амалы бар, ол үшін оны жайып қабының ұзындығындай көлемде қабаттап асып бүктеп байлайды. Тіккен кезде бұрыштар қазықтармен немесе тастармен бекітіледі не ағаш, бұталарға байланады.

Қорытынды кезеңде жоспарлы туризм бойынша туристік топ жетекшісі жұмыс және қаражат жайлы есеп береді. Мектеп туризміне жорықтар өлкетануға байланысты, көбірек өткізілетіндіктен жорық қорытындысы бойынша іс-шаралар (диспуттар, конференциялар, кездесулер, көрмелер және мұражайлар т.б.) ұйымдастыралады.

Спорттық туризм бойынша топ жетекшісі МКК-ға (маршруттық квалификациялық комиссия) жорық туралы есеп тапсырады. Ол есеп бойынша спорттық дәрежелер (III, II, I-разрядтар, спорт шеберіне кандидат, спорт шебері) жеке туризм түрлері бойынша туристік топ мүшелеріне тапсырылады.

#### *Туристік жорықтардағы алғашқы медициналық көмек.*

Жорықтар және оқу-жаттығу сабақтары кезінде туристік топ мүшелерінің ауырып қалуы және мертігуі мүмкін. Бұндай жағдайларда дер кезінде дұрыс көмек көрсетілмесе олардың арты асқынуға алып келеді. Туристік жорықтар елді мекендерден көп жағдайда алыс жерлерде жасалатындықтан туристер керек жағдайда мертігу сипатын анықтап, өзіне және жолдасына алғашқы көмек бере алуы керек. Мертігу кезінде адамдардың жеке ағзасы мен терісінің бүлінуінен басқа дене құрылысының жалпы жағдайында қатерлі өзгерістер мен қалыптан ауытқу болуы мүмкін. Медициналық алғашқы көмек жарақаттанған адамды емдеу орнына жеткізгенге дейін көрсетіледі. Уақытында жасалынған көмек одан кейін болатын емдеу сапасы мен нәтижесіне оң ықпал етеді. Мысалы, сүйек

ашық сыну кезінде тезарада және дұрыс қойылып, байланған жанама зат шок, инфекция сияқты қатерлі асқынулардың алдын алады.

Алғашқы көмек көрсету кезінде тезірек зиянды жердегі сыртқы орта заттарының ықпалын тоқтатуға немесе көмек берілетін адамды қолайсыз жағдайдағы ортадан алып шығуға (мысалы судан т.б.) тырысу керек. Көмек зақымдалған адамның жағдайына қарай көрсетіледі де, егер ол нашарлай бастаса, мүмкіндігіне қарай тезірек тасымалдау ережелерін сақтай отырып, ең жақын емдеу орнына жеткізеді.

Тыныс алуды қиындататын немесе мүлде тоқтататын суға кеткен, электр тоғына ұшыраған, күн өткен жағдайларда көп ретте жасанды демалдыру жүргізуге тура келеді. Жасанды демалдыру алдында зақымданған адамның аузы мен мұрнын сілекейден, қабыршақтардан, құсықтан, топырақтан тазартады, кеудесін, қол-аяғын, ішін ашады. Жасанды демалдыру кезінде жүрекке массаж жасалатындықтан зақымданған адамды қатты жерге жатқызады. Қолмен орындалатын жасанды демалдыруға қарағанда кез-келген жағдайда ауызға және мұрынға ауа үрлеу әдістері жеңіл, қолайлы.

Ауызға үрлеу әдісі арқылы жасанды демалдыру кезінде зақымданған адамның бас жағында тұрып, оның басын барынша кейін қайтарады, алақанмен мойынды көтеріңкіреп тұрады. Екінші қолдың бірінші және екінші саусақтарымен ауызға үрленген ауаның шықпауы үшін мұрнын қысып тұрады. Егер бұдан кейін зақымданған адамның жақтары қысыңқы болып қала берсе ортаңғы саусақтармен төменгі иектің шеттерін ұстап, оны көтереді, одан соң иекті осы жағдайда ұстап тұрып саусақтарды иек астына ауыстырып иекті төмен тартып зақымдаушының аузын ашады. Бұдан кейін терең тыныс алып өзінің аузын орамал немесе дәке арқылы зақымдаушының аузына тығыздап жақындастырады да оған жылдамдатып ауа үрлейді. Одан соң еріндерін зақымдаушының аузынан босатады. Бұл кезде көмек алатын адамның кеудесі төмендеп, ауа сыртқы шығады. Ауа үрлеу қалыпты тыныс алу жиілігіне (минутына 20 рет) сәйкес жүгізіледі.

Жасанды демалдырудың мұрынға үрлеу әдісі кезінде көмек көрсетіп тұрған адам шүйдедегі бір қолымен зақымданған адамның басын шалқайтады, ал екінші қолымен жақты көтеріп, ауызды табады. Ауаны мұрнын еріндерімен тұтас, тығыз жаба отырып орамал не салфетка арқылы үрлейді. Бұл тәсілді әдетте зақымданушының аузын еріндермен жаба алмау жағдайына байланысты қолданады.

Жүрек соғуының және тыныс алудың тоқталған жағдайында тікелей емес (сырттай, жабық жағдайда) түрде жүрекке массаж жасауды жасанды демалдырумен қатар орындайды. Көмек көрсететін адам зақымданушының оң немесе сол жағында тұрып, алақанын оның ортасы кеуде сүйектің төменгі шетінен жоғары келетіндей етіп кеудесіне қояды. Оған оның үстіне екінші алақанды қойып қатты, жылдам қозғалыспен барлық дене салмағының көмегімен біркелкі басып босатулар жасайды. Әр басқан сайын қолдарын тартып, кеуденің жазылып жүрекке қанның келуіне мүмкіндік береді. Веналық

қанның жүрекке келуін жеңілдету үшін зақымданушының аяқтарын сәл көтеріп қояды.

Жасанды демалдыруды жүрекке массаж жасаумен бірге екі адам жүргізген қолайлы. Бұл кезде біреуі ауаны бір рет үрлейді, екіншісі бұдан соң 5 рет кеудені басады. Егер көмекті бір адам жасауға тура келсе ол адам жасанды демалдыруды массаж жасаумен айтылған әдіс бойынша алмастырып тұрады. Жасанды демалдыру мен жүрекке массажды жүрек соғысының (тамыр соғысының) және өз бетінше тыныс алудың қалпына келуіне дейін немесе нағыз өлім белгілерінің (өліктің көгере бастауы, селікпей қалу) пайда болуына дейін жалғастырады. Тыныс алу мен жүрек соғысының қалпына келуінен соң зақымданған адамға шай, жүрек жұмысын жақсартатын нәрселер береді.

Туристік жорықтар кезінде орын алатын жарақаттар мен ауру түрлерін және олардың себептері мен алғашқы медициналық көмек жағдайын қарастырамыз.

1) Тау ауыруы — жоғарғы биіктіктегі (3000 — 3500 метрден жоғары) көтерілу кезіндегі оттегінің жетіспеуіне байланысты пайда болатын сырқатты жағдай. Тау ауыруының күшеюіне жоғарғы ультрокүлгіндік радиация, ауа ылғалдылығының төмендігі және тағы да басқа биік тау факторлары (ауаның сиреуі, қысымның азаюы) әсер етеді. Бұл ауруды күшейтетін қосымша факторлар, сондай-ақ қалжырау, ауаның салқындауы, биіктікке бейімделу деңгейі, дене жаттығулары жағдайы, көтерілу жылдамдығы, тері арқылы дем алу, тамақтану жағдайы.

Тау ауыруының негізгі белгілері — әлсіздік, ауаның жетпеуі, жүректің тез соғуы, қалғу немесе ұйқысыздық, бастың ауыруы және айналуы, құсқысы келу, кейде мұрыннан қан кету, талып қалу. Олар кейбір әлсіз, егде адамдар үшін 1500 — 2000 метр биіктіктен, басқа адамдар үшін 4000 метр биіктіктен біліне бастайды. Тауда болатын 3 күннен соң ауыру белгілері, адаптация нәтижесінде әлсірейді. Бұл кезде бас ауруын тоқтату үшін анальгин қабылдаған жөн. Жорық алдындағы акклиматизация өткен дұрыс.

Биік таулы ауданға тез көтерілу және оған автокөлік немесе тікұшақ арқылы бірден жету кезінде 3500 биіктіктен бастап 6 — 12 сағаттан соң тау ауыруының асқынған түрі пайда болуы мүмкін (әсіресе аз жаттыққан адамдарда), олар — өкпенің қатты қабынуы, жүрек-тамыр соғысының жетімсіздігі, естен тану. Бұлар тез күшейеді, сондықтан, жедел көмекті талап етеді. Ауырған адамды тез арада төмен түсіреді, оттегі мен тыныс алдырады, қою шай немесе кофе береді.

2) Кене энцефалиті — орталық жүйке жүйесінің энцефалит кенесінің шағуы нәтижесінде зақымдануынан пайда болатын инфекциялық ауру. Ауруды тудыратын — энцефалит кенесінде болатын және сол арқылы тарайтын вирус. Ол сирек жағдайда вирусты жұқтырған сиырлар мен ешкілердің сүті арқылы тарайды. Энцефалит кенесі орманды (шыршалы орманды), бұталы және биік шөпті жерлерде болады. Кененің шағуы көктемгі және жазғы (мамыр және маусым айлары) кездерде, әсіресе, олардың табиғи белсенділігінің артуына байланысты маусым айында күшейеді. Аурудың белгілері шаққаннан кейінгі 8 —



23 күннен (орташа шамамен 10 — 12 күннен соң) біліне бастайды. Ол бастың ауруы, жоғарғы температура, құсу, дірілдеу, еттер параличі (мойынның, иықтың), естен тану т.б. олардың жартысы жеңіл түрде өтеді.

Кенелер шөптерде және бұталарда, шыршаларда жиналып, өтіп бара жатқан адамдардың киімдеріне жабысады. Олар көбіне басқа мойынға, кеудеге және иықтарға бекініп, бірнеше тәулікке дейін қанды ауыртпай сорады.

Кене энцефалитінен қорғану үшін кенеге қарсы арнайы киім —бүркемелі комбинезон немесе штормовка және арнайы тігілген костюм пайдаланылады. Кәдімгі киімді жағаларын қымтап жауып, шалбар етектерін аяқ киім ішіне кигізіп, көйлектің етегін шалбарға енгізіп, кең белбеумен тартып байлап, мойынды орамалмен орап денеден ашық жер қалдырмайды. Жорық кездерінде демалыс және түнеу үшін құрғақ, ашық жерлер таңдалып алынады. Шатырды орнатар алдында орынды шөптен, ұсақ бұтадан тазартып, беткі қабатты алып, жерді тығыздайды. Шөпті және бұтақтарды төсеніш ретінде пайдаланбас бұрын, оларды 3 — 4 сағат күн көзінде ұстайды немесе отқа қыздырады.

Сақтанудың тиімді әдісі — кенені табу және оны киім мен денеден алып тастау үшін киімдерін шешпей әр 2 сағат сайын өзін-өзі және бір-бірін қарау. Ал түскі қысқа демалыс пен түнеу кезінде негізгі көңілді терінің қылтаңды және қатпарлы бөліктеріне аудара отырып денені тұтас қарау. Денеден табылған кенені өсімдік майымен майлап немесе бензин жағып, одан соң пинцетті, болмаса мықты жіптен жасалған ілмекті пайдалана отырып, жайлап, қатты тартпай, екі жаққа тербелте отырып тұмсығын мыжып тастамай және үзбей шығарып алады. Егер шаққан орында тұмсығы қалатын болса, оны инемен алып тастап, жара орнына және көмек берушінің қолына спирт жағады. Қауіпті аудандарда сүтті пайдаланбау керек. Жорықтан соң барлық киімді жуып, ыстық үтік жүргізеді. Кене энцефалитіне ұшырау қаупі бар ауданға барар алдында туристердің қыркүйек — қазан айларынан бастап, арнайы егуден 3 рет өтуі қажет. 3-ші егуді 2-шіден үш ай өткен соң, алайда ауданға келерден 10 күнге дейін бұрын жасайды.

3) Кенелерден басқа жорықтар кезінде кейбір улы насекомдар мен жәндіктердің шағу қаупі бар. Олар да өзара алғашқы көмек беруді қажет етеді. Улы жәндіктердің шабуыл жасауы мен қорғанысқа байланысты улы заттар бөлетін арнайы органдары болады. Бұл жәндіктердің шағуынан соң улану әсері тез күшейіп шағылған жер (қатты ауыру, күйдіру, терінің қызаруы, ісуі) және жалпы белгілер (дене температурасының көтерілуі, дірілдеу, тыныс алудың және жүрек қызметінің бұзылуы т.б.) бойынша біліне бастайды.

Улы жәндіктер қатарына жоғарыда аталған кенелерден басқа аралар, түкті аралар (оса), есеқаралар (шершень), құршаяндар (скорпион), қарақұрттар, бүйілер (тарантул), гадюкалар, қаражылан (гюрза), қалқантұмсықтар (щитомордник) жатады. Кейбір насекомдардың (түкті ара, бал арасы) шағуы, әдетте, қауіпті емес және шағу әсері бірнеше сағатқа немесе күнге созылады. Тек көз бен ауыздың көбіршекті қабыршақтарын шағу кезінде және адамның шағуға деген аса сезімталдығы жағдайында әсер күштірек болады. Бал арасы шаққан кезде оның тұмсық түгін алып тастау керек (түкті ара оны тастамайды). Одан соң шаққан терді спиртпен жуып, мұз басады. Жалпы ауыр қалмен (қалшыл, дірілдеу,

ауа жетпеу, жиіркену және басқалар) қатар жүретін араның таралуы кезінде, егер зақымданған адамды емдеу орнына жеткізу мүмкін болмаса, оған көп сұйықтық береді, оған ас содасын қосады, димедролдың, супрастиннің бір таблеткасын, 0,1 г аскорбин қышқылын, 0,05 г рутинді 1 күнде 3 уақыт береді.

Өрмекші тәрізділерден ең қауіптісі — қарақұрт. Оның уы өлімге әкеледі. Қарақұрттың шағуы көбіне олардың жазғы миграциясы кезінде болады. Құршаянның кейбір түрлері мен бүйілердің шағуы да қауіпті. Өрмекші тәрізділердің уы негізінен жүйке және жүрек-тамыр жүйелерін зақымдайды. Бұл кезде дене тұтас ауырады, діріл пайда болады, жүрек соғысы жиілейді, бас ауырады, құсады, ауа жетпейді. Өрмекші тәрізділер шаққан кезде шаққан жерден қанның алғашқы тамшыларын сығып, уды ауызбен сорып алады (көмектесетін адамның ауыз қуысында бүлінген жерлер болмауы тиіс) да түкіріп тастап, аузын сумен шаяды. Зақымданушыға көп сұйықтық ішкізіп, шаққан орынға суықтық басады, оны қозғалтпай, таңып тастайды (иммобилизация). Улану белгілері біліне бастаған жағдайда зақымданушыны тез арада емдеу мекемесіне жан-жақты шұғыл шаралар қолдану үшін (қарақұртқа қарсы және басқа егпелер, новокаин енгізу, ішкі-веналық глюкоза ендіру т.б.) жіберу керек. Шаққан жерді кесуге, күйдіруге, қол-аяқты қысып тануға болмайды.

Жылан шағып алған адамның жағдайының ауыртпалығы көптеген факторларға байланысты. Олар: жас ерекшелігі, денсаулық жағдайы, шаққан жері (ең қауіптілері мойын және кеуде), удың түрлі ткандерге (етке, тері астына, қанға) өтуі жылан уының әсері оның сипатымен анықталады және шаққан жердегі, сондай-ақ жалпы белгілер арқылы білінеді. Бұл белгілер шаққан жердегі ауырсыну, жансыздану, көгеру, паралич, дірілдеу жүрек қызметі мен тыныс алудың бұзылуы т.б. Жылан уы тез сіңеді, сондықтан алғашқы көмекті тезірек көрсету қажет. Ең алдымен алғашқы қан тамшыларын сығып алып тастап, уды шаққан жерден ауызбен 15 — 20 минут сорады, одан кейін ол жерге бриллианттық зеленка немесе йод жағады. Шаққан жерді күйдіруге, қысып байлауға, алкоголь беруге болмайды. Зақым шеккен адамды тыныштықта ұстап, көп сұйықтық ішкізіп, шаққан жерге қатар қатты зат (шина) қойып немесе суық зат басады. Мүмкіндік болған жағдайда, яғни туристік топ ішінде медициналық қызметші болған және керекті дәрі-дәрмек қорапшасымен жабдықталынған жағдайда тез арада арнайы жылан уына қарсы екпелерді денеге ендіреді. Алғашқы көмек көрсетілгеннен соң зақымданған адамды емдеу мекемесіне жеткізеді.

Әдетте улы жәндіктер адамға өздері тиіспейді, бірінші шабуыл жасамайды. Шағып алу олардың қалыпты өмірін, тіршілігін адамдардың бұзуының, ұялары мен мекендерін бүлдірудің, оларды ұстап алуға тырысудың т.б. нәтижесі болып табылады. Сондықтан шағып алудан сақтанудың негізгі шараларының бірі — улы жәндіктердің тіршілік жағдайы мен ортасын шамалап болса да білу. Өрмекші тәрізділердің шағуынан сақтану үшін жатар алдында шатырлар мен қаптарды ұқыпты түрде қарап шығып, шатыр мен оның ауызындағы барлық тесіктерді бітеп, киім мен аяқ киімді киер алдында қарап шығып, сілку қажет. Жыландар күндіз әдетте ескі ағаш түптерінде, шөп арасында, ағаш діндері мен тастар

астында жасырынып жататындықтан, тексеру кезінде таяқты (альпенштокты, мұзойғышты) пайдалану қажет. Қалған карьерлер, тас үйінділері, құлаған үйшіктер ерекше сақтықты қажет етеді, өйткені оларда жыландар жиі ұялайды. ұлы жыландар болатын аудандарда турист тығыз шалбар, биік аяқ киім (батпақты жерлерде резина етігін, тауларда тері аяқ киімдерді) алып жүруі тиіс. Жорықтар алдында жыландардың түсін, т.б. ерекшеліктерін ұлы жыландарды шақпайтындарынан ажырату үшін біліп алу қажет.

Жорық кездерінде, жарақат нәтижесінде және тағы басқа жағдайларда организмнің жалпы жағдайының бұзылуы мен өзгеріске ұшырауы мүмкін. Олар естен тану, коллапс, тіл байлану (шок), асфиксия (алқыну). Естен тану мидың қанмен толық жабдықталынбауы нәтижесінен туындайтын аяқ асты болатын организмнің ерекше күшті эмоционалдық әсер нәтижесінде толқу, қорқу, қауіптену (психологиялық естен тану), қатты ауру, тау ауруы (биіктікке байланысты естен тану) кездерінде, күн өту және тағы басқа сырқатты жағдайларда пайда болады. Естен тану кезінде алғаш әлсіздік пайда болып, бас айналады, құсқысы келеді, құлақтарда шу пайда болды, көз алды қарауытып, түрлі дақтар тұрып алады. Ауыру бозарып, бетінде суық тер шығады, есі кете бастайды да құлайды. Есін білмей жату жағдайы бірнеше секундтан бірнеше минутқа созылады. Есі кіргеннен кейін біраз уақытқа шейін әлсіздік сақталынады. Ауру жатып үлгерген жағдайда естен тану ары қарай күшеймей ес қалпында қалады.

Естен тану кезінде ауруды шалқасынан жатқызып (басына жастық қоймай), қысып тұрған киімдер мен құрал-жабдықтардан босатып, нашатыр спиртіне малынған мақтаны мұрнына жақындатады, самайын одеколонмен немесе укуспен ысады, бетіне суық су шашып, екі бетін ұрады. Егер бұл шаралар жеткіліксіз болса нашатыр спиртіні иіскетіп, кардиомин, кофеин береді. Естен танудың себептерін анықтап, оның қайталанбауы үшін шаралар қолдану керек, өйткені маршруттың күрделі бөлігінде естен тану ауыр нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Коллапс едәуір қан кету, жүрек еттерінің әлсіздігі, ұзақ уақыт отырмай тік жүру кездерінде пайда болады. Коллапс кезінде әдетте ес сақталынады, қатты бозару пайда болып, тамыр соғысы жиілейді, әрең білінеді, тыныс алу алғаш баяу, онан соң жиі және терең емес, қол-аяқ суынады, суық тер шығады. Бұл белгілер күшейген жағдайда естен айрылу жүруі мүмкін.

Тіл байлану — жарақат алғаннан соң жиі пайда болатын ерекше, ең ауыр жағдай. Тіл байлану кезінде зақымданушының күші тез төмендеп, организмнің барлық тіршілік функциялары әлсірейді. Тыныс алу үстіртін түрде болып әрең білінеді, бет бозарып тер басады, тамыр соғысы жиілеп нашар сезіледі. Зақымданушы қоршаған ортадан бей-хабар жағдайда болып, есі сақталынса да, күшті жарақатқа қарамастан дыбыс шығармайды, “ауырды” деп айтпайды, көмек сұрамайды. Тіл байлану қан кетуге, қатты ауыруға байланысты жүйке жүйесінің қатты шаршауынан пайда болады. Бұндай зақымданушылар көмекті ең алдымен қажет етеді. Ең бірінші ауыруды тыюды ойлау керек. Мысалы алып жүру кезінде бір ғана сынған жерге қатар қатты зат (шина) қоюдың өзі зақымданушының

жалпы жағдайына қолайлы әсер етеді, өйткені сынған жердің қозғалуын болдырмау бірден ауыруды азайтады. Егер мүмкіндік болса зақымданушыға ауыруды басатын дәрілер (промедол, морфин, пантолон) және жүрек жұмысын жақсартатын заттар (камфора, кофеин) беру керек. Ауыруды грелка қойып жылтып, оған ыстық, тәтті шай, шарап беру керек. Егер зақымданушының іш қуысы органдары зақымданбаған болса бір литріне бір қасық ас содасы және жарты қасық ас тұзы араластырылған су беру ұсынылады. Мұндай ауыруды тек жатқызған түрде тасымалдайды.

**Асфиксия.** Асфиксияның пайда болу себептері кеуденің қысылуы, қар сеңіне, опырылыстарға түскен кездердегі жоғарғы тыныс алу жолдарының қармен, топырақпен бітеліп қалуы. Алқыну кезінде тыныс алу әлсірейді немесе тоқталып қалады. Тез көгеру, көз алмаларының кеңеюі, естің кетуі, тамырдың әлсіз білінетін жиі соғу жағдайлары пайда болады. Жүрек қызметі тоқтайды.

Көмек көрсету үшін тыныс алу жолдарын бөгде заттардан тазалап, кеудені қысып тұрған киімнен, кеуде жіптен, белбеуден босатып, зақымданушыны жатқызу немесе жартылай отырғызу керек. Ауызға және мұрынға үрлеу әдістері арқылы өз бетінше тыныс алу толық қалпына келмейінше жасанды тыныс алдыру жүргізу керек. Жасанды тыныс алдыруды кеудесі мен беті қар мен топырақтан босағаннан кейін бірден жүргізеді. Тері астына лобелиннің немесе цититонның ерітіндісін енгізеді. өз бетінше тыныс алуы толық қалпына келген соң зақымданушыны шатырға кіргізіп, оның дене жылуының сақталуын барынша қамтамасыз етеді (белге, арқаға грелка қояды, ыстық су құйылған фляганы екі бүйіріне басады). Зақымданушы есін жинаған соң оған көп қант қосылған шай, кофе, сүт береді. Тыныс алу толық қалпына келген соң жатқызған немесе отырғызылған күйде тасымалданып алынып жүріледі, басқа жерге жеткізіледі.

**Күйіп қалу.** Жорық жағдайында термикалық күйо түрлері жиі кездеседі. Олар от жаққан кезде сақтанбау, примусты және басқа ысытатын құралдарды пайдалану кезінде байқамай қалудан және ыстық су, тамақ құйылған ыдыстың төңкерілуі нәтижелерінде болады. Күйодің бұл түрлері үстүртін күйоге (негізінен 1 — 2 дәрежелердегі) жатады және олар барысында терінің тек жоғарғы қабаттары ғана бүлініп, өсу қабаты қалпында қалады, сондықтан күйген орын өз бетінше, өзінен-өзі жазылып кетеді. Бірінші дәрежелі күйоге терінің қызаруы және ісіңкіреуі тән. Екінші дәрежелі мөлдір ақшыл-сары сұйықтықты көпіршіктер пайда болады. Жалын арқылы күйо кезінде жанып жатқан киімді тез арада сумен, қармен немесе тығыз матамен өшіріп, одан соң оны шешіп тастайды. Ыстық сұйықтықпен күйо кезінде де ыстық сұйық зат тиген киімді тез шешіп тастау керек. Егер күйген жер шағын болатын болса тез арада оны суық су немесе қар басып салқындатады (10 — 15 минут), одан соң таза материалмен таңады, ауыруды басу үшін 1 — 2 таблетка аналгин береді. Одан ары қарай күйген орын дененің ашық жерлерінде (бетте, қолдың басында) болатын болса онған күніне 4 — 5 рет вазелин жағады, болмаса күніне 1 — 2 рет оны қатыратын заттармен (тенин т.б.) өңдейді. Егер күйік орны ірілеу болса фурацилин немесе ривонал ерітінділері бар дәке немесе мазь жағылған (мысалы синтомицин) дәке

таңып тастайды. Елді мекендерге жеткен соң зақымданушыға медициналық көмек алу үшін көріну қажет. Кең көлемдегі күйеу кезінде (жалпы денесінің 10 — 15 % астамы) күйеу байланысты тіл байланудың және күйік ауруының болу мүмкіндігіне байланысты дәке таңылғаннан соң зақымданушыны жатқызып, қымтап, ыстық шай және анальгиннің 2 таблеткасын беріп тез арада емдеу мекемесіне жөнелтеді. Егер емдеу мекемесіне жеткізу бөгеліп жатса немесе ұзаққа созылса зақымданушыға алғашқы 6 сағат ішінде, әр сағатта 2 стаканнан кем емес сілтілік-тұз қоспасын (2стакан суға 1 шай қасық тұз және жарты шай қасық ас содасы). Терең күйіктер (3 — 4-інші дәрежелі) де тез жеткізуді талап етеді. Күйік түрлерінің барлығында да кейбір “Халықтық” тәсілдері (зәрді қолдану т.б.) пайдалану іріңдеу қауіпінің болуына байланысты дұрыс емес.

Термикалық күйік түрлерін болдырмау үшін жорық кездерінде бірқатар ережелерді сақтау қажет: от қасында жүретін кезекшілер ұзын шалбар, аяқ киім, қолғап киіп жүруі тиіс, тамақ пісіру үшін орнатылатын аспаптардың нық тұруы керек, ыстық тамақ пен су бар ыдыстарды адам жүретін жерлерден алыс қою қажет, от қасында ұзын шөміштерді пайдаланады.

Туристтік жорықтар кезінде күн өту нәтижесінде, жаздың басында, таулы аудандарда көктемде ультракүлгін сәулелердің күшеюі кезінде тері күйеу қауіпі бар. Күн арқылы терінің күйеуі кезінде қызарған жерлерді ешкі сүтімен, одеколонмен және спиртпен сүртеді. Көпіршіктер пайда болған жағдайда кәдімгі термикалық күйік кездеріндегідей шаралар қолданылады.

Күннен күйеуден сақтану үшін жеңді көйлек, екі жаны мен артына 2 қабат дәке тігілген жазғы шапка, күшті күн сәулесі кезінде көз үшін ойықтары бар дәке маскасын, жұқа, ашық түсті мақта матадан тігілген қолғаптар кию керек. Күнге күйеудің ерекше түрі – қар шағылысы (снежная слепота). Қар шағылысы қарды беткі қабатынан қайтатын күшті ультракүлгін сәулелердің әсерінен көздің қабынуы, бұл кезде көздің сыртқы қабықшасы қызарып, жансызданады, жарыққа қарай алмау, жасаурау және жастың ағуы, кірпіктердің жабысуы пайда болады. Көз қиықтарында шашыранды жарықшалар мен көпіршіктер пайда бола бастайды. Осы белгілер біліне бастағанда зақымданған адамға қара көзілдірік киюі керек (ол жоқ болса көзді байлап алады) көзді калий перманганатының (марганцовка) әлсіз ерітіндісімен немесе қою, суық шаймен шаяды. қар шағылысын болдырмау жолы — ультракүлгін сәулелерді сіңіріп алатын қара көзілдіріктер кию.

Күн сәулелері сондай-ақ күн өтуге (солнечный удар) немесе дененің қызуына (тепловый удар) әкеп соғады. Оған қоршаған ортаның жоғарғы температурасы да әсер етеді, ауаның жоғарғы ылғалдылығы одан ары күшейтеді. Дененің қызуы жүрек-тамыр ауруларымен ауыратын, зат алмасуы бұзылған (майлану), эндокриндік өзгерістерге (гипертиреоз) және басқа ауруларға ұшыраған адамдарда жиі байқалады. Дене қызған кезде әлсіздік, бас ауыруы мен айналуы, құсқысы келу байқалып, одан кейінгі қызу кезінде тамыр соғысы мен тыныс алу жиілеп, дене температурасы 38 — 40°С-қа дейін көтеріледі, бұл кезде естен тану болуы мүмкін. Аяқ асты болатын дене қызуының ауыр түрі естен

айрылуымен, дірілдеумен, жүрек қызметінің, тыныс алудың бұзылуымен қатар жүреді, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Денесі қызған адамды көлеңкеге жатқызып, бетіне суық су шашады, басына, мойнына, қолтық астына, қолтыққа суық су құйылған ыдыс қойып, керек жағдайда жасанды түрде демалдырады. Ыстық күнгі ұзаққа созылатын туристік жорықтар кезінде дене қызуынан сақтану үшін киімге деген гигиеналық талаптарды сақтау керек, сұйықтық қабылдау қалыпты болып, ұзағырақ демалыстар жасау қажет. Температуралық факторлар әсеріне деген жаттығулар, сондай-ақ жылу алмасудың бұзылуына, организмнің қызып кетуіне жағдай туғызатын аурулар мен ауыратын адамдарды анықтау үшін жүргізіліетін медициналық тексерулер үлкен маңызға ие.

Жорық жағдайларында найзағай түсу нәтижесінде де күйік пайда болуы мүмкін. Ол жалпылама белгілермен — орталық жүйке жүйесінің, тыныс алу, қан айналу органдары қызметтерінің бұзылуымен (дірілдеу, естен тану, тіл байлану, тыныс алу мен жүрек қызметінің тоқтауы т.б.) қатар жүреді. Найзағай тиген кезде теріде қызыл жолақтар түрінде іздер қалады (“найзағай белгілері”).

Найзағайдан зақымданған адамға жасанды демалдыру мен жүректі уқалау жиі жасалынады. Оны жерге көмуге немесе топырақпен бүркеуге болмайды. Тыныс алудың, жүрек соғысының және естің қалпына келуінен соң зақымданушыға ыстық шай, анальгин (1 — 2 таблетка) беріп, күйген жерін таңып, тез арада медициналық орынға тасымалдау керек. Найзағай күн күркіреуі кезінде шындарда, жолдарда, асулар мен ашық кеңістіктерде электрлік ұшқынның адам отырған жерден жақын өтуі жағдайындағы тікелей түседі немесе электр ұшқынының ылғалды беткі қабатпен, сулы немесе қыналар өскен жер тастарлы бөліктермен, металды (кентасты) жерлермен жар тастардың жарықшақтары мен айырымаларындағы ылғалдың жиналған жерлерімен және ағаштар тамырларымен таралуы нәтижесінде пайда болтын электр ағынына ұшырау болады.

Найзағайдан сақтану үшін дер кезінде қауіпсіз жерді таңдап алып, оған барып тұру керек. Егер күн күркіреуі жақындай бастаған кезде туристік топ тік беткейде, жолда болса ол жерді тез тастап кету керек. қауіпсіз жерлер — құрғақ, шығыңқы жар тастар мен ағаштардан (жеке өсіп тұрған), қуыстардан, беткейдің өзектерінен, кішкене шұңқырлардан, үңгір түбі мен ауызынан алыс, құмды, қорымды немесе мореналы, оттан, металл заттардан қашық орындар. Киім құрғақ болуы керек.

Жорықтар кезінде асқынбалы тыныс жолдарының аурулары (ринит, фарингит, ангина, трахсит, бронхит, өкпенің қабынуы) пайда болуы, қозуы мүмкін. Олардың пайда болуына организмнің суық тиюге ұшырауы, шаршау әсер етеді. Тез шаршау пайда болып, бас ауырады, қол-аяқ сыздайды, одан кейін температура көтеріліп, жөтел пайда болады, тамақ ауырады, дауыс қырылдайды, өкпе қабынады, қинала дем ала жөтелу кезінде кеуде ауырады. Бұндай кезде ауыруды жатқызып ыстық шай, 1 — 2 таблетка анальгин беріп (және пирамидол) мұрынға нафтазин тамызады, тамақты содамен шаяды. Күніне 1 — 2-ден жөтел

таблеткаларын 4 рет береді. Бактерияға қарсы құралдар — ампиокс (1 капсул күніне 4 рет), этазол (2 таблеткадан күніне 4 рет) керек.

Жорықтарда сондай-ақ улану және ішек инфекциясы болуы мүмкін. Бұндайда құсқысы келіп, іш ауырады, температура көтеріледі. Егер бұл 3 күн ішінде басылмаса энтеросептол (2 таблеткадан күніне 3 рет) немесе фтолазол (2 таблеткадан күніне 4 рет) қабылдайды. Іштің төменгі оң жағы қатты ауырса (аппендицит) ол жерге суық басып, ешқандай дәрі, сұйықтық, тамақ бермей жатқызып ең жақын медициналық пунктке жеткізу керек.

Төменгі температураның әсерінен кейде дене ткандерінің бүлінуі (үсу) болады. Оған қосымша әсер ететін жағдайлар, ылғалды, желді ауа-райы, тар және су өткен киім мен аяқ киім, жеткіліксіз немесе тұрақсыз ыстық тамақ қабылдау, қатты шаршау, ұйқының қанбауы, ішімдік ішу т.б. жағымсыз факторлар. Көп жағдайда қол-аяқ саусақтары, мұрын, құлақтар мен бет үсиді. үсінудің алғашқы белгілері терінің бозарып, сезімталдығының жоғалуы. үсінудің бүлінуі мен тереңдеп (сүйекке дейін) бұзылуы жағынан 4 дәрежеде жүреді (көгеру, көбіршіктену, қанталау, жансыздану, тереңдеп жансыздану). үсінудің кезінде зақымданған адамды тезірек жылту керек. Ауыр 3 — 4 дәрежелі үсінудің жағдайында тез арада емдеу орнына жіберу қажет. Жіберуге дейін үсіген жерді жылы суға (40°C дейінгі) салып, жайлап тері қыздырғанша уқалайды, сезімталдығын қалпына келтіреді, одан соң құрғақ шүберекпен таңады. Үсінудің алғашқы белгілері кезінде қан айналымын күшейту үшін жылдам қозғалыстар жасау керек, немесе үсе бастаған жерді қолмен уқалайды, ыстық шай, кофе немесе қанты бар глюкоза ішеді. Көбіршіктер пайда бола бастағанда мазь (фурацилин, риванол) жағып, мақтамен немесе жылы шүберекпен орайды. Анатоксин енгізіп анальгин, пирамидон қабылдайды. Суық кезде сондай-ақ организмнің жалпы суыққа ұрынуы да болады. Ол кезде жылту, жылы киіммен қымтау және ыстық шай мен кофе беру керек.

Жорық кездеріндегі жиі кездесетін қажалу кезінде (аяқтың, арқаның, иықтың) тері қызарып, көбіршіктенеді, суланады, іріңдеуі мүмкін. Қызарған қажалу кезінде теріні таниннің 5% су ерітіндісімен немесе бор қышқылының 2% ерітіндісімен жуады немесе оған зеленканың (бриллианттың) 1 — 2% спирттік ерітіндісін жағады. Ауырған жағдайда крем жағуға болады. Көбіршіктерді жаруға болмайды. Олар өздері жарылса жоғарыда айтылған ерітінділермен жуып құрғақ шүберекпен таңады. қажалуды болдырмас үшін құрал-жабдықтарды (аяқ киім, арқақап) дұрыс тандап алып, киімді ауа-райына байланысты ауыстырып, аяқты жиі жуып тұру керек. Қажетсіз тез жүрудің қажеті жоқ.

Туристтік жорықтардың барлық түрлері кезінде де (тау, жаяу, велосипед, автото, спелео т.б.) түрлі жарақаттар болуы мүмкін. Миға зақым келу биіктен құлау, тас құлау кездерінде болады. Қысқа уақыттағы естен тану, құсу, беттің бозаруы бұл жарақаттың алғашқы белгілері. Ауыр жағдайдағы белгілер көп уақытқа естен айрылу, қырылдап дем алу, көз шарасының ұлғаюы, тамырдың баяу соғуы, мұрыннан, құлақтан қан ағу. Бұл бас сүйегінің сынуын көрсетеді. Тезірек медициналық емдеу орнына жеткізу керек. Алғашқы көмек,

зақымданушыны жатқызу, басқа суық басу. Люминол, бармамил, пирамидон беріп, тәтті шай ішкізу. Жарақат орнына йод жағып, стрептоцид ұнтағын себу.

Кеуде сүйектерінің сынуы үшкір тастарға, шығыңқы мұздарға құлау және автоавариялар кездерінде мүмкін болады. Бет көгереді, қатты ауыру пайда болып, тыныс алу жиілейді, қырылдап дем алу пайда болып, қанды сұйықтық ағады. Зақымданушыны беліне дейін шешіндіріп жараға таза жұмсақ қағаз басып жабыстырады. Егер жара көлемді болса бинтпен байлайды. Ауыр жарақаты қабырға, кеуде сүйектері сынуы кезінде тез медициналық көмек керек, оған дейін зақымдану миға 1 — 2 таблетка анальгин беруге болады.

Іш қуысы органдарының жарақаты да жоғарыдағы себептерге байланысты. Бұл кезде ішкі қан кету қауіпі бар. Іште жарала ауыру пайда болып, ол жөтелген сайын күшейе түседі, тері бозарып, суық тер болады. Тамыр әлсіз, тез соғады, шөлдеу байқалады (су беруге болмайды). Зақымданушыны жылы, қауіпсіз жерге апарып, тізе астына іш еттерінің жиырылуын азайту үшін бүктелген киім қояды. Ішке суық басып тез медициналық көмек шақырады.

Сүйек сыну техникалық күрделі тау, шаңғы жорықтарында жиі болады. Тері жырылатын ашық, ірі сүйек сынуы кезінде өмір үшін қауіпті жарақаттың тіл байланудың пайда болуы мүмкін. қозғалған сайын жарақат орны қатты ауырады, қол-аяқтың қысқарып, қисайюы, олардың өз функциясынан айырылуы болады. Сынған орында көгеру пайда болуы мүмкін. Ашық сүйек сыну қан кетумен, іріндеумен қауіпті. Зақымданған орынды көру үшін киімді шешпейді, кеседі. Ол жерді қозғауға болмайды. Ауыруды басу үшін 1 — 2 уатылған анальгин береді. Естен айырылған жағдайда құсу қауіпті болғандықтан су бермейді. Сынған жерді таңып дененің басқа бөлігіне біріктіріп орап немесе іліп қояды, қатар зат (шина) қойып байлайды. Омыртқа және жанбас сүйектері зақымданған жағдайда ол адамды тез арада алып кету керек. Артық қимылдардың қажеті жоқ.

Жорықтар кезінде сондай-ақ сүйектің шығып кетуі және сіңір созылуы болуы мүмкін. Сүйек шығу сүйек байланыстарының, буындардың, кейде қан тамырларының, жүйкелердің зақымдануымен қатар жүреді, Форма өзгереді, қозғалған кезде ауырады. Алғашқы көмек орамалмен қолды ілу, анальгин беру, тез эвакуация жасау. Сіңір созылғанда ауыруды басу үшін анальгин беру, суық басу, бинтпен орау керек. Егер 6 — 10 сағаттан соң көгеру, ауыру, ісу күшейетін болса, жүру мүмкін болмаса сіңірдің үзілуі болғаны. Ауыр жағдайда қатар зат қою қолданылады.

Жеңіл зақымдар кезінде ауырыңқырау, ісіңкіреу, қанталау болады. Ондай жағдайларда қысатын шүберек қойып, оның үстіне суық басады.

Қан кету әр кезде терінің, ткандердің бүлінуі нәтижесінде болады. Орналасқан жеріне, тереңдігі мен көлеміне қарай қан кетудің жылдамдығы әр қалай. Жараға бірнеше рет қабатталған таза, кез-келген матаны қойып, оны 10 — 15 минут алақанмен басып тұру қажет. Одан соң бұл матаны таза арнайы қағазбен ауыстырып, оны қысып таңып бұрап қояды. Бұрау салуды (жгут) тек ірі артерияның бүлінуі немесе көп қан кететін ашық сынық жағдайында қолданған жөн. Кейде ішкі қан кету және ішкі органдардың бүлінуі болуы мүмкін. Оның белгілері тез әлсіреу, бозару, терлеу, жиі әлсіз тамыр соғу. Бұндай кезде



зақымданушының өмірін сақтау үшін тез арадағы хирургиялық көмек қажет. Ауырған жағдайда 1 — 2 анальгин, ал іріндеу болмас үшін 1 таблеткадан күніне 4 — 6 рет эритромицин береді. Инфекция болмас үшін жараны жууға болмайды. Жорықтың созылған жағдайында зақымданушыға ұдайы бақылау керек. Жараның ауыруы, шеттерінің қызаруы, көгеруі, дене температурасының көтерілуі асқыну белгілері болып табылады, тез эвакуацияны қажет етеді. Бұрау салу кезінде оны жараның жоғарғы жағына салады. Ткандердің жансыздануын болдырмау үшін оны 1,5 — 2 сағатқа ғана салу керек. Жарақаттанушыны тасымалдау кезінде артерияны саусақпен басып тұрып бұрауды 5 — 10 минутқа қажетті шаралар жасайды. Ішке қан кету кезінде суық басады. Жара төңірегіне мақта немесе дәке қойып, пластырмен бекітеді. Қатты қан ағатын артериялық қан кетуден басқа веналық және капиллярлық қан кету бар. Бұлар бойынша қанның ағуы баяу. Сондықтан шүберек қойып қысып таңу жеткілікті.

Жорықтар кезінде есінен айырылған, ішкі органдары бүлінген, сүйектері сынған адамдарды тасымалдау жүргізіледі. Ол үшін тәжірибелі, күшті, шыдамды адамдардан 4 — 5 адам бөлу керек. Тасымалдау қолда бар арқақап, киім, жатын қап, таяқ, шаңғы, арқан т.б. заттарды пайдалану арқылы көтеріп жүретін құрал жасап жүргізіледі. егер көтеретін құрал жасау мүмкін болмаса, қолдарды айқастыру арқылы зақымданушыны алып жүреді. Оны жатқызу, отырғызу жағдайлары жарақат орны мен сипатына байланысты. Тасымалдау кезінде қатты бақылау және қажет болған жағдайда тоқтап кідіріс жасау керек.

Егерде туристік топ ұйымдасқан топ жетекші тәжірибелі болып келген жағдайда қауіпсіздік шаралары, аурудың алдын алу істері қолданылып жоғарыдағы зақымданудан арылуға болады.

### *Туризм және табиғатты қорғау.*

Туризм халық шаруашылығының бір саласы ретінде табиғи ортаға күш түсіреді, әсер етеді. Табиғи ортаға тигізілетін бұл әсер түсірілетін күштің әр түрлі деңгейлілігіне байланысты. Егер түсірілетін күш деңгейі төменгі немесе орташа деңгейде болса табиғи ортада болатын өзгерістер шамалы болады. Ал егер түсірілетін күш дәрежесі жоғары деңгейде болса, өзгерістер ауқымы кеңейеді. Бұл жерде табиғи ортада туризм әсерінен болатын өзгерістер көп жағдайда теріс бағытта болатынын айту керек. Мұндай теріс өзгерістер табиғи ландшафтардың механикалық ластануы және олардың толық және белгілі бір мөлшерде табиғи кейпін жоғалтуы тұрғысынан көрінеді.

Туризм сферасы бойынша табиғатты қорғауға байланысты жүргізілуге тиісті жұмыстарды шартты түрде екі топқа бөліп қарауға болады:

1) Үйірме жұмыстарында, туристік базаларда т.б. жерлердегі экологиялық бағыттағы тәрбие жұмыстары.

2) Туристік база туристік кешендер аумақтарында, маршруттарда жүргізілетін нақты жұмыстар.

Бірінші топқа төмендегідей жұмыстар жатады: туристік топ мүшелерімен әңгіме өткізу, әңгімелесу, жорық алдындағы инструктаж, маршрут ерекшеліктерімен таныстыру т.б. Аталған әдістердің соңғы екеуі, әсіресе,

маңызды. Жорық немесе экскурсия алдында туристік топ мүшелері табиғатты қорғау бойынша қандай әрекеттерге тиым салынатыны жайлы арнайы инструкциямен таныстырылуы керек. Мұндай инструкциялар әр туристік фирманың немесе туристік базаның жұмыс ерекшеліктері бойынша жеке жасалынады.

Әрбір туристік топ мүшесі инструктажбен танысқан соң, оның орындалуы үшін арнайы құжатқа қол қоюы керек. Егер инструктаж бұзылған жағдайда, оны бұзған адам айып төлейді, маршруттан алынады және онымен жасалынған шарт бұзылады. Маршрут ерекшеліктерімен таныстыру ондағы қорғауға алынған орындар мен жерлерді туристер әсерінен сақтауға бағытталған.

Табиғатты қорғауға байланысты туризм сферасында жүргізілуге тиіс жұмыстардың екінші тобына мыналар жатады: турбазалардағы санитарлық жағдайдың талапқа сай болуы, көгалдандыру жұмыстары, маршруттарда экологиялық соқпақтар құру және арнайы демалыс орындарын (бивуактар) дайындау, маршруттарды маркировкалау, мемлекеттік және қоғамдық табиғат қорғау орындарымен жұмыс жоспарларын келістіру т.б. Табиғатты қорғау органдарымен келісіп жұмыс жасау бойынша, мысалы, балық аулауға бақылау орындарынан арнайы рұқсат қағаздарын алуды айтуға болады, өйткені туристік жорықтар кезінде туристердің мақсатына, талап-тілектеріне байланысты балық аулануы мүмкін. Ауланатын балық мөлшері арнайы балықшылар қоғамына мүше, яғни рұқсат қағазға немесе туристер үшін 5 кг дейін (ұсақ балық), ал қалған туристер үшін 3 кг-нан аспауы керек. Бұдан басқа балықты тормен емес, тек қармақпен ғана аулауға рұқсат етіледі.

Табиғат қорғау орындарымен бірігіп істелінетін жұмыстардың тағы бір түрі қорықтар әкімшілігінен экскурсиялар және туристік жорықтар үшін (туристік жорық маршруттары қорықтар аумағы үстімен сирек жағдайда өтеді) арнайы рұқсат алу, экскурсия немесе жорық уақытын (балықтар уылдырық шашатын және құстар жұмыртқалайтын мезгілдерге сәйкес келмеу керек) белгілеу.

Турбазалар мен маршруттарда табиғатты қорғауға байланысты жүргізілуі тиіс нақты жұмыстардың ішіндегі қазіргі заманға байланысты маңыздысы — ол маршруттар бойында (көбіне қысқа және экскурсиялық маршруттар) арнайы демалыс орындарын: тамақтанатын, шылым шегетін, қалдық заттарды тастайтын жерлерді алдын-ала дайындау болып табылады. Бұл жұмыстар ең алдымен табиғатты механикалық ластанудан сақтауға бағытталса, екінші жағынан туристерге, әсіресе шет елдерден келетін туристерге, көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға бағытталады.

Туризмнің табиғи ортаға, яғни белгілі бір аумаққа халық шаруашылығының бір саласы ретіндегі түсіретін күш-салмағы шектен шықпау керек. Егер түсірілетін күш-салмақ аумақтың табиғи тұрақтылығынан артып кетсе, онда ол аумақта болатын теріс өзгерістер ауқымы кеңейеді. Екінші сөзбен айтқанда, табиғи ортада болатын теріс өзгерістер сипаты оған тигізілетін сыртқы орта әсеріне байланысты, дәлірек айтқанда, сол сыртқы ортаның шамасына

байланысты болады. Табиғи ортаға әсер ететін сыртқы орта күштері табиғаты жағынан екіге бөлінеді.

- 1) Табиғи сыртқы орта күштері.
- 2) Адам қоғамы күштері немесе антропогендік фактор.

Табиғи сыртқы орта күштеріне немесе жерсілкіністері, қар көшкіндері, селдер, борандар т.б. табиғи апаттар жатады, ал екінші күшке, яғни адам қоғамы әсерінен болатын күштерге адам қоғамының шаруашылық әрекеті есебінен болатын әсерлер жатады. Туризм халық шаруашылығының бір саласы ретінде табиғи ортаға әсер ететін осы күштер қатарына жатады.

Туризмде табиғи ортаға әсер етуге байланысты қалыптасқан белгілі-бір шама бар. Ол шама мына түрде көрінеді. әрбір 1 га жерге түсірілетін күш, шамамен алғанда 2 — 3 сағат ішінде 50 — 60 адамнан аспау керек. Егер осы уақыт ішінде түсірілетін күш 1 га жер бойынша 100 адамға жетсе, осы аумақта жоғарғы деңгейде теріс өзгерістер жүреді.

Табиғи ортада, яғни белгілі бір аумақтарда болатын өзгерістер сипаты жоғарыда айтылғандай екі нәрсеге байланысты.

- 1) Табиғи ортаға түсірілетін күш салмағына (деңгейіне)
- 2) Табиғи орталардың сыртқы орта күштеріне деген табиғи тұрақтылығына байланысты.

Табиғи орталардың, яғни белгілі бір аумақтың сыртқы орта әсеріне деген тұрақтылығы (табиғи тұрақтылығы), олардың рекреациялық бағалылығы сияқты (ол жердің адамдардың демалысы мен емделуіне жарамдылығына байланысты) 5 немесе 10 балдық жүйе бойынша бағаланады. 5 балдық жүйе бойынша аумақ 3 балдан жоғары бағаланса, оның табиғи тұрақтылығы жоғары, ал табиғи тұрақтылық 3 балға дейін мөлшерде бағаланса, онда керісінше, табиғи тұрақтылық төмен, 10 балдық жүйе бойынша бұл көрсеткіш 5 балдан жоғары және 5 балға дейінгі шамалармен өлшенеді. Екінші сөзбен айтқанда таумақты туризм мақсатында тұрақты түрде пайдалану үшін оларды табиғи тұрақтылығы бойынша таңдап алу керек. Кез келген аумақ туризм сферасы бойынша тұрақты түрде пайдалануға жарамайды. Аумақтарды туризм бойынша тұрақты түрде пайдалану көбінесе, екі түрде болуы мүмкін.

- 1) Аумақты экскурсия және туристік жорықтар мақсатында жиі пайдалану;
- 2) Аймақтарды рекреациялық мақсатта, яғни адамдардың (туристердің) демалысы мен емделуін (курорттық туризм) қамтамасыз ету мақсатында құрақты пайдалану; турбазалар, санаторийлер, демалыс үйлерін, пансионаттар салу және олардың тұрақты жұмыс істеуі.

Бұл екі бағыт бойынша да туризм, халық шаруашылығының бір саласы ретінде табиғи орталарға белгілі бір мөлшерде күш түсіреді, осыған байланысты оларда әр түрлі деңгейде өзгерістер болуы мүмкін.

Аумақты туристік мақсат үшін таңдап алу екі түрлі бағытта жүргізіледі

- 1) Рекреациялық мақсатта.
- 2) Жалпы туризм бойынша тұрақты пайдалану үшін.

Бұл екі мақсатта да аумаққа табиғат компоненттері бойынша баға беріледі. Екі бағыт бойынша компоненттер көбіне сәйкес келеді. Алайда кейбір компоненттер сәйкес келмеуі мүмкін. Баға беру кезінде әр бағыт бойынша қандай компоненттерге таңдау берілетіне талдау жасап көрсек былай болады.

1) Рекреация мақсатында аумаққа баға беру мына компоненттер мен элементтер бойынша жүзеге асады: жер бедері, климат немесе ауа-райы, оның ішінде жауын-шашын мөлшері, су ресурстары және өсімдік жамылғысы.

2) Туризм бойынша аумақты тұрақты мақсатта пайдалану үшін баға беру төмендегідей компоненттер бойынша жүргізіледі: жер бедері, климат немесе ауа-райы, оның ішінде жауын-шашынның түсу мөлшері, су ресурстары, топырақ және өсімдік жамылғысы.

Баға беру кезінде екі бағытқа да тән компоненттер мен ауа-райы элементі: жер бедерінің жағдайы, жауын-шашынның түсу мөлшері, су ресурстары және өсімдік жамылғысы. Айырмашылығы — рекреация бойынша топырақ жамылғысы, ал жалпы туристік мақсатта тұрақтылықты бағалау үшін ауа жағдайы, температура, күн радиациясы мөлшері көп жағдайда ескерілмейді.

Жоғарыда аталған компоненттердің ішіндегі ең маңыздылары: жер бедері жағдайы, су ресурстары және өсімдік жамылғысы. Жер бедерінің күрделілігі және су ресурстарының (кіші-гірім көлдердің, өзендер мен бұлақтардың) жиілігі ол аумақтың рекреациялық маңыздылығын және сыртқы орта күштеріне деген табиғи тұрақтылығын арттыра түседі. Рекреациялық маңыздылық пен табиғи тұрақтылық үшін жоғарыда аталған компоненттер жеке-жеке факторлар түрінде емес бір-бірімен байланысты факторлардың (табиғи факторлардың) жиынтығы түрінде көрінеді. Оны қарапайым түрдегі мынадай схемамен көрсетуге болады. Жер бедері жағдайы — ауа райы (жауын-шашын мөлшері т.б.) — су ресурстары жиілігі және топырақ жамылғысының сипаты, өсімдік жамылғысы.

Рекреациялық маңыздылық пен табиғи тұрақтылық үшін ең маңызды компонент — өсімдік жамылғысы. Аумақтарға өсімдік жамылғысы бойынша сипаттама немесе баға беру кезінде мына жағдайлар, яғни, өсімдік түрлерінің әр түрлілігі, өсімдік жамылғысының жиілігі және көп ярустылығы міндетті түрде ескерілуі керек.

### *Өлкетанудың зерттеу объектілері*

Өлкетану дегеніміз көлемі жағынан шағын белгілі бір аумақтарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б.) жан-жақты оқып білумен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі. Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір-бірімен байланысты дүние ретінде қараған жөн. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей практикалық маңыздылыққа ие болады.

Өлкетанудың зерттеу нысандарын салыстырмалы түрде 4 топқа бөліп қарауға болады:

1) өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке табиғат компоненттерін (геология, жер бедері, рельеф, гидрографиясы, климат немесе ауа-райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар дүниесі), олардың қоғамы әсерінен өзгеру деңгейі мен сипатын және табиғатта жүретін басқа да үрдістерді (мысалы, үрдістер) зерттеу;

2) өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерешеліктерін анықтау;

3) өлкенің және онда тұрып жатқан халықтардың тарихы жайлы, тарихи оқиғалар жайлы деректер, экспонаттар жинау, өлке территориясындағы археологиялық орындарды (көне қалалар қалдықтарын), тарихи ескерткіштерді, олардың ерекшеліктерін оқып-тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру;

4) халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу. Белгілі бір территорияда мекендейтін халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне олардың тілі, діні, салт-дәстүрі, фольклоры, халықтың өнері (қолөнер), музыкалық мәдениеті т.б. жатады.

Өлкетанудың жеке түрлері бойынша зерттеу немесе бақылау мақсаты әр түрлі болады. Мемлекеттік және қоғамдық өлкетану бойынша зерттеу көбінесе практикалық, нақты мақсаттар үшін (мұражайлар құру, шаруашылықтың тапсырыстар т.б.) жүргізіледі және бұл өлкетану түрлері үшін қолданылатын жұмыс формалары. Негізінен экспедициялар және мұражай жұмыстары болып табылады. Кейбір архив құжаттары мен баспа материалдарына сүйенсек революцияға дейінде қазақстанда мектеп өлкетану элементтерінің болған байқауға болады:

ф. 27. қазақ ССР-ы Орталық Мемлекеттік архивінен– «Торғай облысы халық училищесі директоры. Екі кластық мұғалімдер бағдарламасы ісі 1907ж . Бұл материалдар Торғай облысы кейбір мектептерінде өлкетанудан (революцияға дейін бұл атау–Отантану деп аталған) арнаулы сабақтардың өткенін куәландырады. Шындығында бұл мектептерде «Отантану оқу пәніне қойылатын барлық талаптар орындалмаса да, кейбір өлкетануға қажетті білімдер мен іскерліктер: компасты пайдалану, план, карта, сонымен қатар өткенді оқып-үйренуге қажетті тақырыптар берілген;

ф. 58. қазақ ССР-ы Орталық Мемлекеттік архиві– «Ақтөбе мұғалімдер семинариясы ісі. 1912/13 оқу жылы бағдарламасын<sup>2</sup>. Бұл архив материалына сүйенетін болсақ осы аталған оқу орынында семинарияның 2-ші сыныбында география сабағын өткенде өлкетану материалдары төменгі, нашар жағдайда болсада сабақта пайдаланғанын байқаймыз;

Революцияға дейінгі баспа материалдары оқу орындарындағы оқу экскурсияларының ұйымдастырылғандары туралы мәліметтер береді. Мысалы, «Семипалатинский край газеті (1915 жыл, 16 қаңтар) оқушылардың өнеркәсіп нысандарына оқу экскурсиялары туралы жазады.

Сонымен қатар өлкетанудан қазақстандағы ең алғашқы кітап өлкетанушы-педагог А.Н Седельниковтың отантанудан Ақмола облысы бойынша арнаулы оқу құралының 1916 жылы шыққанын айта кетуге болады.

1. Қаз ССР-ы ОМА, ф 27, оп-1, д.56.

2. Қаз ССР-ы ОМА, ф 58, оп-1, д.3.

Мектеп өлкетануы бойынша зерттеулер мен бақылаулар жан-жақты тәрбие беру, мектеп оқу бағдарламасымен байланысты көптеген пәндер (олардың ішінде ең алдымен география, биология, тарих) бойынша білімдерін нақтылау, жетілдіру үшін керек. өлкетануға байланысты білім беру, зерттеу нысандарымен танысу кезінде, оқу бағдарламасымен байланыссыз болуы да мүмкін, ондай жағдайда білім беру оқушылардың белгілі-бір пән бойынша алған білімдерін кеңейтуге бағытталады. өлкетану бойынша тәрбие және білім беру барлық жағдайларда нақты, жергілікті жер ерекшеліктеріне негізделеді. Мектеп өлкетануында қолданылатын зерттеу тәсілдері әр түрлі. Олардың ішінде негізгілері экскурсиялар, экспедициялар және туристік жорықтар.

Зерттеу нысанының бірінші түрі, яғни табиғат тақырыбына байланысты жұмыстар, белгілі бір жердің табиғатын оқып-білу 3 бағытта болады:

1) жеке табиғат компоненттері бойынша зерттеу;

2) табиғат кешендерін тұтастай оқып-үйрену немесе зерттеу;

3) табиғаттағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу.

Жеке компоненттер бойынша өлке табиғатын білу, зерттеу, оқып-үйрену нысандарының бірі – жергілікті жердің немесе нақты бір территорияның геологиялық құрылымы. Анықталатын мұндағы мәселелер: жергілікті жердің геологиялық құрамы (қандай геологиялық жыныстардан тұрады?), ол жерлерде кездесетін минералдар түрлері, пайдалы қазбалар, олардың құндылығы және пайдалану жолдары. Геологиялық жұмыстарды өлкетану мақсатында орындау үшін қолайлы жерлер-кристалды жыныстардың жер бетіне шығып жатқан орындары, үңгірлер. Тау жыныстарының кристалдық, метоморфоздық және шөгінді жыныстық түрлері қаралып, талданады, мысалдар келтіріледі. Геология тақырыбы бойынша ерекше орын – үңгірлер. Белгілі бір өлкедегі үңгірлер ерекшеліктерін, олардың пайда болу жолдарын білу, оқып үйрену қажет. Вулкандық тау жыныстары мен кратерлер де геологиялық зерттеу нысаны болады. Теңіздер мен ірі көлдер болатын болса, олар теңіз геологиясына байланысты қаралады. Геологиялық бақылаулар мен зерттеу жұмыстарының келесі нысандары – жергілікті жерлердегі минералдық және термелбдық бұлақ көздері және олардың емдік қасиеттері мен шаруашылықтық маңыздары.

Жеке компоненттер бойынша жергілікті жердің табиғатын оқып үйренудің келесі тақырыбы - рельеф. Жергілікті жер рельефі пішіндері (тау, жота, тау аралық аңғар, тау аралық қазан шұңқыр, адырлар, сілемдер, сайлар, төбелер, шоқылар т.б.), олардың пайда болу жолдары қаралады. Жергілікті рельеф пішіндерінің жеке, өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Абсолюттік және салыстырмалы биіктіктерге, тау жоталарының жату бағытына, беткейлердің көлбеулілік дәрежесіне, жалпы рельеф жағдайының, жеке формалардың ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізетін әсеріне көңіл бөлінеді.

Гидрология бойынша шағын, әлі онша зерттелінбеген өзендер мен көлдер, олардың сипаттамасы берілу керек. Бұл шаруашылық, табиғатты қорғау, туристік т.б. мақсаттар үшін жасалынады. Бұл жердегі айтылатын мәселе, гидрологиялық

нысандар (өзендер, көлдер, су қоймалары т.б.) оларды қоршаған территориялармен байланыстыра қаралуы тиіс. өзендер олардың аңғарларының элементтері (арна, жайылма, террасалар) сипаты мен кешенді қаралады. Су режиміне, шаруашылықтың маңыздылығына көңіл бөлінеді. Биік таулы аудандарда, мұздықты жерлерде, гляциологиялық зерттеулер мен бақылаулар жүргізілуі мүмкін. Бұл платиналар, туристік спорттық кешендер т.б. құрылыстар салу үшін маңызды. Су нысандарындағы тіршілік назардан тыс қалмауы керек. Кейбір жерлерде жер асты сулары, олардың жер бетіне шығу жағдайы, өзендер мен көлдер зерттелінеді. Егер батпақты участоктар болатын болса, батпақтарға сипаттама беріледі. өзен торының жиілігі мен өзендер бассейндерге көлемін анықтау қажет. Гидрологиялық экскурсиялар мен экспедициялар кезіндегі маңызды тақырыптардың бірі - өзен аңғарының геологиялық құрылымы. Бұл тақырып бойынша жергілікті жердің геологиясын, өзен ерекшеліктерімен және су режиміне байланысты үрдістермен қоса, жалғастыра қарау жүзеге алады.

Белгілі бір жердің (өлкенің) климатына немесе ауа-райына байланысты тақырыптар төмендегідей мәселелерді қамтиды. өлке климатының ерекшелігі, территория орналасқан климаттың белдеу. Жергілікті жердің ауа-райының элементтері мен олардың сипаты (ауа райы элементтеріне жауан-шашын мөлшері, радиация, жел, температура жатады).

Микроклимат. Жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын желдерге, олардың жылдамдығына, бағытына көңіл бөлінеді. Шағын табиғат кешендердің (батпақтар, тоғайлар, шағын көлдердің жағалары т.б.) бойында қалыпталатын микроклимат пен ол байланысты болатын локальдық факторлар бақылау назарында болуы тиіс.

Топырақ жамылғысы бойынша өлке орналасқан табиғат зонасы, онда кездесетін топырақ түрлері мен олардың қысқаша ерекшеліктері бақыланады, зерттеледі. Бұл мәселе бойынша топырақ түрлері (нақты бір территориядағы топырақ түрлері) климатпен, оның ішінде, әсіресе, түсетін жауын-шашын мөлшерімен және сол топырақта өсетін өсімдіктер сипатымен байланыста қаралуы керек.

өлкетанудың табиғи тақырыптарға байланысты келесі зерттеу нысаны өсімдік жамылғысы. Бұл компонент бойынша территория орналасқан табиғат зонасы, онда кездесетін өсімдіктер түрлері мен топтары, биоценоздар қамтылады.

Жануарлар дүниесі бойынша өлке территориясында кездесетін жануарлар түрлері мен топтары, олардың мекен ету орталары анықталады. Жануарлар дүниесі және өсімдік жамылғысы туралы мәселер қозғалғанда олардың шаруашылықтық маңыздығы алдыңғы қатарда тұруы қажет. Бұл, әсіресе, кәсіптік аңдар, балықтар түрлеріне, жайылымдық жерлер мен орман учаскілері және оларды қорғауға алуға қатысты.

Жеке компоненттер бойынша белгілі бір территорияның, өлкенің сипаттамасын беру кезінде компонент аралық өзара байланыстылықты ұмытпай, оларды ескеру қажет. Жеке компоненттерді бір-бірімен байланыстыра қараған жөн. өйткені, бір компоненттің ерекшелігі (нақты, белгілі бір жерде) оған

байланысты болатын екінші бір компонент ерекшелігіне негізделеді. Осы байланыстылықтардың, яғни жеке компоненттер арасындағы байланыстылықтардың бәрі жиылып, белгілі бір өлкенің табиғи ерекшеліктерінен, өзгешеліктерінен көрініс табады.

Мысалы, жауын шашынның және температураның белгілі бір жерде таралуына сол жердің рельеф жағдайы әсер етеді. Бұлар, әрбір рельеф жағдайын, жауын-шашын мөлшері мен температуралық режим, өз кезегінде, топырақ, жамылғысы мен өсімдіктер дүниесінің, жануарлар түрлерінің таралуын анықтайды.

Табиғат бойынша жүргізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарының келесі үлкен тобы немесе бағыты – табиғат кешендері. Бұл бағыттағы жұмыстардың ерекшелігі – біріншіден, бақылаулар мен зерттеулер жеке компоненттер бойынша емес, тұтастай, территориялық жеке айырмашылықтар бойынша, кешенді қаралады, жеке территориялардың кешендік байланыстылықтары ашылады, екіншіден жеке территориялық кешендер арасындағы горизонтальдық байланыстар ескеріледі. Жан-жақты түрде зерттелетін территориялық жеке кешендер ландшафтар, қоныстар, фациялар немесе мезокешендер түрінде болады.

Табиғат бойынша өткізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарының өлкетанудағы үшінші бағыты – табиғатты қорғау, жергілікті жердегі, өлке территориясындағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу мәселелері. өлке территориясындағы жалпы экологиялық ситуацияны анықтап, оған баға беру қажет. Дағдарыс алдындағы және экологиялық дағдарыс жағдайындағы аудандарды есепке алып, олардағы дағдарыс деңгейі мен ауқымын талдау, дағдарыстың шығу себебіндегі горизонтальды территориялық байданыстардың әсерін анықтау, өлке территориясы табиғатының өзгеру деңгейіне баға беру және бұл өзгерістерге әсер еткен факторларды тіркеу қажетті іс-шаралар болып табылады. Экологиялық өзгерістерді зерттеу көбіне жеке табиғат кешендерінде жүргізіледі немесе жеке компоненттер бойынша да жүргізілуі мүмкін (мысалы, белгілі бір жердің топырақ жамылғысының немесе ауасының ластануын анықтау т.б.). Бұл бағыттағы жұмыстар негізінде табиғаттағы сирек кездесетін нысандардың өлке территориясы бойынша таралуы анықталады, оларды қорғауға байланысты іс-шаралар белгіленеді. Экологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының бірі – су нысандарын, өзендер мен көлдердің, әсіресе, шағын өзендердің ластану жағдайын анықтап, қорытындылау. Бұл жерде ластану көздерін табу маңызды мәселе.

Өлкетанудың екінші бір зерттеу нысаны немесе мақсаты өлкенің шаруашылығы, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерекшеліктерін анықтау. Бұл мәселе бойынша қаралатын нәрселер: өлке аумағында шаруашылықтың қай салалары басымдау дамыған? өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының қандай салалары басым? Барлық қалған территорияға әсерін тигізетін ірі-ірі өнеркәсіп орталықтары бар ма? өлкедегі шаруашылықтың негізгі салаларына жататын және басқа да ірі кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар, фермалар, транспорт мекемелері. өлке территориясының табиғи



ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізер әсері. Көрші региондармен шаруашылықтың байланыстар. Шығатын пайдалы қазбалар, олардың маңызы, пайдалану жолдары. өлке территориясындағы транспорттық құрылым. Зауыттар мен фабрикалардың шикізат көздері. өлкенің қуатпен қамтамасыз етілуі. Кәсіпорындардың болашақ даму мүмкіндіктері. өнеркәсіптің таралу схемасы.

Белгілі бір территорияда, өлкеде тұрып жатқан халықтардың кәсібі жеке аумақтық айырмашылықтарға негізделеді. Бұл айырмашылықтар табиғат жағдайымен, тарихи ерекшеліктермен т.б. жағдайлармен анықталады. өлкетанудың міндеті осындай айырмашылықтарды табу. Бұл жөнінде Қазақстан және дүние жүзі бойынша көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазақстан бойынша қазақша текемет, кілемдер негізінен үш облыс аумағында (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл) жасалынады. Ауғанстан халықтарының кейбіреулері керуен жолдарында тасымалдаушы жол серік кәсібін меңгерген. Тибетте, Неапалда тұратын шерп халқы басқа шаруашылық, кәсіп түрлерімен қатар саяхатшылар мен альпинистерге жол көрсетуді кәсіп етеді. Вьетнамдағы таулы жер халықтарының (тхай, мео, пуон, яо, уни т.б.) жазық жердегі вьетнамдықтарға қарағанда егетін күріш сорттары басқа (құрғақшылыққа төзімділу) және террасаларда егеді, бұдан басқа олар аңшылықты кәсіп етеді (әсіресе мео).

Өлкетану бойынша орындалатын бақылау, зерттеу жұмыстарының келесі үлкен тобы белгілі бір өлкенің, онда мекендейтін халықтардың тарихи, тарихи аңшылар, археологиялық орындар, тарихи есерткіштер. Материалдар жиналатын археологиялық орындар көне қалалар қалдықтары, қорғандар, ескі кен орындары, жар тастардағы бейнелер т.б. түрінде болуы мүмкін. Археологиялық орынның орналасқан жері, ең жақын деген мекенге дейінгі қашықтық анықталады. Бағалы, тарихи құнды заттар табылуы мүмкін мәдени қабат басты назарда болады. өлке территориясындағы сақталынған көне қалалардың, археологиялық орындардың бұрынғы сауда жолдарының (мысалы, ұлы Жібек жолы) бойында орналасу жағдайы ескерілуі тиіс. Археологиялық орындары зерттеу кезінде олардың жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі керек.

Мысалы, әрбір көне қалалардың рабаттары (қала кварталдары), шахиристандары (цитадель) көлемі, сипаты жағынан әр түрде болуы мүмкін. қала қақпалары да керуен жолдарына байланысты түрлі бағыттар бойынша орналасады. Жергілікті археологиялық жерлерді зерттеу кезінде олар туралы мұражайларда қойылған экспонаттарды пайдалануға болады. Тарихи орындардың, оның ішінде археологиялық орындардың ішінде бұрынғы адамдар мекендеген үңгірлер, олардың сипаты, қай тарихи кезеңге (палеолит, мыс ғасыры, темір ғасыры т.б.) жататындығы айқындалады. өлкенің археологиялық картасын жасауға көңіл бөлініп, оған өлке территориясы бойынша орналасқан барлық орындар түсіріліп, белгіленуі керек. Археологиялық орындарға жататын келесі бір нысан— көне суару каналдары. Егер өлке территориясында бұндай жерлер кездесетін болса, олардың ерекшеліктеріне, сақталу деңгейіне көңіл бөлу қажет.

Өлкетанудың тарихи тақырыптар бойынша зерттеу нысандарының келесі тобы – тарихи ескерткіштер (мазарлар, мешіттер, көне құрылыс орындары, минареттер, шіркеулер, храмдар, монастырлар, синагогтар, пагодалар т.б.). өлкетану бойынша зерттеулерде кешенді тарихи орындар (тарихи кешендер) ерекше маңызға ие болады. Ондай жерлерге архитектуралық ансамбльдер, тарихи орындар орталықтары, көне қалалар кварталдары, көне аландар, көшелер тобы жатады. Кейбір қалаларда қаланың тұтастай бөліктері, кварталдары бұрынғы орта ғасырлық архитектуралық бейнеде, көріністе сақталған (Талинн, Рига, Венеция, Флоренция т.б.).

Тарихи тақырыптағы зерттеу жұмыстарына сондай-ақ белгілі бір территорияда тарихи кезеңдерде болған, халықтың өмірімен тығыз байланысты болған оқиғалар жайлы деректер жинау, тарихи-мемориалдық орындарды анықтап, тіркеу (Солтүстік Кавказдағы Пушкин мен Лермонтов өмірбаянына байланысты, Санкт-Петербург, Псков облыстарындағы Пушкин есімімен байланысты, Қазақстанның Алматы облысындағы Ш.Уәлиханов есімімен байланысты орындар т.б.) тарихи өлкетану мұражайларындағы экспонаттармен танысу т.б. жатады. Жалпы айтқан кезде, тарихи тақырыптар бойынша зерттеу, бақылау, деректер, материалдар, экспонаттар жинаумен айналысатын өлкетанудың жеке арнайы түрі бар. Ол тарихи өлкетану деп аталады. Жоғарыда айтылып, көрсетілген міндеттер мен атқарылатын жұмыстар осы тарихи өлке тануға тән.

Өлкетанудың келесі зерттеу нысаны—өлке аумағында тұратын, мекендейтін халықтардың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктері, демографиялық жағдайы, топонимикасы. Жергілікті халықтардың ерекшеліктерін зерттеу кезінде сол халыққа және ең көп таралған, тартымды мақал-мәтелдерді, ән-өлеңдерді, қол өнер, оның ішінде ағаштан ойылып жасалынатын бұйымдар, шашақ, кесте түрлері, ойыншықтар, ыдыстар жасау, киім, аяқ киім тігу, мата және кілемдік бұйымдар, шкатулкалар мен әр түрлі әсемдік бұйымдар т.б. заттар ерекшеліктеріне тән деректер жиналады.

Этнографиялық бағытта орындалатын жұмыстардың тағы бір түрі – елді мекендерге сипаттама беру, зерттеу. Бұл мақсат үшін, әсіресе, шағын селолар, елді мекендер қолайлы. Елді мекендерге сипаттама беру немесе зерттеу жобамен төмендегідей жоспар немесе бағдарлама бойынша жүзеге асады.

- 1) Географиялық орны;
- 2) Аты және оның шығу тегі;
- 3) Көлемі;
- 4) Елді мекен орналасқан жердің табиғат жағдайы;
- 5) қалыптасу және даму тарихы;
- 6) Халқы, ұлттық құрамы, халқының кәсібі;
- 7) Шаруашылығы;
- 8) Транспорттық жағдайы;
- 9) әкімшілік – саяси жағдайы;
- 10) Мәдени маңыздылығы;
- 11) Ішкі ерекшеліктері;

12) Көрікті орындары, ескерткіштері;

13) Туристік-экскурсиялық маңыздылығы.

Этнографиялық зерттеу жұмыстары сондай-ақ жергілікті тұрғындардың жеке үйлерінің сыртқы және ішкі (интерьер) көріністерін, халықтық медицинаны, салт-дәстүрлерді, сенім-нанымдарды, дінін, тілдік ерекшеліктерін, қоғамдық және жанұялық тұрмыс-тіршілігін, халықтың көркем өнерін, фольклорын білуге бағытталынуы тиіс. Халықтардың ұлттық мейрамдары мен олардың мәнін, сипатын, би өнерін білу маңызды. Сонымен қатар қол өнерге тән тастан, металдардан, сүйектен бұйымдар жасау назардан тыс қалмау керек. Халықтардың кәсіптік, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, қолданылатын еңбек құралдарына, аңшылық, балық аулау, теңіз кәсібіне, ара шаруашылығына (қосымша немесе негізгі кәсіптер ретіндегі), оларды жүргізу ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі қажет. үй жағдайындағы өнім өндіру мен әр түрлі сатуға жарайтын бұйымдар жасау (кілемдер тоқу мен кілемдер түрлері, ат-саймандарын жасау, тері бұйымдары, азық-түліктің қолдан жасалатын түрлері т.б.) мен олардың технологиялық үрдістері, сондай-ақ кейбір көшпенді халықтардың (немесе бұрынғы көшпенді халықтардың) қона-жай ретінде пайдаланатын киіз үйлердің, шатырлардың материалы, дайындалу технологиясы этнографиялық тақырыптарта жүргізілетін өлкетану жұмыстары ауқымында болады.

Этнографиялық, әлеуметтік бағыттағы зерттеу жұмыстарында халықтың демографиялық жағдайының маңызы зор. Жергілікті тұрғындардың басқа жақтан көшіп келуіне және көшіп кетуіне, санына, тығыздалығына, орналасу ерекшеліктеріне, ұлттық және жас құрамына назар аудару керек. Урбанизация жағдайы ескеріледі.

Этнографиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының маңызды элементі – топонимика. Жол серік кітапшалар, карталар, туристік есеп қағаздары бойынша жергілікті географиялық атауларды, жер-су аттарын білу, анықтау қажеттілігі туындайды. Оның ішінде микротопонимдерді? (көлемі жағынан шағын боп келетін жер-су аттарына байланысты нәрселер) орны ерекше. Шағын ғана бір елді мекен бойында 150-200 тарта жер-су аттарын кездесетіруге болады. Бұл жайылымардың, бақтардың, өткелдердің, құдықтардың, бұлақтар мен бастаулардың, сайлардың, тоғайлардың, алаңдардың, батпақтардың, шағындардың т.б. жерлердің аттары болуы мүмкін.

Жоғарыда аталынған өлкетанудың зерттеу, бақылауға алу нысандарынан бөлек, көп жағдайда мектеп өлкетануы үшін қолданылатын, басқа да өлке ерекшеліктерін зерттеу нысандары бар. Олар – көбінесе қазіргі заманғы өлке территориясындағы өнер қайраткерлері, туындылары, өнер салаларына байланысты мәселелер. Олардың ішінде бейнелеу өнерінің (скульптура, графика т.б.), архитектураның, әдебиет өнерінің, музыканың (және оның түрлерінің), театрдың, хореографияның, кино өнерінің жағдайы, жеткен табыстары, бұл өнер салалары үшін еңбегі сіңген қайраткерлер мен олардың өміріне байланысты мәселелер қаралуы керек.

Өлкетану мен туризм өзара байланысты нәрселер, сондықтан өлкетану жұмыстары кезінде, өлкетанудың зерттеу нысандары ретінде белгілі бір

территорияның (ауданның, облыстың, өлкенің) туристік-рекреациялық мүмкіндіктері, туристік ресурстар, туристік әр түрлі нысандар (табиғи, тарихи, әлеуметтік-экономикалық) анықталынуы тиіс. Оның ішінде ерекше көңіл жергілікті жердің, өлкенің рекреациялық жағдайларына, мүмкіндіктеріне бөлінуі тиіс. Сондай-ақ спорттық және т.б. мақсаттар үшін жасалынатын туристік жорықтар жасау мүмкіншіліктері, өлке территориясында орналасқан нысандар бойынша экскурсиялар өткізу жағдайы, туристік-рекреациялық зоналар, туристік орталықтары, ұлттық парктер құру мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне бөлінеді. Жергілікті жерлерде туристік базалар құру, ол үшін және пансионттар мен демалыс үйлерін, санаторийлер алу үшін, яғни, екінші сөзбен айтқанда, белгілі бір нақты, локальдық масштабтағы территорияны тұрақты түрде туристік мақсаттар үшін пайдалануда жерлерді, орындарды олардың сыртқы әсер күштеріне деген табиғи тұрақтылығына көркемділігі мен қайталанбас ерекшеліктеріне, рекреациялық мүмкіндіктеріне байланысты таңдап алу, осындай туристік-рекреациялық орындардың транспортпен, коммуникациямен т.б. инфрақұрылымның бөліктері мен жергілікті жер ерекшеліктері бойынша, оларды ескеріп, есепке ала отырып қамтамасыз етуді жоспалау, жобалау қажет.

Бұл да өлкетанудың практикалық маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

#### *Өлкетану, оның түрлері және жұмыс формалары.*

Өлкетану дегеніміз – белгілі бір аумақты, ауданды, қаланы, селоны т.б. елді мекендерді, облысты, регионды мемлекет территориясының жеке бөліктерін жан-жақты зерттеумен және оқып-танумен айналысатын қоғамдық құбылыс. өлкетанудың түрлері – мемлекеттік, қоғамдық, мектеп және тарихи өлкетану. Мемлекеттік өлкетану – арнайы органдардың қатынасындағы ұлттық және өлкетану (облыстық, аудандық, қалалық) мұражайлар жұмысын ұйымдастыру, әкімшіліктердегі, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы мәдениет пен ғылымға байланысты бөлімдердің жұмыстары, жеке территориялардағы шаруашылыққа және табиғатқа қоршаған ортаны қорғауға байланысты зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру түрінде көрінеді.

Қоғамдық өлкетану – қоғамдық өлкетанушылардың, туристердің, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың күшімен ұйымдастырылып жүргізілетін жоғарғы және жергілікті дәрежедегі тақырыптық және т.б. мұражайларды құру, олардың жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізу, өлке ерекшеліктеріне байланысты, өлке тарихы мен онда өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау т.б. жұмыстар.

Мектеп өлкетануы - мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша материалдар негізінде білімді жетілдіруге, сондай-ақ әр түрлі туристік - өлкетану шаралары барысында түрлі тәрбие түрлерін беруге байланысты жұмыстар. Мектеп өлкетануында оқушылармен жұмыс жасалынады, деректер жинадып (түрлі тақырыптарға байланысты) жергілікті жер материалдары негізінде мектеп мұражайлары жасалады.

Өлкетанудың ерекше түрі – тарихи өлкетану. Ол – белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқиғаларды, тарихи белгілі қоғам қайраткерлерінің өмірін, тарихи – мемуариалдық және тарихи архитектуралық ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін, археологиялық орындарды зерттеумен, оқып-танумен айналысатын өлкетану түрі. Кейбір мамандар сондай-ақ этнографиялық, топонимикалық, кешенді географиялық және физикалық-географиялық өлкетану түрлерін бөледі.

Туризм саласы мамандарды арасында туризм мен өлкетануды бірге алып қарау керек деген пікір бар. Олардың пікірін бұл оқулықта ескере және келтіре отырып, авторлар бұл мәселе бойынша өз пікірлерін білдіреді. өлкетану өз бетінше жұмыстар жүргізе алатын өзіндік жұмыс әдістері немесе формалары (өлкетану экспедициялары, ғылыми этнографиялық және археологиялық экспедициялар, мұражайлар жұмыстары) бар қоғамдық құбылыс. Оған мысал ретінде көптеген мемлекеттердегі ішкі этнографиялық, кәсіби, мәдени-фольклорлық т.б. ерекшеліктердің, көптеген өлкетанушы ғылымдардың жұмыстарын айтуға болады. Ал туризмнің өлкетануға қарағандағы қоғам өмірінде алатын орны мен рөлі жоғары, ол көп жақты. Туризмді экономиканың бір саласы ретінде, спорт түрі, демалыс-сауықтыру құралы, оқу-тәрбие, танымдық маңызды нәрсе реттерінде қарауға болады.

Алайда туризм мен өлкетанудың жақын келетін жақтары бар, сондықтан, көп жағдайда олар бірге алып қаралады, жұмыстары бірге өткізіледі. Туризм мен өлкетанудың жақын келетін жерлері – біріншіден, екеуінде тәрбие, білім беру құралы ретінде тануға болады, екіншіден, кейбір жұмыс істеу формалары ортақ (экскурсия, жорықтар).

Өлкетану туризмнен басқа бірнеше ғалымдармен және қоғамдық құбылыстармен байланысты. Олар:

1) География. өлкетанудың географиямен байланысты болуының себебі – география жалпы географиялық заңдылықтарды зерттеумен қатар территориялардың бір-бірінен табиғи және т.б. ерекшеліктерін (физикалық-географиялық және әкімшілік аудандастыру бойынша) зерттейді. өлкетанудың алға қоятын мақсаты да жеке, белгілі бір территорияның (регионның, облыстың, ауданның, өлкенің т.б.) өзіне тән әр түрлі ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу, оқып-тану. Кез келген жүйе сияқты, географиялық өлкетану мектепте бұл белгілі бір ұйымдастырушылық-әдістемелік байланыстар мен қарым-қатынастардағы элементтер кешені. Географиялық өлкетану элементтерінің кешені — бұл оның міндеттері мен ұйымдастыру принциптері, өлкетану жұмысының мазмұны, оны жүзеге асырудың, жоспарлаудың және бағыттаудың нысандары мен әдістері.

Географиялық өлкетану оқу-тәрбие жұмысындағы жүйе ретінде тәрбие мен білім берудің ортақ мақсаттары мен міндеттеріне негізделеді. Оқыту мен тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған географиялық өлкетанудың негізгі міндеттері, біріншіден, оқушылардың туған өлкенің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жан-жақты зерделеуі, екіншіден, алынған өлкетану білімдерін пайдалану, оқу материалын

тереңірек және мағыналы меңгеру және оқу-тәрбие жұмысын жандандыру мақсатында білім алушылардыңдің практикалық дағдылары.

Географиялық өлкетанудың құрамдас бөліктері оқу (бағдарламалық) және сыныптан тыс өлкетану жұмыстары болып табылады

2) Өлкетану тарих ғылымымен байланысты. өйткені өлкетану жұмыстарының нәтижесінде өлке тарихына қатысты және өлке территориясындағы тарихи орындар мен ескерткіштерді зерттеуге оқып-үйрену-тануға, сақтауға байланысты міндеттер орындалады. Бұл жұмыстармен жоғарыда айтылғандай өлкетанудың бір түрі тарихи өлкетану айналысады. Тарихи өлкетану негізгі деректерін үш категорияға бөлінеді: материалдық (археологиялық, архитектуралық, өнер шығармалары ж.т.б.), жазбаша және ауызша. Өлкетану деректері: баспа, статистикалық, картографиялық, мұрағат, ауызша, өлкетану библиографиясы, тарих және мәдениет ескерткіштері, өлкетану білімінің деректемелері ретінде табиғат процестері мен объектілерін бақылау болып табылады.

3) Биология. өлкетану жұмыстары кезінде, әсіресе, мектеп өлкетануы бойынша туған өлкенің, яғни белгілі бір территорияның өсімдік түрлері, олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы, ярустылығы, зоналылығы, басқа табиғат компоненттерімен байланысы, өсімдік бірлестіктері (ценоз, биоценоз, биогеоценоз т.б.) қаралады. Мектеп өлкетануында бұл мәселелер оқу бағдарламасымен (биология пәндері бойынша) байланысты, яғни жеке пән тақырыптарына сәйкестендіріп (өлкетану материалдарын пайдалана отырып) және бағдарламадан тыс, туристік - өлкетану жұмыс әдістері (экскурсия, экспедиция, өлкетану жорықтары) барысында қаралады. Биологиялық өлкетануды оқытудың мақсаты — білімгерлердің экологиялық мәдениетін, экологиялық сауаттылығын, табиғатқа жанашырлығын, туған өлкеге және қоршаған орта жағдайына деген жауапкершілігін қалыптастыру.

4) Өнертану. өлкетану жұмыстарының барысында, атап айтқанда тарихи-археологиялық, тарихи-архитеткуралық орындар мен ескерткіштерді оқып-тану, зерттеу кезінде, этнографиялық ерекшеліктермен, яғни белгілі бір өлке территориясында тұрып жатқан түрлі халықтардың материалдық дүниесімен (тұрғын үйі, ұлттық тағамдар мен киімдер, кәсіптік құралдары, музыка аспаптары, зергерлік бұйымдары, үй жиһаздары т.б.) музыкасымен, фольклорымен танысу кезінде және мұражай жұмыстары кезінде түрлі өнер салаларынан хабардар болуға және олармен жұмыс жасауға тура келеді.

5) Этнография. өлкетану өлке территориясындағы халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, ішкі айырмашылықтарын (бір ұлтқа жататын адамдардың тұру ортасына, тарихи факторларға т.б. байланысты бір-бірінен тілдік, мәдени, кәсіптік т.б. айырмашылықтар жасауы) зерттеумен айналысады. Олардың дәстүрлерін, тілін, дінін, әдет-ғұрыптарын, тарихын (этногенез), кәсібін, материалдық дүниесін, мәдени және рухани өмірін талдап қарайды.

6) Топонимика. өлке территориясындағы жер-су, елді мекендер аттарының шығу-тегі талданып қаралады, зерттеледі. Топонимика жер-су аттарының шығу-тегін зерттеумен айналысатын ономастика ғылымның (ономастика жер-су

аттарынан басқа адам және жануарлар аттарын да зерттейді) бір саласы. Жер-су аттарын зерттеу кезінде жергілікті жерге (өлкеге) және нақты қатысты жерге байланысты тарихи жағдайлар, ол жерлерде тарихи кезеңдерде тұрған және қазір тұрып жатқан халықтардың тілдік ерекшеліктері, сонымен қатар, табиғи сипаттарын ескеру қажет.

7) Музей тану. өлкетану жұмыстары кезінде өлкенің табиғатына, шаруашылығына, тарихына, этнографиясына, мәдени өміріне байланысты экспонаттар, материалдар жиналып сақталынады, мұражайлар құру мен олардың жұмысы өлкетанудың жұмыс формаларының бірі болып табылады.

өлкетанудың бірнеше жұмыс формалары бар. Солардың бірі туристік жорықтар. өлкетану бойынша өткізілетін жорықтардың бірінші ерекшелігі – олардың танымдық мақсаты, яғни олар белгілі бір тақырыпқа байланысты немесе жалпылама өлке территориясымен, оның ерекшеліктерімен, табиғатымен, т.б. танысуға бағытталады. өлкетану жорықтарын дайындау кезінде керекті жерлер мен орындар танымдық мақсат бойынша таңдалып алынады да жорық маршруты солар бойынша жүргізіледі. Олардың екінші ерекшелігі - топ мүшелерінің әрқайсысының өз міндеттерінің болуы. Ол міндеттер жорықтың мақсатына байланысты топ мүшелерінің жеке қабілеттерін ескере отырып бөлініп беріледі. өлкетану жорықтары көбінесе мектеп өлкетануында көп қолданылатындықтан мектеп оқушыларына белгілі бір атқаратын жұмыстар тапсырылады. Бұл жағдай жеке пәндер бойынша мектеп бағдарламасымен байланыстырылады. Мысалы география пәніне байланысты жеке табиғат компонентері топ мүшелері арасында бөлінеді. Бір оқушы жетекшінің көмегімен маршрут бойынша рельеф жағдайына сипаттама беріп, керекті кескіндерді, схема-карталарды дайындаса, екінші геологиялық жағдайға, немесе ауа-райы жағдайларына (ауа-райының жеке элементтері бойынша графиктер сыза отырып) бақылау жасайды т.с.с.

Әрбір топ мүшесіне жеке міндеттемелер бөліп беру басқа да пәндер бойынша да жүргізіледі. Бұл орайда биологияның, тарих пнінің мүмкіндіктері көп.

Өлкетанудың келесі жұмыс формасы саяхаттар. Саяхаттар мен жорықтар тек қана туризмде ғана емес, сондай-ақ өлкетануда қолданыла береді. Бірақ өлкетану бойынша саяхаттардың мақсаты - өлке ерекшеліктерімен, оның көрнекі орындарымен танысу және сондай-ақ басқа өлкелер ерекшеліктерін, региондар мен мемлекеттердің ішкі айырмашылықтарын танып-білу. өлкетану бойынша саяхаттар арнайы жолдамалар, яғни туристік кәсіпорындарының коммерциялық негізде ұйымдастыруымен жоспарлы түрде немесе ұйымдар мен мекемелердің басқа тиісті орындармен келісу, шарт жасау негізінде өз бетінше ұйымдастыруы арқылы өткізілуі мүмкін. Саяхаттар мен жорықтарды ұйымдастыру кезінде, өлкетану бойынша да, арнайы қажетті құжаттар дайындалады.

Келесі жұмыс формасы – экскурсиялар. өлкетанудағы экскурсиялардың ерекшелігі – олар нақты бір регионның, өлкенің ерекшеліктерін, көрнекі орындарын көрсетуге бағытталады. өлкетану бойынша экскурсияның барлық 5 түрі де пайдаланылады. Олар: табиғатқа жасалынатын экскурсиялар, шолу

немесе қала экскурсиялары, мұражай экскурсиялары, өндіріс орындарына жасалатын экскурсиялар және тақырыптық экскурсиялар.

Зерттеу экспедициялары да өлкетанудың жұмыс формаларының бірі болып табылады. Олардың өзіне тән маршруты болады, алдын ала дайындық жұмыстары жасалынады, азық-түлік, құрал-жабдықтар, зерттеу құралдары дайындалынып, шығындар есептелінеді. Зерттеу экспедициялары табиғатқа жасалып (табиғат кешендері мен кешендерін зерттеу), экологиялық, археологиялық және этнографиялық болуы мүмкін. Экологиялық экспедициялар белгілі бір табиғаты дағдарысқа ұшыраған аймақтың теріс өзгерістерді анықтаумен айналысады. Археологиялық экспедициялар тарихи, археологиялық орындардың мәдени қабаттарында қазба жұмыстарын жүргізіп, көне қалалардың салыну ерекшеліктерін, тарихи оқиғаларды анықтайды, олар туралы түрлі экспонаттар, деректер жинайды. Этнографиялық экспедициялар регион, өлке территориясында тұрып жатқан халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, материалдық дүниесін, үйлері мен тұрғын жайларының сырт пішінің ішкі жағын, ұлттық киім ерекшеліктерін, музыкасын, фольклорын, кәсібін т.б. зерттеп, деректер жинайды.

Экспедициялар сондай-ақ, өлкетануда қайталанбалы, яғни тұрақты орындалатын зерттеу, анықтар, оқып-тану жұмыстары түрінде жүргізіледі. Бұл мектеп өлкетануына тән. Мысал ретінде республикалық оқушылардың «Атамекенң өлкетану экспедициясын айтуға болады. Бұл экспедиция республиканың көптеген облыстарында табиғатқа байланысты, экологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұндай жұмыстар көптеген мектептерде жүзеге асуда. Оқушылар деректер жинайды, өлшеу, анықтау жұмыстарын жүргізеді, табиғи компоненттердің, кешендердің жергілікті жерлер бойынша карталарын, сондай-ақ экологиялық карталарын түсіреді. Тұрақты орындалатын экспедицияларда жоғарыда аталынған табиғатқа байланысты және экологиялық зерттеу жұмыстарымен қатар, сондай-ақ өлке тарихына т.б. мәселелерге байланысты жұмыстар ұйымдастырып жүргізіледі. Ол үшін жергілікті тұрғындардан тарихи деректер (өлке территориясында болып өткен оқиғалар т.б. жайлы) мен экспонаттар жиналынып, архив және мұражай материалдары пайдаланылады.

Өлкетанудың маңызды жұмыс формасы – мұражайлар жұмысы. Мұражайлар түрлері, жұмыс бағыттары жағынан мемлекеттік немесе ұлттық мұражайлар, өлкетану мұражайлары және жеке белгілі-бір тақырыптарға арналған (геологиялық мұражай, музыкалық аспаптар мұражайлары, көркем сурет картиналары мұражайлары т.б.) мұражайлар болып бөлінеді. Жалпы өлкетану мұражай жұмыстарымен тығыз байланысты. өлкетануды мұражайларсыз көзге елестетудің өзі қиын. Жоғарыдағы айтылған мектеп өлкетануы бойынша ұйымдастырылатын тұрақты түрдегі экспедициялық жұмыстар мектеп мұражайларын құрумен және олардың жұмыстарын қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Экспедициялар барысында жиналған тарихи, табиғат, экология тақырыптарына байланысты экспонаттар мен материалдар, фотосуреттер негізінде мектеп мұражайлары құрылып, жұмыс



жасайды. Мектеп мұражайлары сондай-ақ мектеп өлкетануы бойынша жеке пәндер (география, биология, тарих) бағдарламаларына байланысты да құрылады.

Мұражайларда тұрақты түрде қойылатын экспонаттардан басқа уақытша жұмыс істейтін көрмелер, экскурсиялар, конференциялар (түрлі тақырыптардағы) ұйымдастырылады. Мұражайларды ұйымдастыру және олардың жұмысын қамтамасыз ету кездерінде есте болатын нәрсе – мұражай жұмыстарының ғылымилық және тарихилық принциптері. Мұражай жұмыстарының ғылымилығы дегеніміз – экспонаттар мен материалдардың белгілі бір тақырыпқа байланысты болып, ол тақырыпты жүйелі түрде ашып тұруы, мұражайдың атқаратын қызметін анық, дәл анықтау, оның жұмыстарының жүйелілігін қамтамасыз ету. Ал мұражай жұмыстарының тарихилығы экспонаттар мен материалдардың (әсіресе тарихи экспонаттар мен материалдардың) жеке тарихи кезеңдер мен мерзімдер бойынша құжатталып, сақталуы, жұмыс істеуі (мұражай бөлімдері мен экспозициялардың ұйымдастырылуы).

Экспонаттарды жинау кезінде оларды құжаттау және тіркеу жүргізіледі. құжаттау кезінде экспонатқа тән барлық мәліметтер – табылған орны және уақыты, оны табуға қатысты адамдардың аты-жөні, жасалынған материал сипаты, көлемі, ені, ұзындығы т.б. арнайы анықтама құжатқа жазылады. Экспонаттар мен материалдарды тіркеуде олар туралы анықтама қағаз 3 дана болып жасалынып, мұражай басшылығында т.б. жерлерде сақталынады. Экспонаттар мұражайларда тұрақты экспозициялар түрінде тұрады немесе мұражай қорында сақталады. Экспонаттарды көлеміне қарай, көрмелер үшін залдарды жабдықтау, экспозициялар кезінде, белгілі-бір ретпен орналастырады. ұсақ және орташа экспонаттар ірі экспонаттардың мәнін, мағынасын ашып, толықтырып тұратындай етіп қойылады. Залдарды жабдықтау, экспозициялар кезінде экспонаттар жеке бөлімдер бойынша орналастырылады. Ол кезде бөлімдер арасындағы сыбайластық, сәйкестік, байланыстылық сақталынып, осы жағдай экскурсиялар кезінде есте болады.

Мұражайлар жұмысы өлкетанудың негізгі жұмыс формаларының бірі болғандықтан оған кеңірек тоқталған жөн сияқты. Мұражай құруға кірісерден бұрын, оған қажетті материалдар мен экспонаттар іздеп жинастыру алдында арнайы дайындық қажет. Мұражай жұмысы бағыты бойынша әдебиеттерді, архивтерді, деректі құжаттарды қарап шығу керек, яғни мұражай жұмысының бағыт-бағдары толық айқындалуы керек. Мұраларды (экспонаттарды) іздеу белгілі-бір бағытта жүргізілуі тиіс. Жинастырылатын материал неғұрлым толық, жан-жақты сипатталатындай болуы, мұражайға келушілердің біліктік талғамдарына жауап беретіндей болуы керек. Мұраларды іздестіру, мұражай қорын толықтырып отыру тоқтаусыз жүргізетін жұмыс. Жаңадан түсетін материалдар, жиналған қор мұражай экспозициясын жалғастыра беруге мүмкіндік береді.

Мұражай қорының есебін және оны сақтауды қор сақтаушы жүргізеді, ол қорлардың есебін алуы және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мұражай қорында мынадай заттар сақталынады: халықтың тұрмыстық заттары, ғылыми мәнді заттар, еңбек туындылары, киімдер, музыка аспаптары, құжаттық немесе тарихи маңызды фотосуреттер, қолжазба және сирек кездесетін кітаптар, тарихи құнды құжаттар, муляждар, макеттер, карталар, диаграммалар, схемалар т.б. қоғамдық өлкетану бойынша жұмыс істейтін мұражайларда қымбат немесе аралас металдардан жасалған заттар мен тастарды сақтауға рұқсат етілмейді. Суық қару және қолдануға жарамайтын ату құралдары. Ішкі істер органдарының рұқсатымен ғана сақталады.

Мұражайлардағы барлық қорлар қатаң түрде құжатты есепке алынып, оларды зерттеу жұмысы қамтамасыз етіледі. Есепке алу мынадай кезеңдермен жүргізіледі:

- мұражайға түскен барлық материалдар актімен алынады;
- материалдар мұражай қорының есеп кітабына сипаттала жазылады;
- мемлекеттік мекемелерден және жеке адамдардан мұражайға қабылданған барлық материалдарға үш дана акт жасалады.

Оның бір данасы бақылау үшін директорда сақталады, екінші данасы материалды тапсырған мекемеге (адамға) беріледі, үшінші данасы қорларды меңгерушісінде сақталады.

Мұражайға түскен материалдарды актілеуде олардың тегін көрсетудің маңызы бар. Яғни заттың табылған жері, жасалған уақыты, тиісті тарихи оқиғалармен байланыстылығы т.б. мағлұматтар көрсетіледі. Мұндай мағлұматтарды заты тасырушы немесе қандай да болмасын туралы жазбалардан алуға болады. Бұл мағлұматтар жеке парақ қағазға немесе қабылдау актісінің сыртына жазылады. ұдайы сақталатын заттарды қабылдау актылары іс қағаздары папкаларына тізіліп, ретімен нөмірленеді. Жоғалған, ұрланған немесе жаратудан бүлініп қалған негізгі қордың заттарына арнаулы акт жасалады. Мұндада бүлінген немесе ұрланған заттардың жайын анықтау үшін мұражай бойынша бұйрықпен арнаулы комиссия құрылады.

Түскен заттарды қор есебі кітабына тіркеу және оларды сипаттау қабылдау актісі негізінде жүргізіледі. Материалдарды тіркеудің мақсаты – алынған материалдардың барлығында белгілі тәртіппен нөмірлеу. Нөмір бірден қойылады да материалға сипаттама беріліп, оның басқа ұқсас затпен айырбастай алмайтындай, жоғалған немесе ұрланған заттармен айыстыра алмайтындай етіп анық жазылады. Белгілі затқа қойылатын және қор есебі кітабына тіркелген нөмір қабылдау актісінің тиісті графасына да бірден қойылады. Мұражай қорына түскен заттарды есеп кітабына жазу қабылдау актісінде көрсетілген мағлұматтар бойынша және затты жан-жақты қарап көргеннен кейін жүргізіледі.

Қор есебінің кітабында мынадай графалар болады:

№ жазылған уақыт заттың түскен уақыты, қайдан, қалай алынғаны, акт №, жіберу құжаты заттың аты, қысқаша сипаттамасы, жазу белгілері, көлемі, т.б. заттың саны белгілі зат неден және қалай жасалынған ол заттың сақталу жарамдылығы қай қорға жатқызылады мемлекеттік мұражайдың арналы кітабы бойынша қоғамдық мұражайдың негізгі қорындағы заттың реттік саны

ескерту: ұдайы сақтауға берілгендігі туралы акты № (беруге рұқсат етілген құжаттық № және уақыты).

Қор есебінің кітабы ол толтырылғанда дейін беттері нөмірленеді, жіктеледі және мұражай бағынатын мекеме қол қойып, мөрімен қуаландырады. Кітап мұражай сейфінде ұдайы сақталады, оның кілті қор сақтаушысында болады. Мұражайдың негізгі қорынан зат шығарарда мұражай бағынатын мекеме басшысының жазбаша рұқсаты көрсетіледі және осы мекеменің мөрі басылады.

Мұражайға түскен барлық заттарға да оларды есептеу қорының кітабына тіркерде белгі қойылады. Белгіде мұражайдың цифрланған аты, заттың реттік нөмірі, заттың негізгі қорға немесе ғылыми қосалқы қорға жатқызылатындығы жазылады. Белгіні заттың өзіне жазу мүмкін болмаса, оны затқа қосақтау жүргізіледі. Мұражай қорларын сақтау оларды бүлінуден, зақымданудан қорғайтындай ұйымдастырылуы керек. қорлар сақтайтын орын бөлек болып, жұмыс істемейтін күндері жабылып, мөр басылып, өртке қарсы құралдармен жабдықталып, қорғау дабылы қойылады. қорды сақтауды дұрыс ұйымдастыруда оларды сақтайтын орынды жабдықтаудың үлкен маңызы бар сөрелер, шкафтар .

Қолжазбалар мен баспа материалдар папкаларда, фотосуреттер қораптарда сақталынып, олардың сыртында сақталатын материалдардың тіркеу белгілері, іштерінде материалдар тізбелері жазылады. Киімдер шығына дәлдеп жасалған аспаптарға кигізіліп сақталады.

Мұражайлардағы экспозициялар кезінде жоғарыда аталғандай бөлімдер арасындағы сыбайластық, байланыстылық сақталынып, экспозициялардың бірінен екіншісіне ауыса отырып, белгілі-бір жүйеде экспонаттармен танысу қажет, яғни мұнда да тарихилық (тарихи кезеңдер бойынша бөліп көрсету), ғылымилық (жүйелік, экспозициялардың белгілі-бір тақырыптық бағытқа сай болуы т.б.) принциптер сақталынады.

Экспонаттарды орналастыруда олардың еденнен 70-80 см жоғары, ені 2-2,5 м аспауы қажеттігі ескерілуі тиіс. Бұл экспозициялық белдеуден жоғары ірірек экспонаттар орналастырылады. Жан-жақты қарап танысуды қажет ететін ұсақ заттар, бұйымдар, бейнелеулер мен құжаттар жақын жерлерге қойылады. Маңыздылығы жағынан неғұрлым мәнді экспонаттар көруге ыңғайлы етіліп, алдымен көретіндей көрнекі орынға қойылуы тиіс.

Экспозициялық жұмыстың аяқталу кезеңі – залды тақырыптық-экспозициялық жоспарға сәйкес көркемдеп безендіру болып табылады. Мұндай безендіру жұмыстарына білікті шеберлерді, кәсіпкер көркемсуретшілерді, сәулеткерлерді тарту керек. Олар қолайлы әсем сөрелер, жазбаларға келісті әріптер тандауды ойдағыдай шешіп қана қоймай, сондай-ақ экспозицияларды келісушілердің көзін тартатындай, анықтап түсінікті етіп орналастыруды эстетикалық талғам тұрғысынан шеше алады.

Көп тараған мұражай жұмыстарының бірі – мұражай экскурсиялары. Мұражай экскурсиялары көбінесе экспозициялармен жалпы таныстыру түрінде және кейде тақырыптық түрінде өткізіледі. Тақырыптық мұражай экскурсиялары келушілердің түрлі топтарын ескере отырып ертерек әзірлікпен жүргізіліп, белгілі-бір оқиғаларға, атаулы күндерге қатысты ұйымдастырылады.

Жалпылама экскурсия мен тақырыптық экскурсия арасындағы айырмашылыққа қарамастан, оларды дайындап өткізудің екеуіне де ортақ әдістер бар. әрбір экскурсияға әдістемелік тұлғадан талдау жасап, тақырып аттары, көрсетілетін экспонаттар тізімі аталады. Көрсететін экспонаттарды алдын ала тізіп алу экскурсияны жүргізушіге жеңілдік туғызады. Экскурсияны дайындау кезінде оған келетін топтардың құрамы есепке алынуы керек. Экспонаттар тізімін жасау кезінде олардың санының көп болуы қажет емес. өйткені бұл жағдай қараушыларды жалықтырып жібереді, көргендерін естеріне қалдыра алмайды. Сондықтан тақырыпты неғұрлым толығырақ ашуды қарастырып, көңіл аударып, көз тартатын, танымдық мәліметтер беретін экспонаттарды іріктей білу керек. Мұражай экскурсияларында мұражайды бастан аяқ баяндайтын арнайы дайындалған текстер болады немесе тақырыптық экскурсиялар бойынша контролдық текстер алдын ала экскурсия жүргізуші арқылы дайындалады. Текстен басқа әдістемелік талдау немесе жоспар болуы тиіс. Экскурсияны жүргізушіге де арнайы талаптар қойылуы тиіс. Оның біліктілігі, баяндау тәсілі, сөз байлығы, сыртқы пішіні, көңіл күйі экскурсия сапасын жақсартады.

Мұражайларда экскурсиялардан басқа лекциялар, кездесулер, конференциялар, көрмелер ұйымдастырылады. Экскурсияларға қарағанда лекция тақырыпты кеңірек қамтиды, мұражай экспозициялары шеңберінен шығып кетеді мүмкін. Лекциялар үшін экспонаттар да пайдаланылады. Лекциялар, кездесулер, конференциялар үшін экспонаттар алдын-ала іріктеліп дайындалуы тиіс және олардың тақырыптары әр түрлі болатындықтан экспонаттар тақырыптарға сай болуы тиіс. Мұражай жұмыстарының тартымды, маңызды түрі – көрмелерді ұйымдастырып өткізу. Көрмелер үшін тақырыптарына сәйкес экспонаттар дайындалады. Олар мерекелерге т.б. сәйкес жылжымалы түрде басқа жерлерде, орындарда да ұйымдастырыла береді.

Мұражайлар ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, оқу орындарының, әкімшіліктердің жанынан да құрыла береді. Жаңадан ашылған барлық мұражайлар жергілікті мәдениет органдарында тіркелуі тиіс. Мұражай құру үшін белгілі бір экспонаттар қоры, жұмыс жүргізе алатын адамдар тобы, экспонаттарды сақтап, көрсете алатын орындары бар үйі мен жабдықтары болуы тиіс. қоғамдық мұражайларға ғылыми-әдістемелік басшылықты жоғарғы Мемлекеттік мұражай тәжірибеден өткізу, мамандықтарын жетілдіру курстарында оқыту т.б. арқылы жүргізіп отырады.

### *Географиялық өлкетану практикумы*

Болашақ мұғалімдерді даярлауда География-туризм факультетеріндегі географиялық өлкетану практикумы ерекше орын алады. Мақсаты, білім алушыларды өлкетану негіздерімен таныстырып, оларды туған жері мен туған өлкесін оқып-үйренудегі іскерлік және дағдымен қаруландыру. Бұл кезде “Туған өлке” терминінен – өлкетану әдебиеттері мен картографиялық материалдармен танысу, сонымен қатар жорықтар мен экскурсиялар кезінде тікелей байқау және зерттеу негізінде оқып-үйренетін өзінің әкімшілік өзінің әкімшілік облысы территориясын түсінеміз.

“Өзі тұрған жер” терминінен –радиусы 7-8 км аумақтағы оқу және сыныптан тыс экскурсиялар өткізу кезінде оқу және сыныптан тыс жұмыстар істейтін оқушылардың тікелей байқауына қолайлы мектеп маңындағы аумақтарды түсінеміз. “өзі тұрған жер” ұғымы әкімшілік аудан, қала типтес поселка, шағын қала, жасыл алқаппен шектес қалалық аудан, ауыл әкімшілік аумақтардың біраз бөлігін қамтуы мүмкін.

Білім алушылар практикум өту процесінде өлкетану нысандарын оқып-үйрену бағдарламаларымен, әдебиеттік, статистикалық және картографиялық мағлұматтарды шолу әдістерімен, далалық зерттеу әдістерімен, өлкетану-географиялық материалдарды өңдеу және дайындаумен танысады. Практикумның маңызды міндеттеріне білім алушылардың мектепте және одан тыс өлкетану-географиялық жұмыстар ұйымдастыра білуін қалыптастыру, өлкетану материалын география, туризм сабақтарында және оқу-тәрбие процесінің басқа формаларын жүргізу кезінде пайдалану жатады.

Практикумның ғылыми-әдістемелік бағыты бар. Ол білім алушылардың география, туризм пәндерінен теориялық білімдеріне, дала жұмыстарынан алған дағдыларына сүйенеді және географияны оқыту әдістемесімен тығыз байланысты болады.

Географиялық өлкетанудан практикум бағдарламасы кіріспеден және екі негізді бөлімнен тұрады. Олар: “өзі тұрған жерін өлкетану бағытында оқып-үйрену теориясы мен әдістемесі”, “Мектептегі өлкетану жұмыстары”.

Кіріспеде өлкетанудың мәні мен негізгі мақсаты, оны ұйымдастыру формалары және оқушыларға білім мен тәрбие берудегі мектептік географиялық өлкетану рөлі ашылады. Мұнда туған өлкесін оқып-үйрену география-туризм курстарының өзара байланыстары анықталады, география оқытушыларын даярлаудағы практикумның орны мен мақсаты ашылады. Білім алушыларды бұл мәселермен кіріспе түріндегі лекцияда таныстыру ұсынылады.

Өзі тұрған жері өлкетану-географиялық оқып-үйренудегі білім алушылардың I-IV курстардағы далалық практикаларда алған далалық зерттеулерден алған дағдылары мен іскерліктерін жетілдіру және тиянақтау бойынша жаңа комплекс жұмыстар қалыптастырады.

Практикумның “Мектептегі өлкетану жұмыстары” бөлімі білім алушыларды географияны өлкетану негізінде оқытуға даярлауға бағытталған. Бұл кезде білім алушылар өлкетану материалын жинау және оны мектеп курсына енгізуге, “өзінің облысы” тақырыбын оқып-үйрену әдістемесін жоспарлау және қолдануға, өлкетанудан факультатив жүргізуге, сыныптан тыс өлкетануды ұйымдастыруға дағдыланады (материалдар жинау және мектеп өлкетану бұрышын немесе мұражайын жабдықтау, білім алушыларды мемлекеттік, қоғамдық өлкетану мекемелері іс-әрекетімен және туған өлкесін оқып үйренумен шұғылданатын мектептен тыс балалар мекемелерімен таныстыру). Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындауда аталып отырған практикумның орны ерекше.

Практикумның мақсаты мен негізгі мазмұнын оны жүргізетін формалары анықтайды: лабораториялық сабақтар, тұрған жері және жеке өлкетану

нысандарын оқып-үйренуге арналған экскурсиялар, мектептегі практикалық жұмыстар жүргізуге бағытталған практикум бағдарламасы ұсынылады.

## Бағдарлама

### Кіріспе

Өлкетану, оның мәні, мақсаты. өлкетанудың ұйымдастыру формалары: мемлекеттік, қоғамдық, мектептік;

Қазақстан мектебі өлкетанудың даму тарихы. Туған өлкеде өлкетанудың дамуы;

Мектептегі географиялық өлкетанудың оқу-тәрбие процесіндегі рөлі, оның географияның мектеп бағдарламасындағы және оқушылармен сыныптан тыс жұмыстардағы орны;

Мектептегі өлкетану жұмысының түрлері және ұйымдастыру формалары (оқу, сыныптан тыс және мектептен тыс).

Практикумның география-туризм факультеті негізгі курстары, географияны оқыту әдістемесі, мектептегі педагогикалық практикамен байланысы. Географиялық өлкетану бойынша практикумның мақсаты.

### I. Өзі тұрған жерін өлкетану бағытында оқып үйрену теориясы мен әдістемесі

1 тақырып. Өзі тұрған жерін зерттеуді ұйымдастыру.

Зерттеу тақырыбын анықтау. Зерттеу ауаның таңдау. өзі тұрған жерін зерттеу мақсаты. Территорияны оның ерекшелігіне сәйкес өлкетану зерттеуі программасын жасау. Зерттеу әдістемесін таңдау. қорытынды есеп материалының мазмұны мен формасы.

1 тапсырма. Мына жоспар бойынша тұрған жерде өлкетану зерттеуін жүргізу:

1. Қолда бар әдебиеттік және картографиялық материалдармен танысу.

2. Тұрған жерді бақылап көру және компастық съемка негізінде планын жасау.

3. Оқып-үйренетін жердің физикалық географиялық сипаттамасын жазу.

4. Территорияның экономикалық географиялық сипаттамасын жазу (халқы және шаруашылығы). Пәнаралық байланыстар: I, II, III курстардағы дала практикасымен: компастық съемка, сол жердің табиғат компоненттері мен ТТК-ді оқып-үйрену, байқау нәтижелерін ретке келтіру.

### II. Мектептегі өлкетану жұмыстары

2 тақырып. Мектеп географиясы курсының өлкетану негізі.

Географияның мектеп курсынағы өлкетану мағлұматтарының мазмұны мен көлемі. Мектептегі географиядан өлкетану жұмысының жүйесі және оның басқа оқу тәсілдерімен байланысы. Географияны оқытудағы өлкетану принципінің маңызы.

2-тапсырма. Қазіргі мектеп бағдарламасының географияны өлкетану негізінде оқытуға қоятын талаптарын анықтау.

3-тапсырма. Табиғаттану мен география бағдарламалары және оқулықтарындағы өлкетану сипатындағы сұраулар мен тапсырмалардың мазмұнын және көлемін айқындау.

4-тапсырма. Оқытудың өлкетану негізіне және география бағдарламасымен салыстырғанда туризм, тарих, әдебиеттің орта мектеп бағдарламасындағы өлкетанудан тапсырмалардың көлеміне қойылатын талаптарды анықтау.

5-тапсырма. V-VIII сыныптардың география курстарындағы өлкетану материалын пайдалану ерекше қажет тақырыптарды анықтау.

Географияны оқыту әдістемесімен пәнаралық байланыс: пайдаланған бағдарламалар мен оқулықтарға талдау.

3-тақырып. Өлкетану экскурсиялары.

Оқу экскурсияларының мазмұны, олардың географияны оқытудағы маңызы. Экскурсия ұйымдастыру әдістемесі—экскурсияның мақсаты мен міндеті, маршрутты таңдау, даярлау, оқушыларды экскурсияға даярлаудың мазмұны мен әдістемелерін таңдау. Экскурсия өткізу. Экскурсия материалдарын ретке келтіру.

6-тапсырма. V-VIII сыныптардағы бағдарламада көрсетілген географиялық оқу экскурсиялардың жүйесі және мазмұнымен танысу.

7-тапсырма. Табиғаттану мен география оқу бағдарламаларында көрсетілген оқу экскурсиялары мен өткізудің типтік жоспарын жасау.

8-тапсырма. Табиғатқа экскурсия жасаудың мазмұны мен әдістемесін жасау: а) IV сынып оқушылары үшін (табиғаттану курсы бойынша); б) V сынып оқушылары үшін табиғатқа екі экскурсия (күзде және көктемде); в) VI сынып оқушылары үшін тұрған жердің табиғат комплекстерін оқып үйренуге арналған көктемгі экскурсия.

9-тапсырма. Табиғаттану, география мен туризмнің мектеп бағдарламаларын негізінде табиғатта фенологиялық байқау жүргізу жоспарын жасау, IV сыныптан VII сыныпқа дейінгі жыл мезгілі бойынша метеорологиялық, гидрологиялық, биологиялық және геоморфологиялық байқаулар жүргізудің мазмұнын анықтау.

10-тапсырма. VII сынып үшін табиғаттың негізгі компоненттері мен олардың табиғи-территориялық комплексі физикалық географиялық жағдайларын сипаттайтын өзара байланыстарын оқып-үйрену экскурсиясы маршруттын жасап, оны жергілікті жерде де өткізу. өткізілген экскурсия материалдарын ретке келтіру.

11-тапсырма. Экономикалық нысананы оқып-үйрену экскурсиясының мазмұнын жасау (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы немесе транспорт, кәсіпорындары).

12-тапсырма. өзі тұрған жерді оқып-үйрену кезінде жиналған өлкетану материалдарын пайдаланып мектеп географиясы курстары бойынша сабақтың мазмұнын жасау (әрбір студент бір сабақтың конспектісін даярлайды).

Географияны оқыту әдістемесі мен пәнаралық байланыс: оқу экскурсиялық мазмұны.

4-тақырып. VII-VIII сыныптар география курстарында өз облысын оқып үйрену.

“өз облысы” тақырыбын оқып үйренудің әдістемесі. Мазмұны, материалды іріктеп алу және тақырыпты жоспарлау. өз облысының географиясынан оқу құралдары: атлас, облыстың оқу карталары.

13-тапсырма. Облыстың, өлкенің, республиканың географиялық оқулықтары мен оқу құралдарына талдау жасау. Олардың құрылымы, мазмұны, әдістемелік аппаратының ерекшеліктері мен картографиялық жабдықталу жағынан салыстыру.

14-тапсырма. Облыстың қолда бар атластарына және оқу карталарына салыстыру бағытында талдаулар жасау.

15-тапсырма. VII-VIII сыныптар үшін өз облысының географиясын оқып-үйрену бағдарламасын жасау.

16-тапсырма. Осы тақырып бойынша барлық сабақтың мазмұнын талдау және олардың конспектісін жасау (әр студент бір сабақтың конспектісін дайындайды).

Географияны оқыту әдістемесімен пәнаралық байланыс: тақырыптық жоспар, сабақ конспектісін жасау, оқулықпен жұмыс істеу, картаны оқу “өз облысы” тақырыбынан оқу құралдарын талдау. Топография негіздерімен, картографиямен пәнаралық байланыс: облыстың картографиялық материалдарына, атластарына, қабырға карталарына талдау.

### *Сыныптан тыс өлкетану.*

5 тақырып. Сыныптан тыс өлкетану жұмыстары.

Мектепте сыныптан тыс өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру формалары. Жалпы мектеп өлкетану жұмыстарының міндеті. өлкетану үйірмесінің жұмыс әдістемесі. Туған өлкенің туристік – өлкетану мүмкіндігі, жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастыру және жүргізу.

Мектеп өлкетану бұрышы мен мұражайының мазмұны және экспозициясы.

17 тапсырма. Белгілі бір өлкетану тақырыбына библиографиялық әдебиеттерді іріктеп алу.

18 тапсырма. Республикалық “Атамекен” туристік-өлкетану экспедициясы мазмұнына сай өлкетану мен туризмнің жалпы мектептік жұмыс жоспарын жасау.

19 тапсырма. Мектептегі өлкетану үйірмесінің жылдық жұмыс жоспарын жасау (IV-V, VI-VII, VIII-IX сыныптардың жас ерекшеліктері бойынша).

20 тапсырма. Мектептегі өлкетану мұражайындағы табиғат және шаруашылық бөлімдері экспозициясының жоспарын жасау.

21 тапсырма. өлкетану сипатындағы жалпы мектептік шаралар бағдарламасын жасау; олимпиада, кештер, викториналар, КВН, туристік-өлкетану слеттері, жорықтар, экспедициялар.



## *Мектептен тыс өлкетану жұмыстары*

6-тақырып. Мектептен тыс мекемелердегі өлкетану жұмыстары

Мектептердің мектептен тыс балалар мекемелерімен (экскурсиялық-туристік станциялар, оқушылар үйі, юноттар станцияларымен), өлкетану мұражайлары, географиялық қоғам бөлімі және филиалдары, табиғат қорғау қоғамы, тарихи және мәдени ескерткіштер қорғау қоғамымен байланысы. Олардың оқушылардың жүргізетін жұмыстарының мазмұны мен әдістемесі.

22-тапсырма. қаладағы немесе облыстағы мектеп өлкетану мұражайларымен танысу және оларды жалпы сипаттап жазу.

23-тапсырма. Мектептен тыс балалар мекемелеріне бару: жас туристер станциясы (СЮТУР), оқушылар үйі, юнаттар станциясы ұйымдастыру жұмыстарымен, мазмұнымен және олардың оқушылармен жүргізетін өлкетану жұмыстарының әдістемесімен танысу. Олардың тапсырмасы бойынша оқушылар орындайтын жұмыстарының тізімін жасау.

24-тапсырма. Мемлекеттік және қоғамдық өлкетанудың мекемелерінің жергілікті-өлкетану мұражайлары, Табиғат қорғау қоғамы, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамдарын т.б. экспозицияларымен және жұмыстарымен танысу.

Өлкетану біліктіліктерімен іскерліктеріне қойылатын талаптар.

Өлкетану курсы оқып үйрену нәтижесінде білім алушылар білуге міндетті: өлкетанудың мәні және педагогикалық маңызы, мектеп өлкетану процесінде туған өлкесін оқып-үйрену жоспары, өлкені үйрену формасы, география оқытуда өлкетану принципін жүзеге асыру әдістемесі мен әдістері, мектептің өлкетану бұрышы мен мұражайының табиғат және шаруашылық бөлімдері экспозицияларының мазмұны, сыныптан тыс өлкетану жұмыстарының мазмұны мен формасы.

2020 жылдың 10 желтоқсанында кәсіпорын Енбекшиказах ауданы әкімдігінің №667 қаулысына сәйкес “Енбекшиказах ауданының балалар мен



жастардың спорттық туризмі және экскурсиялар орталығы” мемлекеттік мекемесіне қайта аталды.

КМҚК “Балалар мен жастардың спорттық туризмі және экскурсиялар орталығы” туралы ақпарат

КМҚК “Балалар мен жастардың спорттық туризмі және экскурсиялар орталығы” Алматы облысында, Енбекшиказах ауданында, Есік қаласында, Туристическая №1 мекенжайында орналасқан.

Бұл кәсіпорын 1967 жылы Есік қаласында, Енбекшиказах ауданында құрылды. Алғашқы атауы - “Алматы облыстық жас туристер станциясы”.

2014 жылдың 28 сәуірінде кәсіпорын Енбекшиказах ауданы әкімдігінің №521 қаулысына сәйкес қайта ұйымдастырылды.

2020 жылдың 10 желтоқсанында кәсіпорын Енбекшиказах ауданы әкімдігінің №667 қаулысына сәйкес “Енбекшиказах ауданының балалар мен жастардың спорттық туризмі және экскурсиялар орталығы” мемлекеттік мекемесіне қайта аталды.

2021 жылдың 2 наурызында кәсіпорын Алматы облысы әкімдігінің №77 қаулысына сәйкес “Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы” болып қайта аталды.

«Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» Алматы облысының оқу-тәрбие мекемелерінде туристік-өлкетану және экологиялық қызметінің тәрбиелік үйлестіруін атқарады. Орталық келесі қызмет түрлерін атқарады:

Алматы облысының балалар мен жастардың спорттық туризмі және экскурсиялар орталығының қызметі

Орталықтың негізгі жұмыс бағыттары:

- Мектеп оқушылары мен білім алушылар арасында туристік және экологиялық жұмыстардың тәжірибесін зерттеу және жинақтау, туристік және өлкетану іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу бойынша бағдарламалар, ережелер, әдістемелік материалдар мен ұсыныстарды әзірлеу және тарату;

- Масштабты іс-шаралар, уақытша көрмелер, бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз, әлеуметтік желілер арқылы туризм мен өлкетануды насихаттау;

- Масштабты туристік-өлкетану және экологиялық іс-шараларды, конференцияларды, семинарларды, лагерьлерді, туристік сапарларды (жорықтар, экскурсиялар, экспедициялар), жарыстарды, слеттарды, конкурстарды, конференцияларды, викториналарды, көрмелерді, кештерді және т.б. ұйымдастыру және өткізу, мектеп оқушылары, білім алушылар және педагогикалық қызметкерлер арасында басқа ұйымдармен ынтымақтастықта.

Орталықтың негізгі міндеттері:

- Оқушылардың тиімді демалысын және бос уақытын ұйымдастыру, жасөспірімдердің тарихи, мәдени және танымдық білім деңгейін арттыру, мектеп оқушыларының дені сау өмір салтын қалыптастыру, экологиялық мәдениетті

тәрбиелеу, туристік дағдыларды дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті және қамқорлықты тәрбиелеу.

- Балалардың әлеуметтік бейімделуіне, кәсіби бағдарлануына, дарынды балаларды анықтау және қолдауға жәрдемдесу..

Алматы облысы балалар мен жастар спорттық туризм және экскурсиялар орталығының міндеттері

Орталықтың негізгі міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасау;

- Жеке шығармашылық және рухани қабілеттерді дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және моральдық негіздерді тәрбиелеу;

- Патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік, мемлекеттік символдарға құрмет, халық дәстүрлеріне мұқият қарау;

- Тұқырттың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және тәжірибе жетістіктеріне негізделген жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби шынықтыруға бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдайлар жасау;

- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, оларды жүзеге асыру;

- Актив азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республика қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру, жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас;

- Балаларды экологиялық тәрбиелеу, табиғатты қорғау жұмысымен айналысуларын тарту;

- Жаңа оқу технологияларын, ақпараттық ресурстарды игеру;

- Орталықтың қоғамдық жұмысы туралы ақпараттандыру, әлеуметтік желілерде ақпарат орналастыру, БАҚ-да жариялау.

Орталықтың жұмыс бағыттары:

Орталық үш бағыт бойынша (туризм, өлкетану, экология) қызметін жүзеге асырады: жаяу туризм, таулы туризм, велотуризм, спорттық бағдарлау, туристік көпсайыс, жас экологтар, жас экскурсоводтар, географ-өлкетанушылар, әдеби өлкетану, мектеп музейінің белсенділері.

Қосымша

Саяхатты ұйымдастыру және өткізу бойынша топ жетекшісінің міндеттері:

Саяхатқа дайындық кезінде:

- Топты құру: Саяхатқа қатысушыларды іріктеу және топты құру.

- Маршрутты таңдау: Саяхат бағытын анықтау.

- Карта-схемаларды таңдау және құру: Саяхат аймағының карта-схемаларын дайындау.

- Саяхат аймағын (экспедицияны) зерттеу: Саяхат аймағының тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеу.

- Саяхат тақырыбы мен мақсаты бойынша краеведтік әдебиеттерді зерттеу: Саяхаттың мақсатына сай краеведтік әдебиеттермен танысу.

- Топ ішіндегі міндеттерді бөлу: Саяхаттың мақсаты мен жоспарына сай топ мүшелеріне міндеттер бөлу.

- Медициналық тексеру: Саяхатқа қатысушылардың денсаулығы туралы медициналық мекеме құжаттарын алу.

- Саяхат мерзімін анықтау: Саяхаттың қиындығы мен краеведтік тапсырмаларды ескере отырып, саяхат мерзімін анықтау.

- Күн бойынша маршрутты жасау: Саяхат барысындағы күндер бойынша маршрутты жасау, бақылау пункттерін және олардан өту мерзімдерін белгілеу.

- Саяхатқа қатысушыларды толық дайындау: Саяхат түріне сай қозғалыс әдістерімен, жол қозғалысы ережелерімен, көлікте жүру ережелерімен, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулармен таныстыру.

- Шығындар сметасын жасау: Саяхат шығындары бойынша смета жасау.

- Азық-түлік және дәрі-дәрмек жиынтығын сатып алу: Саяхат үшін қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек жиынтығын дайындау.

- Маршрут парағын (санаттық саяхатқа арналған маршрут кітапшасын) және саяхат өткізу туралы бұйрықты рәсімдеу: Саяхат құжаттарын дайындау.

- Ата-аналармен кездесу өткізу: Болашақ саяхат туралы ата-аналармен сөйлесу.

- Жеке және топтық жабдықтарды, медициналық аптечканы, жөндеу жиынтығын дайындау: Саяхат үшін қажетті жабдықтарды дайындау.

Саяхат барысында:

- Белгіленген маршрут және бақылау мерзімдерін қатаң сақтау: Саяхат жоспарына сай қозғалу.

- Белгіленген саяхат реттерін, қозғалыс режимін, демалыс, тамақтану режимдерін сақтау: Саяхат ережелерін сақтау.

- Саяхатқа қатысушылардың денсаулығын бақылау: Саяхатқа қатысушылардың денсаулығын бақылау, ауырып қалған немесе жарақат алған қатысушыны жақын медициналық мекемеге жеткізу шараларын қабылдау.

- Апат жағдайы туралы хабарлау: Саяхатқа қатысушылардың апатқа ұшырауы туралы жақын бақылау-құтқару қызметіне, саяхатты ұйымдастырған мекемеге, топты шығарған маршрут-квалификациялық комиссияға хабарлау.

- Қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін, табиғатты, ескерткіштерді, тарих және мәдениетті қорғау ережелерін, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас нормаларын сақтау: Саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

- Саяхат басталған кезде, бақылау пункттерінен өткен кезде, саяхат аяқталған кезде, маршрут немесе бақылау мерзімдері өзгерген кезде немесе топ құрамы өзгерген кезде мекемеге, МКК-ға, ПСС-ға хабарлау: Саяхат барысы туралы ақпарат беру.

- Маршрут кітапшасына маршруттан өту туралы жазбалар жасау: Саяхат барысын құжаттау.

Саяхат аяқталғаннан кейін:

• Топтағы қатысушылардың бар екенін және олардың денсаулығын тексеру: Саяхат аяқталған кейін қатысушылардың санын және денсаулық жағдайын тексеру.

• Мекеме жетекшісіне, МКК-ға қайту туралы хабарлау: Саяхаттан қайту туралы хабарлау.

• Саяхат туралы есеп жасау: Саяхат қорытындысы бойынша есеп дайындау.

• Разрядтар мен атақтарды рәсімдеу: Саяхат қорытындысы бойынша разрядтар және атақтар беру.

Саяхаттардың мақсаттары:

• Танымдық: тарихи оқиғалар туралы мәліметтер жинау, геологиялық, ботаникалық жинақтар жинау, кіші өзендерді, көлдерді зерттеу, мұражайдың, қорықтың, ғылыми ұйымның тапсырмасы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу және т.б.

• Сауықтырушылық: саяхатқа қатысушылардың денсаулығын жақсарту.

• Спорттық: разрядтар орындау.

• Тәрбиелік: топтың, сыныптың ұжымын бірлікке біріктіру.

Ескерту: Бұл міндеттер жалпылама түрде берілген. Нақты міндеттер саяхаттың түріне және мақсатына байланысты өзгеруі мүмкін.

Туристік жорықты өткізу туралы бұйрықтың нысаны

БҰЙРЫҚ

№ \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ

Туристік саяхатты өткізу туралы  
Мектеп жұмыс жоспарына сәйкес

### БҰЙЫРАМЫН:

1. \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_ аралығында \_\_\_\_\_ сынып оқушыларының \_\_\_\_\_ адамнан тұратын тобымен (тізім қоса берілген) \_\_\_\_\_ (туризм түрі) саяхатын \_\_\_\_\_ маршруты бойынша өткізу.

2. Саяхат тобының жетекшісі етіп \_\_\_\_\_ (қызметі, Аты-жөні) тағайындау, оған балалардың өмірін және денсаулығын сақтау жауапкершілігі жүктеледі.

3. Топ жетекшісінің орынбасары (жетекшінің көмекшісі) етіп \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) тағайындау.

4. \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) топ жетекшісіне саяхатқа қатысушылармен маршрутқа қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізуді тапсыру, нұсқаулық журналға жазба жасау.

5. Мектептің туристік ұйымдастырушысы \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) топқа маршрут парағын беру және маршрут парақтарын беру тізімінде тіркеу.

Мектеп директоры

(Қолы)

(Қолының ашылуы)

Бұйрықпен таныстым:

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_ аралығында \_\_\_\_\_ маршруты бойынша туристік саяхатқа қатысушылар тізімі:

Нет	Тегі, Аты	Сынып	Дәрігердің визасы
1			
2			
...			

Топ жетекшісі

(Қолы)

(Қолының ашылуы)

Мектеп директоры

(Қолы)

(Қолының ашылуы)

Саяхатқа дейін маршрут парағын рәсімдеу қажет, ол маршруттағы топтың құжаты болып табылады, туристік белгілер мен разрядтарды рәсімдеу кезінде өткен маршрутты есепке алу негізі болып табылады.

Маршрут парағының формасы болмаған жағдайда оны өздігінен келесі форма бойынша жасауға болады:

(Маршрут парағының формасы беретін мекеменің ережелеріне сәйкес жасалады.)

#### МАРШРУТТЫҚ КІТАПША

Туристік саяхаттың негізгі құжаты – маршруттық кітапша. Оның құрамына мынадай мәліметтер кіреді: - маршрут атауы, қиындық дәрежесі, ұзақтығы мен ұзындығы; - негізгі пункттер, оның ішінде жолда кездесетін кедергілердің

сипаттамасы (мысалы, асулардың қиындық дәрежесі мен биіктігі); - негізгі, қосымша және апаттық варианттар; - маршруттардың сұлбалары (схемалары); - жетекшісі мен қатысушылардың толық тізімі, осы маршруттағы

міндеттері, мекенжайлары, телефондары; -

жоспарланған маршрут пен өтілген маршрут, маршрут

жоспарларының өзгеруі мен олардың себептері; - маршрутқа қажетті жеке және топтық құрал-жабдықтар тізімі; - бақылау (контроль) пункттері мен оларға жету мерзімдері

Саяхатқа арналған жеке және топтық жабдықтар тізімі

1. Бір күндік саяхатқа арналған жабдықтар тізімі (жылы мезгілде)

Рюкзак

30 x 40 см фанер (немесе полиуретан кілем - «орындық»)

Сусын салынған термос, сэндвичтер

Жаңбырдан қорғайтын клеенка (пальто немесе шатыр)

Ауыстырылатын аяқ киім

Қосалқы шұлықтар

Суық мезгілде:

Рюкзак

30 x 40 см фанер (немесе уретан кілем - «орындық»)

Сусын салынған термос, сэндвичтер

Қалпақшасы бар желден қорғайтын куртка.

Жылы куртка

Қосалқы: қолғаптар, бас киім, футболка, көйлек, шұлықтар.

Бахила (галош болуы жақсы)

Қолғап-краги.

2. Дала жағдайында түнеумен саяхатқа арналған жеке жабдықтар тізімі (жылы мезгілде)

Рюкзак

Рюкзакқа арналған полиэтилен қаптама

Жаңбырдан қорғайтын полиэтилен шапан (пальто)

Фанер (жеңіл) немесе уретан кілем - «орындық».

Ұйықтайтын қап

Пенополиэтиленнен жасалған жылу оқшаулағыш кілем

Аяқ киім:

Жүн қаптамасы бар туристік етіктер, ауыстырылатын аяқ киім (кроссовки немесе кеда)

Жүн және жіңішке шұлықтар 2 жұптан

Жеңіл фляга (0,5 л кем емес)

Дауыл (мақта) киім

Жатығу киімі немесе ұзын жеңді көйлек

Свитер немесе жылы жеңсіз куртка

Қалпақшасы бар жылы куртка

Қалың және жіңішке матадан тігілген шұлықтар

Күннен қорғайтын бас киім, жүн шапка

Іш киімнің ауыстырылатын жиынтығы

Шорттар, күннен қорғайтын көзілдірік, пляж жиынтығы

Жуыну заттары

Жұмыс қолғаптары

Су өткізбейтін қаптамадағы сіріңке - 1 қорап.

Шыныаяқ, қасық, табақ, пышақ (ШҚТП).

Дәптер, қарындаш, шам

3. Дала жағдайында түнеумен саяхатқа арналған топтық жабдықтар тізімі (жылы мезгілде)

Шатыр жабдықтары (адам санына байланысты):

Шатыр;

Шатырды жаңбырдан қорғау үшін тент;

Шатырдың үстіне тентті бекіту үшін арқан (6-8 м);

Шатырдың астына қоятын полиэтилен пленка (шатырдың төбесінің мөлшеріне сәйкес);

Шатыр мен тентті бекіту үшін металл қазықтар (тент пен шатырдың тарту жіптерінің санына сәйкес);

Қосалқы батарея мен шам жиынтығы бар шам;

От жағу жабдықтары:

Тағанок;

Ілгектері бар арқан;

«Матрешка» шелек-қандар - жабындыда 2-3 дана жиынтық;

Қазан қасық;

Пышақ;

Консерві ашатын пышақ;

Шыныаяқ;

Қасық;

Каналарды тазалау үшін металл щеткалар;

Скатерть-клеенка;

Жабындыда екі қолды ара;

Жабындыда балғалар (2-3 дана)

Өнімдерді орау үшін ыдыс (қаптар, пакеттер).

Медициналық аптечка.

Жөндеу жиынтығы: қарапайым және капрон жіптер, инелер, түйреуіштер, фурнитура, қайшы, желім, мата қиықтары, сым, шыбық, қайшы, кең лейкопластыр, изолента, резина қауіпсіздік жіп, пассатиж, үш қырлы т.б.

Фото-, видеонабор.

Топографиялық жиынтық (компас, маршрут карталары)

Маршрут құжаттары, канцелярлық заттар.

Маршрут объектілері бойынша өлкетанушылық материалдар.

Спорт, мәдени инвентарь (гитара, доптар, спорттық ойындар).

Туристік саяхаттарға қатысып, туристік дағдыларды меңгерген оқушылар «Қазақстанның жас турисі» белгісімен марапатталады.

### *Мектептегі туристік-өлкетанушылық жұмыстың үлгілік жоспары*

#### **1. Ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс**

1. Мұғалімдер қатарынан туристік ұйымдастырушыны, сынып туристік ұйымдастырушыларын (оқушылар қатарынан) тағайындау.

2. Туризм және краеведение бойынша штаб (кеңес) құру.

3. Сыныптарда «Туған Отан» крайлық туристік-өлкетанушылық қозғалысына қатысушылардың іздеу отрядтарын құру.

4. Туристік-өлкетанушылық шеңберлерді құру (жас туристер, тарихшы краеведтер, мектеп мұражайының белсенділері, география краеведтері және т.б.).

5. Іздеу отрядтарына (сыныптарға) мектеп мұражайын (бөлмесін) құру (немесе экспозициясын толықтыру) үшін өлкетанушылық тапсырмалар беру.

6. Мектеп мұражайының жұмысын ұйымдастыру (ерекше жоспар бойынша).

7. Халықаралық Туризм күніне (27 қыркүйек) арналған Туризм апталығын өткізу:

- Бір күндік саяхаттар;
- Мектеп туристік слёт;
- Бастауыш сынып оқушылары үшін туристік эстафета;
- Бағдарлау бойынша жарыстар;
- Өлкенің тарихы, географиясы, табиғаты туралы викториналар;
- Мұражайларға, кәсіпорындарға, ескерткіш орындарға экскурсиялар;
- Әлемнің, елдің, өлкенің мұражайлары бойынша виртуалды

экскурсиялар.

8. Көп күндік туристік саяхаттарды өткізу (сатылы, категориялық).

9. Аудандық және облыстық конкурстарға қатысу үшін зерттеу өлкетанушылық жұмыстар байқауын ұйымдастыру.

10. Мектеп өлкетанушылық конференциясын өткізу (өлкетанушылық тапсырмаларды орындау қорытындысы бойынша).

11. «Мұражай мен балалар» апталығын өткізу: барлық сыныптарды мектеп мұражайына (аудандық, қалалық өлкетанушылық мұражай, басқа мектептер мен мекемелердің мұражайларына) экскурсиялар ұйымдастыру.

12. Мектеп командасы мен оқушыларының аудандық (қалалық), крайлық массовый іс-шараларға қатысуы: туристік слёт, конкурстар, викторина, олимпиада, өлкетанушылық конференция.

13. Оқушы топтарының қалаларға экскурсиялық саяхаттары.

14. Мерекелерді өткізу:

- Ауылдың (қалашықтың, қаланың) көшелерінің мерекесі;
- Қарт адамның (соғыс және еңбек ардагерлерінің) мерекесі және т.б.

15. Аудандық (қалалық) мектеп мұражайларының (бөлмелерінің, бұрыштарының) көрме-конкурсына қатысу.

16. Жазғы туристік-өлкетанушылық формациялардың (лагерь, «Мейірімділік» отряды, мұражай белсенділері мектебі) жұмысын ұйымдастыру.

17. Мектеп мұражайында экскурсиялар жүргізу (кесте бойынша).

18. Соғыс ардагерлерімен кездесулер,

Оқу-әдістемелік жұмыс

Мұғалімге көмек ретінде туризм мен краеведение бойынша кезекші бұрыш рәсімдеу.

«Туған Отан » туристік-өлкетанушылық қозғалысы бағдарламалары бойынша іздеу өлкетанушылық тапсырмаларды жасау және бекіту.

Туристік-өлкетанушылық жұмысты ұйымдастыру әдістемесі туралы сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің семинарын ұйымдастыру.

Краеведение, мұражайтану, туризм бойынша факультативтердің, элективті курстардың бағдарламаларын жасау және бекіту.

Сынып жетекшілеріне саяхаттар, экскурсиялар маршруттары туралы консультациялар өткізу.

Аудан бойынша саяхаттар маршруттарын жасау. Маршруттар туралы деректер қорын құру.



Өз қоныстану пунктiнiң, ауданының, өлкенiң экскурсиялық объектiлерiнiң паспорттарының қорын жасау және толықтыру.

Мектеп мұғалiмдерiнiң туристiк-өлкетанушылық жұмыс тәжiрибесiн жалпылау.

Мектептегi туристiк-өлкетанушылық жұмыстың жағдайы мен даму перспективалары туралы мәселенi тыңдау.

Мұғалiмдер үшiн оқу экскурсияларын және туристiк саяхат жүргiзу.

Тәрбие жұмысы жөнiндегi директордың орынбасарының туристiк-өлкетанушылық жұмысты ұйымдастырудағы мiндеттерi:

1. Мектептегi туристiк-өлкетанушылық жұмысты ұйымдастыруға жауапты.

2. Мектептiң туристiк ұйымдастырушысымен, мектеп мұражайының жетекшiсiмен, сынып жетекшiлерiмен бiрлесiп мектептегi туристiк-өлкетанушылық жұмысты жоспарлайды.

3. «Туған Отан» туристiк-өлкетанушылық қозғалысын өткiзу бойынша штабтың (кеңестiң) басшысы болады, оның жұмысын ұйымдастырады, қозғалыс бағдарламалары бойынша iздеу отрядтарының тапсырмаларды орындауын бақылайды.

4. Қозғалыс аясында массовый iс-шараларды ұйымдастырады: конференциялар, слеттар, конкурстар.

5. Массовый туристiк-өлкетанушылық iс-шараларды ұйымдастырады: Туризм апталығы, «Мұражай мен балалар» апталығы, слеттар және жарыстар.

6. Туристiк-өлкетанушылық шеңберлердi құруды және олардың жұмысын бақылауды қамтамасыз етедi, шеңберлердi басқаруға мұғалiмдердi, ата-аналарды, қоғам өкiлдерiн тартады.

Ескерту: Бұл мiндеттер жалпылама түрде берiлген. Нақты мiндеттер мектептiң ерекшелiктерiне байланысты өзгеруi мүмкiн.

### **Өлкетану бағдарламасына берiлген түсiнiк хат**

#### **Оқылатын пән аты: Өлкетану**

*Өз өлкеңнiң патриоты болу үшiн, оны танып бiлу қажет...*

**Қысқаша анықтама:** Оқушыларды туризм және өлкетану негiздерiмен таныстыратын мектеп пәндерiне кiрiспе болып табылады. Өлкетану- мазмұны мен жекелеген зерттеу әдiстерi бойынша бiрбiрiнен ерекшеленетiн, бiрақ, бiр тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкенi ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкiндiк беретiн бiрнеше ғылыми пәндер кешенi. Оқушыларға туған өлке табиғаты, тарихы бойынша белгiлi бiр ғылыми принциптерге негiзделген нақты бiлiм беру-басты мiндет. Оқу-тәрбиелiк мiндеттермен қатар өлкетану қоғам мүддесiндегi мiндеттердi де шешедi. Ол, өз кезегiнде, оқушылардың бойында қоғамдық пайдалы iстерге деген дағдыларды қалыптастырып, сонымен бiрге, оларды қоршаған ортаны, табиғитарихи жәдiгерлердi қорғауға ынталандырады.

Туристiк-өлкетану iс-әрекеттерi арқылы мектеп оқушыларын қазақстандық патриотизмге, өлкетанушылыққа тәрбиелеудiң педагогикалық шарттар жүйесiн құрастыру болашақ туристiк iс-әрекеттердi ұйымдастыруға бағытталған.

**Оқылатын сынып:** 7-сынып.

Мектеп өлкетану пәні туған өлкені жан жақты оқып танысып, оның табиғатын тарихын, мәдени экономикалық игіліктерін, ерекшеліктерін танып білуге бағытталады.

Бағдарлама бойынша оқушылар өз өлкесінің табиғатын: өзен көлдерін, орман тоғайларын, жер бедерін зерттеп, тарихи мәдени ескерткіштермен, мұражай жұмыстарымен танысып, туристiк өлкетанушылық және экологиялық iс-әрекеттермен айналысады.

Бағдарламаның басты мақсаты: мектеп пәндерінен алған білім қорлары негізінде өлкетанушылық бағытта өзі тұрған жер мен Қазақстан аумақтары бойынша оның табиғатын тарихын және мәдениетін, этнографиясын оқып игеру барысында Қазақстандық патриотизмді дамыту.

Оқу пәнін жүзеге асыруда оқу тәрбиелік іс-шаралар кеңінен қолданылады. Оларға танымжорық, демалыс күнгі жорықтар мен далалық жағдайда өтілетін сарамандық жұмыстар жатады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту мақсатында жаңа технологияларды пайдалана отырып интернет материалдарын қолдану қажет.

«Өлкетану» пәні төмендегі мақсаттарды қамтиды: **Білімділік:**

1. Географиялық және тарихи анықтамалармен жұмыс істей білу;
2. Табиғи, тарихи, мәдени құндылықтарды қорғай білу;
3. Туристiк,экологиялық,өлкетанушылық iс-әрекеттердi ұйымдастыру және жүргізуді ;
4. Мұражай т.б. әдебиет көздерімен жұмыс істуді.;

**Дамытушылық:**

1. Карта мен жұмыс істеу және интерактивті тәсілдерді меңгеру;
2. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін және шығармашылығын арттыру;
3. Тарих,география,биология,экология пәндері бойынша білімдерін жетілдіру.
4. Өлкетану түрлері бойынша кәсіби бағдар алу;
5. Интернет ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізе алу. **Тәрбиелік:**
6. Қоршаған ортаны қорғау шараларын меңгеру ;
7. Өз өлкесіне деген патриоттық рухты көтеру.

**Өлкетану** – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи

үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу

**Өлкетану** – белгілі бір аумақ бойынша кешенді түрде географиялық тарихи және экономикалық мәдени тұрғыда танып білу.

Географиялық негізде, экология, тарих, археология, топонимики, топография, геральдика, этнография, филология, өнертану т.б. білім қорларын кеңейту.

**Не істей білуі керек:** Өлкетану пәнінен алған білім негізінде өлкетану түрлері мен формаларын біле отырып өз өлкеңнің табиғаты, тарихы мен әлеуметтік экономикалық жағдайына талдау бере қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын жүргізе білуді. Туған өлке табиғатын, тарихы, мәдени мұраларын біле отырып қалыптасуы мен дамуын сараптау, картадан таба білуі керек.

**Нені менгеру керек:** Туған өлке табиғатын танып білу арқылы табиғи ескерткіштер мен нысандарды, жергілікті жер тарихын, топонимикасын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін оларды қорғау және экологиялық мәселелерді шешуді. Әдебиеттермен, интернет желісімен және картамен жұмыс істеуді. Қарапайым туристік өлкетанушылық іс-әрекеттерде өткізуді.

7-сыныпта өлкетану факультативтік курс ретінде аптасына 1 сағат, жылына 34 сағаттық оқу жүктемесімен оқылады.

Факультативтік курс ретінде басталып жоғарғы сыныптарда географиялық, тарихи, әдеби, экологиялық т.б. өлкетану бағытында негізгі пәндер арқылы жалғастырылады. Негізінде өлкетанушылық принципі 1–12 сынып аралығында жүргізілетін іс-әрекеттер.

### **Бағдарлама мазмұны**

#### **Барлығы 34 сағат (аптасына 1 сағат)**

Кіріспе. Тақырып 1. Өлкетану тарихы, түсініктер мен анықтамалар – 2 сағат

Өлкетанудың міндеттері, пәні және әдістері. Өлкетандың пән ретінде дамуы. Өлкетану жұмысының бағыттары

#### 1.1. Өлкетану тарихы

1.2. Туған өлкені зерттеудегі қазақ ғалымдары, ағартушыларының рөлі және қызметі.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Өлкетанудың мақсаты мен міндеттерін анықтау.
2. «Өлкетану» ұғымына түсінік беру. Өлкетанудың зерттеу объектілері

#### Сарамандық жұмыстар – 1 сағат

Тақырып 2. Өлкетану іс әрекет мазмұны – 3 сағат

#### 2.1. Туған өлкені оқытудың функциялары, түрлері, әдістері

#### 2.2. Өлкетанудың жұмыс формалары

#### 2.3. Өлкетанудың бағыттары

### **Бақылау сұрақтары**

#### Сарамандық жұмыстар – 2 сағат

Тақырып 3. Географиялық өлкетану – 3 сағат

3.1. Географиялық өлкетанудың қалыптасу кезеңдері. өлкетанудың ұйымдастыру формасы. Зерттеу объектісі

3.2. Картографиялық, туристік дайындық.

### **Бақылау сұрақтары**

Сарамандық жұмыстар – 2 сағат

Тақырып 4. Тарихи өлкетану – 3 сағат

4.1. Тарихи өлкетанудың қалыптасу кезеңдері. Өлкетану негіздері.

4.2. Тарихи өлкетанудың ұйымдастыру формасы. Зерттеу объектісі.

Өлкетану жұмыстары.

4.3. Қазақстанды зерттеудегі Европа саяхатшылары мен елшілері. Иоанн де Пано Карпини, Вильгельм де Рубрук. Марко Поло. Орыс зерттеушілері мен Ш.Уәлиханов, А.Т.Жангелдин т.б. зерттеулері

Сарамандық жұмыстар – 2 сағат

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Тарихи өлкетанудың қалыптасу кезеңдері қандай?

2. Деректерді оқып, танысып, сипаттау.

Тақырып 5. Туған өлкеге физикалық географиялық аумақтық сипаттама  
8 сағат

5.1. Туған өлкенің физикалық географиялық нысандарын зерттеу.

5.2. Жер бедері және орографиясы 5.3. Жергілікті жерге климаттық шолуы .

5.4. Өзен көлдері және су айдындар 5.5. Халықтар. Этнография және мәдениет

5.6. Сала бойынша шаруашылық түрлері.

### **Бақылау сұрақтары**

Сарамандық жұмыстар – 3 сағат

Тақырып 6. Тарихи-табиғи және мәдени ескерткіштер өлкетанудың нысандары. 4 сағат

Қазақстанның археологиялық деректері және оларды өлкетану жұмысында пайдалану. «Археология» түсінігі. Археологиялық дерек және археологиялық ескерткіш ұғымдары.

6.1. Аймақтың туристік рекреациялық мүмкіндіктері Қазақстан территориясының табиғи және тарихи ерекшеліктері. архитектура ескерткіштері.

Өлкетану жұмыстарындағы тарихи және мәдени ескерткіштер.

6.2. Топонимика. Топонимика – туған өлкенің тарихын оқып зерттеудегі дереккөзі ретінде. Топонимика зерттеу әдістері. Топонимика материалдарының өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы.

6.3. Мұражай мекемелері және олардың өлкетану жұмыстарындағы рөлі.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы.

Облыстық, аудандық мұражай мекемелері және олардағы материалдардың өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы

### **Бақылау сұрақтары**

## Сарамандық жұмыстар – 2 сағат

7-тақырып. «Атамекен» Республикалық оқушылардың туристікөлкетанушылық экспедициясы. – 3 сағат

Бақылау тапсырмалары. Экспедиция бағыттарына шолу. Сарамандық іс әрекеттер. Ғылыми жоба.

### Оқу құралы мазмұны

#### Алғысөз

**Өлкетану** – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу.

Өлкетанудың жеке түрлері бойынша зерттеу немесе бақылау мақсаты әр түрлі болады. Мемлекеттік және қоғамдық өлкетану бойынша зерттеу көбінесе практикалық, нақты мақсаттар үшін (мұражайлар құру, шаруашылықтың тапсырыстар, т.б.) жүргізіледі және бұл өлкетану түрлері үшін қолданылатын жұмыс формалары. Негізінен экспедициялар және мұражай жұмыстары болып табылады. Кейбір архив құжаттары мен баспа материалдарына сүйенсек Қазақ төңкерісіне дейін де Қазақстанда мектеп өлкетануы элементтерінің болғанын байқауға болады:

Мектеп өлкетануы бойынша зерттеулер мен бақылаулар жанжақты тәрбие беру, мектеп оқу бағдарламасымен байланысты көптеген пәндер (олардың ішінде ең алдымен география, биология, тарих) бойынша білімдерін нақтылау, жетілдіру үшін керек. Өлкетануға байланысты білім беру, зерттеу нысандарымен танысу кезінде, оқу бағдарламасымен байланыссыз болуы да мүмкін, ондай жағдайда білім беру оқушылардың белгілі бір пән бойынша алған білімдерін кеңейтуге бағытталады. Өлкетану бойынша тәрбие және білім беру барлық жағдайларда нақты, жергілікті жер ерекшеліктеріне негізделеді. Мектеп өлкетануында қолданылатын зерттеу тәсілдері әр түрлі. Олардың ішінде негізгілері экскурсиялар, экспедициялар және туристік жорықтар.

Сондықтанда өлкетану мазмұны 7-сынып оқушыларын өлкетанушылық іс әрекеттермен айналысуға қызықтыру мақсатында фото суреттермен, карталармен деректі материалдармен толықтырылады. Фотосуреттер авторлық нұсқада берілмек.

#### **§1. Өлкетану тарихы, түсініктер мен анықтамалар**

Қазақстанда өлкетану патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енді. Ресей өкіметі **18 ғасырдың 2-жартысында** қазақ жері, халқы, шаруашылығы және этнографиясы бойынша

зерттеу жүргізу үшін алғашында Солтүстік және Батыс Қазақстан, кейінірек Орталық Қазақстан аумағына экспедициялар ұйымдастырды. Қазақ өлкесін зерттеу жұмыстарына И.И. *Лепехин*, П.С. *Паллас*, П.И. *Рычков*, И.К. *Кирилов*, В.Н. *Татищев*,

А.И. *Левшин* өз үлестерін қосты. Қазан төңкерісіне дейін **19 ғасырда** Қазақстанның ғылыми-танымдық Өлкетануында *Орыс география қоғамының* 1868 жылы құрылған Орынбор бөлімшесі жетекші орын алды. Бөлімше өлкенің географиясын, тарихын, этнографиясын, қазба байлықтарын және статистикасын зерттеумен айналысты. Бұл бөлімшемен қатар Торғай статистика комитеті мен *Орынбор ғылыми архив комиссиясы* (1887) ашылды. Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға *Ы.Алтынсарин*, *С.Бабажанов*, *Б.Дауылбаев*, *Т.Сейдалин*, *С.Жантөрин*, т.б. өз үлестерін қосты. Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал қаласы болды. Онда Орал казактарының тарихы мен шаруашылығына, балық аулау кәсібі мен шаруалардың қоныстану мәселесіне көбірек көңіл бөлінді. Омбы қаласында жергілікті жерді зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жанындағы география қоғамның бөлімшесіне бірікті. Батыс Сібір Өлкетану қоғамдарына қазақтардан *Ш.Уәлиханов*, *Ә.Бөкейханов*, т.б. белсене қатысты. **19 ғасырдың аяғында** Батыс Сібір география қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. Солтүстік Қазақстанды зерттеуде Өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады. Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрды. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірін зерттеумен 1896 жылы Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей география қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауылшаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты. Қоғамдарда *Е.Букин*,

*Н.Жетпісбаев*, *Ә.Диваев*, *І.Қостанаев* зерттеулер жүргізді. Жетісуға

*П.П. Семенов-Тянь-Шанский*, кейініректе *А.Н. Краснов*, *А.Ф. Голубев*, *М.И. Венюков* экспедициялық сапарлар жасады. Сонымен қатар 1896 жылдан жұмыс істей бастаған “Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция” Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көңіл бөлді. Ғылыми-танымдық материалдардың қорын жасауда, оларды жарыққа шығаруда облысы статистика комитеттері үлкен рөл атқарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілдік реформаларға байланысты 1886 жылы статистика комитеті “Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды” басып шығарды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша *Қазақстанды зерттеу қоғамы* аясында және Кеңес өкіметінің *Қызыл керуен*, *Қызыл отау* шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени

құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Өлкетануында Қ.И. Сәтбаев, Ә.Х. Марғұлан, т.б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырылды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан Өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

### **Қазақстанда өлкетанудың қалыптасуы және дамуы.**

#### **§1. XIX ғ. Орыс зерттеушілерінің Қазақстан тарихын және өлкетанудағы үлесі.**

**Мақсаты:** Қазақстанда өлкетанудың қалыптасуы мен дамуына тоқталу.

#### **Жоспары:**

1. Қазақстанда өлкетанудың қалыптасу кезеңдері. XIX ғ. зерттеушілердің өлкетануға қосқан үлесі.
2. Өлкетанудың дерек көздерінің бастауы.
3. Жергілікті тарихты зерттеуге орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының үлесі.

Орталық Қазақстанның өте құнды археологиялық ескерткіштеріне ертеден-ақ саяхатшыларының назарын аударған болатын. Олар туралы өз еңбектерінде шығыс тарихшылары (араб, иран) X–XVI ғасырларды жазып кетті. Олар Ибн Фадлан, Әл-Бируни, Мұхаммед Хайдар және т.б. болды. Орталық Қазақстанның бай археологиялық ескерткіштері туралы Тобольскіден Түркістанға дейін Солтүстік және Орталық Қазақстан далалары арқылы барған Петр біріншінің Тәукеге жіберген елшілері Ф.Скибин мен М.Гринин айтады. Осы даланың оба қазыналары туралы алғаш рет қоғам қайраткері Крижинович хабарлайды.

Осы өңірдің ескерткіштеріне Г.Миллер де баса назар аударды. Оны әсіресе сол кезде толық сақталып тұрған ертедегі балқыту пештері, тас құрылыстар қызықтырды.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл жерлерге көптеген зерттеушілер келеді. Осы аймақта екінші академиялық экспедицияның мүшелері,

оның ішінде И.П.Фальк, Х.Барденес, И.Г.Георги, П.С.Паллас, П.И.Рычков және басқалар болды.

Қазақстанның географиясын зерттеуде Н.П.Рычковтың үлесі зор. Орталық Қазақстанның археологиясы туралы деректерге байланысты оның «Топография Оренбургская» атты еңбегінде аталып өтеді.

Ал осы ғасырдың екінші жартысында археологиялық нақты мәліметтерді Н.М.Ядринцев, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Н.М.Коншин сияқты зертеушілер жүргізді. В.В.Радлов Орталық Қазақстандағы археологиялық зерттеуде арнайы ғылыми тәсіл қолданды және сараптау бойынша кезеңдерге бөлуде нақты жұмыс жасады. Орта ғасырлық ескерткіштер тас үйінділер және орта ғасырлық құрылымдар жайлы мәліметтерді В.Никитиннің еңбектерінен кездестіреміз.

Орталық Қазақстанның археологиялық зерттеуіне геология және жаратылыстану ғалымдарының өкілдері, оның ішінде П.Л.Драверт, Қ.И.Сәтбаев, В.А.Селевин, А.В.Мухля, А.Н.Фомозов, Г.Н.Щерба т.б. басқалары баға жетпес үлес қосты.

Академик Қ.И.Сәтбаев, археология және ежелгі кен орындарының кей сұрақтарына жауап іздеді.

Бірақ ХХ ғасырдың 40 жылдарының басына дейін бұл аймақта кең және жүйелі түрде зерттеу бола қойған жоқ.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қазақстанда өлкетанудың қалыптасу кезеңдерін атау.
2. Өлкетанудың дерек көздерін сипаттау.
3. Жергілікті жерлердің табиғатын, тарихын т.б. зерттеуге орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының қосқан үлесін көрсету.
4. Туған өлкенің ауызша деректері.

## **§2. Туған өлкені зерттеудегі қазақ ғалымдары, ағартушыларының рөлі және қызметі.**

**Мақсаты:** Туған өлкені зерттеудегі қазақ ғалымдары, ағартушыларының рөлі және қызметін көрсету.

#### **Жоспары:**

1. Ш. Уәлиханов – шығыстанушы, этнограф, тарихшы және саяхатшы. Еңбектерін көрсету.
2. Абайдың қазақ мәдениеті мен тарихындағы рөлі
3. Ы. Алтынсариннің қазақ топографиясы мен қазақ әдебиетіне қосқан үлесі.

XIX ғасырдың ортасы орыс этнографиясының тарихында маңызды жеке болып табылады. 1845 жылы Ресейде этнография бөлімі бар Орыс географиялық қоғамы (РГО) құрылды. Осы бөлім аз уақыт аралығында елдегі этнографиялық жұмыстардың негізгі орталығына айналды. Бұл мекеменің іс-әрекеті 1845–1861 жж. Реформа қарсаңындағы жағдайда, Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланыста өтіп жатты.

Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің басқа да халықтары проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқанның



қазақ халқының құрылуы, ХҮІІ–ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және саяси тарихы, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің тарихы проблемаларына арналған ғылыми зерттеулері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысын зерттеуге аса бағалы үлес болып қосылып, замандастарының орасан зор ынтасын туғызды. Ол бүкіл Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халықтарының географиясын, этнографиясын мен фольклорын зерттеуге үлкен үлес қосты.

90-жылдарға қарай Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінің мүшелері қатарында Қазақстан аумағында қызметте жүрген және саяси жер аударылған көптеген адамдар: Ф.А.Щербина (Омбы), Л.К.Чермак, А.И.Янкцевич (Петропавл), М.И.Суворцев (Семей), В.А.Рогалевич (Атбасар), Е.П.Михаэлис (Өскемен), Н.Я.Коншин (Семей), Л.А.Кузнецов (Петропавл), Г.А.Галимонт (Семей) болды. Бөлім қызметкерлері арасында Верный, Зайсан, Лепсі, Атбасар, Көкшетау және басқа қалалардан келген адамдар жұмыс істеді.

Әлихан Бөкейханов Орыс географиялық қоғамында, оның Батыс-Сібір бөлімінде өзінің ғылыми ынта-ықыласын мейлінше толық көрсете білді. Мәселен, революцияға дейінгі Ресейдегі іргелі еңбектердің бірі – «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы, ХҮІІІ т. Қазақ өлкесі» еңбегі авторларының бірі болған Ә.Бөкейханов бүкіл Ресейдің қалың оқырмандарына қазақ халқының тарихи өткен кездің дұрыс көрінісін, оның мәдениетін жеткізе білді. Ә.Бөкейханов сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің терең ғылыми көрінісін жасады, орыстың қалың оқырмандарын» Абайдың өмірімен және қызметімен тұңғыш рет таныстырды, сол кезеңдегі орыс өмірінің проблемаларына зор түсінікпен қарады.

Ш. Уәлиханов – шығыстанушы, этнограф, тарихшы және саяхатшы.Еңбектерін көрсету. Абайдың қазақ мәдениеті мен тарихындағы рөлі. Ы. Алтынсариннің қазақ топографиясы мен қазақ әдебиетіне қосқан үлесі. ХІХ ғ аяғы мен ХХ ғ басындағы қазақ демократиясы өкілдерінің еңбектері мен іс-қайраткерлігі. Ш.Құдайбердіұлы, М.Жүсіп Көпейұлы,

Н.Наушабаев, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Бабажанов, Х.Досмұхамедов және басқалары.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1.Ш. Уәлихановтың алғашқы қазақ ғалымы екенін дәлелдеу.

2.Абайдың қазақ мәдениеті мен тарихындағы рөлін көрсету.

3. Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметіне тоқталу.

Сарамандық жұмыстар

1.Өлкетанудың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

2. «Өлкетану» ұғымына түсінік беру.Өлкетанудың зерттеу объектілерін

талдау

### **§3. Өлкетанулық негіздері. Өлкетанудың зерттеу объектілері**

Өлкетану дегеніміз – көлемі жағынан шағын белгілі бір аумақтың (аудандар, облыстар, өлкелер, т.б.) табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын,

мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; жан-жақты сараланған зерттеу жұмыстарының жиынтығы. Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды бір-бірімен байланысты кешенді дүние ретінде қараған жөн. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылық, ғылыми, әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол өңір үшін тікелей практикалық маңызға ие болады. Өлкетанудың зерттеу нысандарын салыстырмалы түрде 4 топқа бөліп қарауға болады: 1) өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке табиғат компоненттерін (геология, жер бедері, гидрографиясы, климаты немесе ауа райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар дүниесі), олардың адам қоғамы әсерінен өзгеру деңгейі мен сипатын және табиғатта жүретін басқа да процестерді зерттеу; 2) өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерекшеліктерін анықтау; 3) өлкенің және онда тұрып жатқан халықтардың тарихы жайлы, тарихи оқиғалар жайлы деректер, экспонаттар жинау, өлке аумағындағы археологиялық орындарды (көне қалалар қалдықтарын), тарихи ескерткіштерді, олардың ерекшеліктерін оқып-тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру; 4) халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу. Белгілі бір аумақта мекендейтін халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне олардың тілі, діні, салт-дәстүрі, фольклоры, халықтың өнері (қолөнер), музыкалық мәдениеті, т.б. жатады. Сонымен қатар өлкетану бойынша Қазақстандағы ең алғашқы кітап 1916 жылы шыққан өлкетанушы-педагог А.Н. Седельниковтың Ақмола облысы бойынша отантану арнаулы оқу құралы екенін айта кеткен жөн. Зерттеу нысанының бірінші түрі, яғни табиғат тақырыбына байланысты жұмыстар, белгілі бір жердің табиғатын оқып-білу 3 бағытта болады: 1) жеке табиғат компоненттері бойынша зерттеу; 2) табиғат кешендерін тұтастай оқып-үйрену немесе зерттеу; 3) табиғаттағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу. Жеке компоненттер бойынша өлке табиғатын білу, зерттеу, оқып-үйрену нысандарының бірі – жергілікті жердің немесе нақты бір аумақтың геологиялық құрылымы. Анықталатын мұндағы мәселелер: жергілікті жердің геологиялық құрамы (қандай геологиялық жыныстардан тұратындығы), ол жерлерде кездесетін минералдар түрлері, пайдалы қазбалар, олардың құндылығы және пайдалану жолдары. Геологиялық жұмыстарды өлкетану мақсатында орындау үшін қолайлы жерлер – кристалды жыныстардың жер бетіне шығып жатқан орындары, үңгірлер. Тау жыныстарының кристалдық, метоморфтық және шөгінді жыныстық түрлері қаралып, талданады, мысалдар келтіріледі. Геология тақырыбы бойынша ерекше орын – үңгірлер. Белгілі бір өлкедегі үңгірлер ерекшеліктерін, олардың пайда болу жолдарын білу, оқып үйрену қажет. Жанартаулық тау жыныстары мен кратерлер де геологиялық зерттеу нысаны болады. Теңіздер мен ірі көлдер болатын болса, олар теңіз геологиясына байланысты қаралады. Геологиялық бақылаулар мен зерттеу жұмыстарының келесі нысандары – жергілікті жерлердегі минералдық және термальдық бұлақ көздері және олардың емдік қасиеттері мен шаруашылықтағы маңызы. Жеке компоненттер бойынша жергілікті жердің табиғатын оқып

үйренудың келесі тақырыбы – жер бедері (рельеф). Жергілікті жер бедері пішіндері (тау, жота, тауаралық аңғар, тауаралық қазан шұңқыр, адырлар, сілемдер, сайлар, төбелер, шоқылар, т.б.), олардың пайда болу жолдары қаралады. Жергілікті жер бедері пішіндерінің жеке, өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Абсолюттік және салыстырмалы биіктіктерге, тау жоталарының жату бағытына, беткейлердің көлбеулілік дәрежесіне, жалпы рельеф жағдайының, жеке формалардың ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізетін әсеріне көңіл бөлінеді.

Гидрология бойынша шағын, әлі онша зерттелінбеген өзендер мен көлдер, олардың сипаттамасы берілуі керек. Бұл шаруашылық, табиғатты қорғау, туристік, т.б. мақсаттар үшін жасалынады. Бұл жердегі айтылатын мәселе, гидрологиялық нысандар (өзендер, көлдер, су қоймалары, т.б.) оларды қоршаған ортамен байланыстыра қаралуы тиіс. Өзендер олардың аңғарларының элементтері (арна, жайылма, террасалар) сипатымен кешенді қаралады. Су режиміне, шаруашылықтың маңыздылығына көңіл бөлінеді. Биік таулы аудандарда, мұздықты жерлерде, гляциологиялық зерттеулер мен бақылаулар жүргізілуі мүмкін. Бұл платиналар, туристік спорттық кешендер, т.б. құрылыстар салу үшін маңызды. Су нысандарындағы тіршілік назардан тыс қалмауы керек. Кейбір жерлерде жерасты сулары, олардың жер бетіне шығу жағдайы, өзендер мен көлдер зерттеледі. Егер батпақты учаскелер болатын болса, батпақтарға сипаттама беріледі. Өзен торының жиілігі мен өзендер бассейндері көлемін анықтау қажет. Гидрологиялық экскурсиялар мен экспедициялар кезіндегі маңызды тақырыптардың бірі – өзен аңғарының геологиялық құрылымы. Бұл тақырып бойынша жергілікті жердің геологиясын, өзен ерекшеліктерімен және су режиміне байланысты процестерімен қоса қарастырылады.

Белгілі бір жердің (өлкенің) климатына немесе ауа райына байланысты тақырыптар төмендегідей мәселелерді қамтиды: өлке климатының ерекшелігі, аумақ орналасқан климаттық белдеу. Жергілікті жердің ауа райының элементтері мен олардың сипаты (ауа райы элементтеріне жауын-шашын мөлшері, радиация, жел, температура жатады). Микроклимат. Жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын желдерге, олардың жылдамдығына, бағытына көңіл бөлінеді. Шағын табиғи кешендердің (батпақтар, тоғайлар, шағын көлдердің жағалары т.б.) бойында қалыптасатын микроклимат пен оған байланысты орын алатын жергілікті факторлар бақылау назарында болуы тиіс.

Топырақ жамылғысы бойынша өлке орналасқан табиғат зонасы, онда кездесетін топырақ түрлері мен олардың қысқаша ерекшеліктері бақыланады, зерттеледі. Бұл мәселе бойынша топырақ түрлері (нақты бір аумақтағы топырақ түрлері) климатпен, оның ішінде, әсіресе, түсетін жауын-шашын мөлшерімен және сол топырақта өсетін өсімдіктер сипатымен байланыста қаралуы керек.

Өлкетанудың табиғи тақырыптарға байланысты келесі зерттеу нысаны өсімдік жамылғысы. Бұл компонент бойынша сол аумақтың табиғат зонасы, онда кездесетін өсімдіктер түрлері мен топтары, биоценоздар қамтылады.

Жануарлар дүниесі бойынша өлке аумағында кездесетін жануарлар түрлері мен топтары, олардың мекен ету орталары анықталады. Жануарлар дүниесі және өсімдік жамылғысы туралы мәселер қозғалғанда олардың шаруашылықтағы маңыздығы басты назарда болу керек. Бұл, әсіресе, кәсіптік аңдарға, балықтар түрлеріне, жайылымдық жерлер мен орман учаскелері және оларды қорғауға алуға қатысты.

Жеке компоненттер бойынша белгілі бір өлкенің сипаттамасын беру кезінде компонентаралық өзара байланыстылықты естен шығармау қажет. Жеке компоненттерді бір-бірімен байланыстыра қараған жөн. Өйткені, бір компоненттің ерекшелігі (нақты, белгілі бір жерде) оған байланысты болатын екінші бір компонент ерекшелігіне негізделеді. Осы байланыстылықтардың, яғни жеке компоненттер арасындағы байланыстылықтардың бәрі жиылып, белгілі бір өлкенің табиғи ерекшеліктерінен, өзгешеліктерінен көрініс табады. Мысалы, жауын-шашынның және температураның белгілі бір жерде таралуына сол жердің рельеф жағдайы әсер етеді. Бұлар, яғни рельеф жағдайын, жауын-шашын мөлшері мен температуралық режим, өз кезегінде, топырақ, жамылғысы мен өсімдіктер дүниесінің, жануарлар түрлерінің таралуын анықтайды.

Табиғат бойынша жүргізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарының келесі үлкен тобы немесе бағыты – табиғат кешендері. Бұл бағыттағы жұмыстардың ерекшелігі – біріншіден, бақылаулар мен зерттеулер жеке компоненттер бойынша емес, тұтастай, территориялық жеке айырмашылықтар бойынша, кешенді қаралады, жеке территориялардың кешендік байланыстылықтары ашылады, екіншіден жеке территориялық кешендер арасындағы горизонтальдық байланыстар ескеріледі. Жан-жақты түрде зерттелетін территориялық жеке кешендер ландшафтар, қоныстар, фациялар немесе мезокешендер түрінде болады.

Табиғат бойынша өткізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарының өлкетанудағы үшінші бағыты – табиғатты қорғау, жергілікті жердегі, өлке аумағындағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу мәселелері. Өлке аумағындағы жалпы экологиялық ситуацияны анықтап, оған баға беру қажет. Дағдарыс алдындағы және экологиялық дағдарыс жағдайындағы аудандарды есепке алып, олардағы дағдарыс деңгейі мен ауқымын талдау, дағдарыстың шығу себебіндегі горизонтальды территориялық байданыстардың әсерін анықтау, өлке территориясы табиғатының өзгеру деңгейіне баға беру және бұл өзгерістерге әсер еткен факторларды тіркеу қажетті іс-шаралар болып табылады. Экологиялық өзгерістерді зерттеу көбіне жеке табиғат кешендерінде жүргізіледі немесе жеке компоненттер бойынша да жүргізілуі мүмкін (мысалы, белгілі бір жердің топырақ жамылғысының немесе ауасының ластануын анықтау, т.б.). Бұл бағыттағы жұмыстар негізінде табиғаттағы сирек кездесетін нысандардың өлке территориясы бойынша таралуы анықталады, оларды қорғауға байланысты іс-шаралар белгіленеді. Экологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының бірі – су нысандарын, өзендер мен көлдердің, әсіресе, шағын өзендердің ластану жағдайын анықтап, қорытындылау. Бұл жерде ластану

көздерін табу маңызды мәселе. Өлкетанудың екінші бір зерттеу нысаны немесе мақсаты өлкенің шаруашылығы, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерекшеліктерін анықтау. Бұл мәселе бойынша қаралатын нәрселер: өлке аумағында шаруашылықтың қай салалары басымдау дамығандығы, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының қандай салалары басым. Барлық қалған территорияға әсерін тигізетін ірі-ірі өнеркәсіп орталықтары, өлкедегі шаруашылықтың негізгі салаларына жататын және басқа да ірі кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар, фермалар, транспорт мекемелері. Өлке территориясының табиғи ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізер әсері. Көрші аймақтармен шаруашылық байланыстар. Шығатын пайдалы қазбалар, олардың маңызы, пайдалану жолдары. Өлке аумағындағы көлік құрылымы. Зауыттар мен фабрикалардың шикізат көздері. Өлкенің қуатпен қамтамасыз етілуі. Кәсіпорындардың болашақ даму мүмкіндіктері. Өнеркәсіптің таралу схемасы. Белгілі бір аумақта, өлкеде тұрып жатқан халықтардың кәсібі жеке аумақтық айырмашылықтарға негізделеді. Бұл айырмашылықтар табиғат жағдайымен, тарихи ерекшеліктермен, т.б. жағдайлармен анықталады. Өлкетанудың міндеті осындай айырмашылықтарды табу. Бұл жөнінде Қазақстан мен дүние жүзі бойынша көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазақстан бойынша қазақша текемет, кілемдер негізінен үш облыс аумағында (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл) жасалады. Ауғанстан халықтарының кейбіреулері керуен жолдарында тасымалдаушы жол серік кәсібін меңгерген. Тибетте, Неапалда тұратын шерп халқы басқа шаруашылық, кәсіп түрлерімен қатар саяхатшылар мен альпинистерге жол көрсетуді кәсіп етеді. Вьетнамдағы таулы жер халықтарының (тхай, мео, пуон, яо, уни, т.б.) жазық жердегі вьетнамдықтарға қарағанда егетін күріш сорттары басқа (құрғақшылыққа төзімділу) және террасаларда егеді, бұдан басқа олар аңшылықты кәсіп етеді. Өлкетану бойынша орындалатын бақылау, зерттеу жұмыстарының келесі үлкен тобы – белгілі бір өлкенің, онда мекендейтін халықтардың тарихы, археологиялық орындары, тарихи есерткіштері. Археологиялық орындар көне қалалар қалдықтары, қорғандар, ескі кен орындары, жар тастардағы бейнелер, т.б. түрінде болуы мүмкін. Археологиялық орынның орналасқан жері, ең жақын деген мекенге дейінгі қашықтық анықталады. Бағалы, тарихи құнды заттар табылуы мүмкін мәдени қабат басты назарда болады. Өлке территориясындағы сақталған көне қалалардың, археологиялық орындардың бұрынғы сауда жолдарының (мысалы, Ұлы Жібек жолы) бойында орналасу жағдайы ескерілуі тиіс. Археологиялық орындары зерттеу кезінде олардың жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі керек. Мысалы, әрбір көне қалалардың рабаттары (қала кварталдары), шахиристандары (цитадель) көлемі, сипаты жағынан әр түрде болуы мүмкін. Қала қақпалары да керуен жолдарына байланысты түрлі бағыттар бойынша орналасады. Жергілікті археологиялық жерлерді зерттеу кезінде олар туралы мұражайларда қойылған экспонаттарды пайдалануға болады. Тарихи орындардың, оның ішінде археологиялық орындардың ішінде бұрынғы адамдар мекендеген үңгірлер, олардың сипаты, қай тарихи кезеңге (палеолит, мыс ғасыры, темір ғасыры т.б.) жататындығы айқындалады. Өлкенің археологиялық картасын жасауға көңіл

бөлініп, оған өлке аумағы бойынша орналасқан барлық орындар түсіріліп, белгіленуі керек. Археологиялық орындарға жататын келесі бір нысан— көне суару каналдары. Егер өлке аумағында мұндай жерлер кездесетін болса, олардың ерекшеліктеріне, сақталу деңгейіне көңіл бөлу қажет. Өлкетанудың тарихи тақырыптар бойынша зерттеу нысандарының келесі тобы – тарихи ескерткіштер (мазарлар, мешіттер, көне құрылыс орындары, минареттер, шіркеулер, храмдар, монастырлар, синагогтар, пагодалар, т.б.). Өлкетану бойынша зерттеулерде кешенді тарихи орындар (тарихи кешендер) ерекше маңызға ие болады. Ондай жерлерге архитектуралық ансамбльдер, тарихи орындар орталықтары, көне қалалар кварталдары, көне алаңдар, көшелер тобы жатады. Кейбір қалаларда қаланың тұтастай бөліктері, кварталдары бұрынғы орта ғасырлық архитектуралық бейнеде, көріністе сақталған (Талинн, Рига, Венеция, Флоренция, т.б.). Тарихи тақырыптағы зерттеу жұмыстарына, сондай-ақ белгілі бір территорияда тарихи кезеңдерде болған, халықтың өмірімен тығыз байланысты оқиғалар жайлы деректер жинау, тарихи-мемориалдық орындарды анықтап, тіркеу (Солтүстік Кавказдағы Пушкин мен Лермонтов өмірбаянына байланысты, Санкт-Петербург, Псков облыстарындағы Пушкин есімімен байланысты, Қазақстанның Алматы облысындағы Ш.Уәлиханов есімімен байланысты орындар, т.б.) тарихи өлкетану мұражайларындағы экспонаттармен танысу, т.б. жатады. Жалпы айтқан кезде, тарихи тақырыптар бойынша зерттеу, бақылау, деректер, материалдар, экспонаттар жинаумен айналысатын өлкетанудың жеке арнайы түрі бар. Ол *тарихи өлкетану* деп аталады. Жоғарыда айтылып, көрсетілген міндеттер мен атқарылатын жұмыстар осы тарихи өлкетануға тән.

Өлкетанудың келесі зерттеу нысаны — өлке аумағында тұратын, мекендейтін халықтардың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктері, демографиялық жағдайы, топонимикасы. Жергілікті халықтардың ерекшеліктерін зерттеу кезінде сол халыққа және ең көп таралған, тартымды мақал-мәтелдерді, ән-өлеңдерді, қолөнер, оның ішінде ағаштан ойылып жасалатын бұйымдар, шашақ, кесте түрлері, ойыншықтар, ыдыстар жасау, киім, аяқ киім тігу, мата және кілемдік бұйымдар, әр түрлі әсемдік бұйымдар, т.б. заттар ерекшеліктеріне тән деректер жиналады. Этнографиялық зерттеу жұмыстары сондай-ақ жергілікті тұрғындардың жеке үйлерінің сыртқы және ішкі (интерьер) көріністерін, халықтық медицинаны, салт-дәстүрлерді, сенімнанымдарды, дінін, тілдік ерекшеліктерін, қоғамдық және отбасылық тұрмыс-тіршілігін, халықтың көркем өнерін, фольклорлын білуге бағытталуы тиіс. Халықтардың ұлттық мейрамдары мен олардың мәнін, сипатын, би өнерін білу маңызды. Сонымен қатар қолөнерге тән тастан, металдардан, сүйектен бұйымдар жасау назардан тыс қалмау керек. Халықтардың кәсіптік, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, қолданылатын еңбек құралдарына, аңшылық, балық аулау, теңіз кәсібіне, ара шаруашылығына (қосымша немесе негізгі кәсіптер ретіндегі), оларды жүргізу ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі қажет. Үй жағдайындағы өнім өндіру мен әр түрлі сатуға жарайтын бұйымдар жасау (кілемдер тоқу мен кілемдер түрлері, ат әбзелдерін жасау, тері бұйымдары, азық-

түліктің қолдан жасалатын түрлері, т.б.) мен олардың технологиялық процестері, сондай-ақ кейбір көшпенді халықтардың (немесе бұрынғы көшпенді халықтардың) қона-жай ретінде пайдаланатын киіз үйлердің, шатырлардың материалы, дайындалу технологиясы этнографиялық тақырыптарта жүргізілетін өлкетану жұмыстары ауқымында болады. Этнографиялық, әлеуметтік бағыттағы зерттеу жұмыстарында халықтың демографиялық жағдайының маңызы зор. Жергілікті тұрғындардың басқа жақтан көшіп келуіне және көшіп кетуіне, санына, тығыздалығына, орналасу ерекшеліктеріне, ұлттық және жас құрамына назар аудару керек. Урбанизация жағдайы ескеріледі. Этнографиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының маңызды элементі – топонимика. Жолсерік кітапшалар, карталар, туристік есеп қағаздары бойынша жергілікті географиялық атауларды, жер-су аттарын білу, анықтау қажеттілігі туындайды. Оның ішінде микротопонимдердің (көлемі жағынан шағын боп келетін жер-су аттарына байланысты нәрселер) орны ерекше. Шағын ғана бір елдімекен бойында 150-200 тарта жер-су аттарын кездесетіруге болады. Бұл жайылымардың, бақтардың, өткелдердің, құдықтардың, бұлақтар мен бастаулардың, сайлардың, тоғайлардың, алаңдардың, батпақтардың, шағындардың, т.б. жерлердің аттары болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған өлкетанудың зерттеу, бақылауға алу нысандарынан бөлек, көп жағдайда мектеп өлкетануы үшін қолданылатын, басқа да өлке ерекшеліктерін зерттеу нысандары бар. Олар – сол өлкеде туып-өскен қазіргі заманғы өнер қайраткерлері, өлардың туындылары, өнер салаларына байланысты мәселелер. Олардың ішінде бейнелеу өнерінің (скульптура, графика, т.б.), архитектураның, әдебиет өнерінің, музыканың (және оның түрлерінің), театрдың, хореографияның, кино өнерінің жағдайы, жеткен табыстары, бұл өнер салалары үшін еңбегі сіңген қайраткерлер мен олардың өміріне байланысты деректер қарастырылуы керек. Өлкетану мен туризм өзара байланысты салалар, сондықтан өлкетану жұмыстары кезінде, өлкетанудың зерттеу нысандары ретінде белгілі бір аумақтың (ауданның, облыстың, өлкенің) туристік-рекреациялық мүмкіндіктері, туристік ресурстары, туристік әр түрлі нысандары (табиғи, тарихи, әлеуметтік-экономикалық) анықталуы тиіс. Оның ішінде жергілікті жердің, өлкенің рекреациялық жағдайларына, мүмкіндіктеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Сондай-ақ спорттық және т.б. мақсаттар үшін туристік жорықтар жасау мүмкіншіліктері, өлке территориясында орналасқан нысандар бойынша экскурсиялар өткізу жағдайы, туристік-рекреациялық зоналар, туристік орталықтары, ұлттық парктер құру мүмкіндіктері мен ерекшеліктері айқындалуы керек. Жергілікті жерлерде туристік базалар құру, пансионттар мен демалыс үйлерін, санаторийлер салу үшін, яғни, нақты жергілікті масштабтағы территорияны тұрақты түрде туристік мақсаттар үшін пайдалануда жерлерді, орындарды олардың сыртқы әсер күштеріне деген табиғи тұрақтылығына, көркемділігі мен қайталанбас ерекшеліктеріне, рекреациялық мүмкіндіктеріне байланысты таңдап алу, осындай туристік-рекреациялық орындардың көлікпен, коммуникациямен, т.б. инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді жергілікті жер ерекшеліктерін есепке ала отырып жоспарлау, жобалау қажет болып табылады.

Бұл да өлкетанудың практикалық маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Этнографиялық бағытта орындалатын жұмыстардың тағы бір түрі – елді мекендерге сипаттама беру, зерттеу. Бұл

мақсат үшін, әсіресе, шағын ауылдар, елді мекендер қолайлы. Елді мекендерге сипаттама беру немесе зерттеу жобамен төмендегідей жоспар немесе бағдарлама бойынша жүзеге асады. 1) Географиялық орны; 2) Аты және оның шығу тегі; 3) Көлемі; 4) Елді мекен орналасқан жердің табиғат жағдайы; 5) қалыптасу және даму тарихы; 6) Халқы,

ұлттық құрамы, халқының кәсібі; 7) Шаруашылығы; 8)

Транспорттық жағдайы; 9) әкімшілік – саяси жағдайы; 10)

Мәдени маңыздылығы; 11) Ішкі ерекшеліктері; 10) Көрікті орындары, ескерткіштері; 13) Туристік-экскурсиялық маңыздылығы.

#### **Анықтама, сөздік**

*Өлкетану* – бұл жергілікті халықтың өз өлкесін (елді, облысты, ауданды, қаланы, ауылды) зерттеуі. Бұл ережелерді зерттеудің күрделі, көпсатылы процесі, оның мақсаты барлық көрсеткіштер мен факторлар бойынша толық ақпарат алу болып табылады.

*Сәулет ескерткіштері* – өзінің пайда болу дәуіріне байланысты безендірілуінде сол дәуірдің эстетикалық құрылысын сипаттайтын өнер туындылары.

*-тарихи өлкетану* – онда тарихи құжаттар, архивтер қарастырылады.

*Этнографиялық өлкетану* – берілген территорияда тұратын халық тұрмысымен байланысты.

*Өлкетану әдебиеті* – шығарылу орнына байланыссыз өлкенің өз мазмұнына байланысты баспа шығармалары.

*Рухани бағыттағы ескерткіштер* – шіркеу, мешіт және т.б.

*Монумент* – ескерткіштер, аркалар, колонналар және т.б.

*Экотуризм* – бұл тұрақты және табиғи қалыптасқан туризм және рекреация.

*Табиғи туризм* жабайы аңдар, өсімдіктер, су, ландшафты қоса отырып табиғи ресурстарды пайдаланғанда өзгеріссіз жағдайда сақтауға тәуелді туризмнің кез – келген түрлері.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1..

2.

3.

#### **§4. Өлкетанудың жұмыс формалары**

Өлкетанудың бірнеше жұмыс формалары бар. Солардың бірі – *туристік жорықтар*. Өлкетану бойынша өткізілетін жорықтардың басты ерекшелігі – олардың танымдық мақсаты, яғни олар белгілі бір тақырыпқа байланысты немесе жалпылама өлке территориясымен, оның ерекшеліктерімен, табиғатымен, т.б. танысуға бағытталады. Өлкетану жорықтарын дайындау кезінде керекті жерлер мен орындар танымдық мақсат бойынша таңдалып



алынады да жорық маршруты солар бойынша жүргізіледі. Олардың екінші ерекшелігі – топ мүшелерінің әрқайсысының өз міндеттерінің болуы. Ол міндеттер жорықтың мақсатына байланысты топ мүшелерінің жеке қабілеттерін ескере отырып бөлініп беріледі. Өлкетану жорықтары көбінесе мектеп өлкетануында көп қолданылатындықтан мектеп оқушыларына белгілі бір атқаратын жұмыстар тапсырылады. Бұл жағдай жеке пәндер бойынша мектеп бағдарламасымен байланыстырылады. Мысалы география пәніне байланысты жеке табиғат компоненттері топ мүшелері арасында бөлінеді. Бір оқушы жетекшінің көмегімен маршрут бойынша рельеф жағдайына сипаттама беріп, керекті кескіндерді, схема-карталарды дайындаса, екіншісі геологиялық жағдайға, немесе ауа райы жағдайларына (ауа райының жеке элементтері бойынша графиктер сыза отырып) бақылау жасайды т.с.с.

Әрбір топ мүшесіне жеке міндеттемелер бөліп беру басқа да пәндер бойынша да жүргізіледі. Бұл орайда биологияның, тарих пнінің мүмкіндіктері көп.

Өлкетанудың келесі жұмыс формасы – *саяхаттар*. Саяхаттар мен жорықтар тек қана туризмде ғана емес, сондай-ақ өлкетануда қолданыла береді. Бірақ өлкетану бойынша саяхаттардың мақсаты – өлке ерекшеліктерімен, оның көрнекі орындарымен танысу және сондай-ақ басқа өлкелер ерекшеліктерін, аймақтар мен мемлекеттердің ішкі айырмашылықтарын танып-білу. Өлкетану бойынша саяхаттар арнайы жолдамалар, яғни туристік кәсіпорындарының коммерциялық негізде ұйымдастыруымен жоспарлы түрде немесе ұйымдар мен мекемелердің басқа тиісті орындармен келісуі, шарт жасауы негізінде ұйымдастырылуы мүмкін. Саяхаттар мен жорықтарды ұйымдастыру кезінде өлкетану бойынша да, арнайы қажетті құжаттар дайындалады.

Келесі жұмыс формасы – *экскурсиялар*. Өлкетанудағы экскурсиялардың ерекшелігі – олар нақты бір аймақтың, өлкенің ерекшеліктерін, көрнекі орындарын көрсетуге бағытталады. Өлкетану бойынша экскурсияның барлық 5 түрі де пайдаланылады. Олар: табиғатқа жасалатын экскурсиялар, шолу немесе қала экскурсиялары, мұражай экскурсиялары, өндіріс орындарына жасалатын экскурсиялар және тақырыптық экскурсиялар.

Зерттеу экспедициялары да өлкетанудың жұмыс формаларының бірі болып табылады. Олардың өзіне тән маршруты болады, алдын ала дайындық жұмыстары жасалады, азық-түлік, құрал-жабдықтар, зерттеу құралдары дайындалып, шығындар есептеледі. Зерттеу экспедициялары табиғатқа жасалып (табиғат кешендері мен кешендерін зерттеу), экологиялық, археологиялық және этнографиялық болуы мүмкін. Экологиялық экспедициялар белгілі бір табиғаты дағдарысқа ұшыраған аймақтың теріс өзгерістерін анықтаумен айналысады. Археологиялық экспедициялар тарихи, археологиялық орындардың мәдени қабаттарында қазба жұмыстарын жүргізіп, көне қалалардың салыну ерекшеліктерін, тарихи оқиғаларды анықтайды, олар туралы түрлі экспонаттар, деректер жинайды. Этнографиялық экспедициялар аймақ, өлке территориясында тұрып жатқан халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, материалдық дүниесін, үйлері мен тұрғын жайларының сырт пішінін, ішкі жағын, ұлттық киім

ерекшеліктерін, музыкасын, фольклорын, кәсібін, т.б. зерттеп, деректер жинайды.

Экспедициялар сондай-ақ, өлкетануда қайталанбалы, яғни тұрақты орындалатын зерттеу, анықтау, оқып-тану жұмыстары түрінде жүргізіледі. Бұл мектеп өлкетануына тән. Мысал ретінде оқушылардың республикалық «Атамекен» өлкетану экспедициясын айтуға болады. Бұл экспедиция республиканың көптеген облыстарында табиғатқа байланысты, экологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Мұндай жұмыстар көптеген мектептерде жүзеге асуда. Оқушылар деректер жинайды, өлшеу, анықтау жұмыстарын жүргізеді, табиғи компоненттердің, кешендердің жергілікті жерлер бойынша карталарын, сондай-ақ экологиялық карталарын түсіреді. Тұрақты орындалатын экспедицияларда жоғарыда аталынған табиғатқа байланысты және экологиялық зерттеу жұмыстарымен қатар, сондайақ өлке тарихына, т.б. мәселелерге байланысты жұмыстар ұйымдастырып жүргізіледі. Ол үшін жергілікті тұрғындардан тарихи деректер (өлке территориясында болып өткен оқиғалар, т.б. жайлы) мен экспонаттар жиналып, архив және мұражай материалдары пайдаланылады.

**Туризм** (франц. *tourisme, tour* – серуендеу, жол жүру) термині қоғамда белгілі бір орын алатын құбылыс ретінде ХІХ ғасырда ғана қалыптаса бастады. Туризмнің даму тарихы ХХ ғасырда өзіндік толығымен, жетіле, күрделене түсуімен сипатталады. Алайда туризм термині қоғамда бірден қалыптаса салған жоқ. Оның пайда болуына әсер еткен тарихи алғы шарттар немесе факторлар болды. Атап айтсақ:

Ерте ғасырлардағы, әсіресе, орта ғасырлардағы (VII–XIV ғасырлар) мемлекеттер мен халықтар арасындағы саудасаттықтың дамуы.

1. Орта ғасыр мен ХІХ ғасырға дейінгі мемлекеттер арасында болған соғыс қимылдары.
2. XV ғасырдан басталған жаңа жерлердің ашылулары (Ұлы географиялық ашылу).

### **Бақылау сұрақтары.**

- 1
- 2
- 3

### **§5. Өлкетанудың бағыттары**

**Өлкетану** дегеніміз – белгілі бір аумақты, ауданды, қаланы, ауылды, т.б. елді мекендерді, облысты, аймақты мемлекет территориясының жеке бөліктерін жан-жақты зерттеумен және оқыптанумен айналысатын қоғамдық құбылыс. Өлкетанудың түрлері – *мемлекеттік, қоғамдық, мектеп және тарихи өлкетану*.

*Мемлекеттік өлкетану* – арнайы органдардың араласуымен ұлттық және өлкетану (облыстық, аудандық, қалалық) мұражайлары жұмысын ұйымдастыру,

әкімшіліктердегі, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу институтарындағы мәдениет пен ғылымға байланысты бөлімдердің жұмыстары, жеке территориялардағы шаруашылыққа және табиғатқа, қоршаған ортаны қорғауға байланысты зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру.

*Қоғамдық өлкетану* – қоғамдық өлкетанушылардың, туристердің, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың күшімен жоғарғы және жергілікті дәрежедегі тақырыптық және т.б. мұражайларды құру, олардың жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізу, өлке ерекшеліктеріне байланысты, өлке тарихы мен онда өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау, т.б. жұмыстар.

*Мектеп өлкетануы* – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша материалдар негізінде білімді жетілдіруге, сондай-ақ әр түрлі туристік - өлкетану шаралары барысында түрлі тәрбие түрлерін беруге байланысты жұмыстар. Мектеп өлкетануында оқушылармен жұмыс жасалады, деректер жиналып (түрлі тақырыптарға байланысты) жергілікті жер материалдары негізінде мектеп мұражайлары жасалады.

Өлкетанудың ерекше түрі – *тарихи өлкетану*. Ол белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқиғаларды, тарихи белгілі қоғам қайраткерлерінің өмірін, тарихи-мемуарлық және тарихи архитектуралық ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін, археологиялық орындарды зерттеумен, оқып-танумен айналысатын өлкетану түрі.

Кейбір мамандар, сондай-ақ *этнографиялық, топонимикалық, кешенді географиялық және физикалық-географиялық өлкетану* түрлерін бөледі.

Туризм саласы мамандарды арасында туризм мен өлкетануды бірге қарастыру керек деген пікір бар. Десек те, өлкетану өз бетінше жұмыстар жүргізе алатын өзіндік жұмыс әдістері немесе формалары (өлкетану экспедициялары, ғылыми этнографиялық және археологиялық экспедициялар, мұражайлар жұмыстары) бар қоғамдық құбылыс. Оған мысал ретінде көптеген мемлекеттердегі ішкі этнографиялық, кәсіби, мәдени-фольклорлық, т.б. ерекшеліктердің, көптеген өлкетанушы ғылымдардың жұмыстарын айтуға болады. Ал туризмнің өлкетануға қарағандағы қоғам өмірінде алатын орны мен рөлі жоғары, ол көп жақты. Туризмді экономиканың бір саласы ретінде, спорт түрі, демалыс-сауықтыру құралы, оқу-тәрбие, танымдық маңызды құрал ретінде де қарауға болады.

Алайда туризм мен өлкетанудың ұқсас жақтары бар, сондықтан, көп жағдайда оларды бірге қарастырады, жұмыстары бірге өткізіледі. Туризм мен өлкетанудың ұқсас тұсы – біріншіден, екеуін де тәрбие, білім беру құралы ретінде тануға болады, екіншіден, кейбір жұмыс істеу формалары ортақ (экскурсия, жорықтар).

Өлкетану туризмнен басқа бірнеше ғылымдармен және қоғамдық құбылыстармен байланысты. Олар:

1) *География.* Өлкетанудың географиямен байланысты болуының себебі – география жалпы географиялық заңдылықтарды зерттеумен қатар территориялардың бір-бірінен табиғи және т.б. ерекшеліктерін (физикалық-географиялық және әкімшілік аудандастыру бойынша) зерттейді. Өлкетанудың алға қоятын мақсаты да жеке, белгілі бір территорияның (аймақтың, облыстың, ауданның, өлкенің, т.б.) өзіне тән әр түрлі ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу, оқып-тану.

2) Өлкетану *тарих* ғылымымен байланысты. Өйткені өлкетану жұмыстарының нәтижесінде өлке тарихына қатысты және өлке территориясындағы тарихи орындар мен ескерткіштерді зерттеуге оқып-тануға, сақтауға байланысты міндеттер орындалады. Бұл жұмыстармен жоғарыда айтылғандай тарихи өлкетану айналысады.

3) *Биология.* Өлкетану жұмыстары кезінде, әсіресе, мектеп өлкетануы бойынша туған өлкенің, яғни белгілі бір территорияның өсімдік түрлері, олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы, зоналылығы, басқа табиғат компоненттерімен байланысы, өсімдік бірлестіктері (ценоз, биоценоз, биогеоценоз т.б.) қарастырылады. Мектеп өлкетануында бұл мәселелер оқу бағдарламасымен (биология пәндері бойынша) байланысты, яғни жеке пән тақырыптарына сәйкестендіріп (өлкетану материалдарын пайдалана отырып) және бағдарламадан тыс, туристік - өлкетану жұмыс әдістері (экскурсия, экспедиция, өлкетану жорықтары) барысында қаралады.

4) *Өнертану.* Өлкетану жұмыстарының барысында, атап айтқанда тарихи-археологиялық, тарихи-архитектуралық орындар мен ескерткіштерді оқып-тану, зерттеу кезінде, этнографиялық ерекшеліктермен, яғни белгілі бір өлке территориясында тұрып жатқан түрлі халықтардың материалдық дүниесімен (тұрғын үйі, ұлттық тағамдар мен киімдер, кәсіптік құралдары, музыка аспаптары, зергерлік бұйымдары, үй жиһаздары т.б.) музыкасымен, фольклорымен танысу кезінде және мұражай жұмыстары кезінде түрлі өнер салаларынан хабардар болуға және олармен жұмыс жасауға тура келеді.

5) *Этнография.* Өлкетану өлке территориясындағы халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, ішкі айырмашылықтарын (бір ұлтқа жататын адамдардың тұру ортасына, тарихи факторларға, т.б. байланысты бір-бірінен тілдік, мәдени, кәсіптік т.б. айырмашылықтар жасауы) зерттеумен айналысады. Олардың дәстүрлерін, тілін, дінін, әдет-ғұрыптарын, тарихын (этногенез), кәсібін, материалдық дүниесін, мәдени және рухани өмірін талдап қарайды.

6) *Топонимика.* Өлке территориясындағы жер-су, елді мекендер аттарының шығу-тегі талданып қаралады, зерттеледі. Топонимика жерсу аттарының шығу-тегін зерттеумен айналысатын ономастика ғылымының (ономастика жер-су аттарынан басқа адам және жануарлар аттарын да зерттейді) бір саласы. Жер-су аттарын зерттеу кезінде жергілікті жерге (өлкеге) және нақты қатысты жерге байланысты тарихи жағдайлар, ол жерлерде тарихи кезеңдерде

тұрған және қазір тұрып жатқан халықтардың тілдік ерекшеліктері, сонымен қатар, табиғи сипаттарын ескеру қажет.

7) *Музейтану*. Өлкетану жұмыстары кезінде өлкенің табиғатына, шаруашылығына, тарихына, этнографиясына, мәдени өміріне байланысты экспонаттар, материалдар жиналып сақталынады, мұражайлар құру мен олардың жұмысы өлкетанудың жұмыс формаларының бірі болып табылады.

Туристік қызметте өлкетанудың алатын орны. Өлкетану анықтамасы. Жергілікті халықтың өзінің тұрғылықты жерін зерттеуі. Өлкетанудың түрлері мен формалары Өлкені зерттеу топтары. Зерттеу әдістеріне байланысты өлкетану

түрлері. Тарихи өлкетану. Географиялық өлкетану. Сәулет өлкетануы. Археологиялық өлкетану. Этнографиялық өлкетану. Биологиялық өлкетану. Өлкетану формалары.

Өлкетану принциптері. Туристік-өлкетану жұмысын жүргізудің негізгі кезеңдері. Өлкені зерттеу әдістері.

### **Глоссарий**

*Туризмнің географиясы* – туристік объектілердің, ресурстардың, кешендердің белгілі бір аумақ бойынша таралуын және орналасу ретін анықтаумен айналысатын географияның бір бөлімі.

4. *Туристік индустрия* – туристік қызмет көрсетумен, тауарларды өндірумен, бөлумен, материалдық-техникалық туризм базасын жасаумен, туристік-рекреациялық ресурстарды игерумен айналысатын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы. Салыстырмалы түрде бұл кәсіпорындар мен мекемелер 4 топқа бөлінеді:

*Туристік ағын* – белгілі бір мерзім аралығындағы туристер санының туристік аймақтар мен орталықтарға бару бағыты.

Рекреация – адамдардың демалуы, емделуі, туризммен айналысуы барысында рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, дене күштерін нығайтуы. Рекреацияның дамуы халықтың тұрмыс деңгейіне, урбандалуға, рекреациялық ресурстардың болуына, олардың көліктік тиімділігіне байланысты. Рекреациялық ресурстарға климат, жер бедері, жер беті сулары, минералды, термальды су көздері, өсімдік жамылғысы жатады. Рекреацияны емдік-сауықтыру, спорттық және танымдық деп бөледі. Бұлардың ішінде рекреация үшін алғашқы екеуінің, әсіресе, біріншісінің маңызы зор.

*Тур* – (саяхат, сапар) алдын ала жоспарланатын, белгілі бір мерзім, маршрут, қызмет түрлері бар, бірыңғай баға бойынша туроператор (туристік фирма) арқылы ұйымдастырылатын туристік саяхат.

*Туриада* – әртүрлі іс-шаралармен (экскурсиялармен, слеттермен, жарыстармен т.б.) қатар жүргізілетін, бірнеше туристік топтар қатысатын,

туризмнің бір немесе бірнеше түрлері бойынша өткізілетін көп күндік жорықтар жиынтығы. Туриадаларды туристік клубтар, т.б. ұйымдар өткізеді

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Өлкетанудың негізгі ұғымдары
2. Өлкетанудың түрлері
3. Өлкетанудың формалары

### **§6. Сарамандық жұмыстар**

**(1 сағат)**

Демалыс күнгі жорықты ұйымдастыру

Өзің тұрған елді мекендегі туристік өлкетанушылық нысандарға барып танысу

Мазмұны кейін беріледі

### **§7. Сарамандық жұмыстар**

**(1 сағат)**

Өзің тұрған елді мекеннің өлкетану нысандарымен танысу

Мазмұны кейін беріледі

### **§8. Географиялық өлкетану**

**(3 сағат)**

Географиялық өлкетанудың қалыптасу кезеңдері. өлкетанудың ұйымдастыру формасы. Зерттеу объектісі

### **§9. Өзі тұрған жерін өлкетану бағытында оқып үйрену**

**әдістемесі**

**Мақсаты:** Туристік-өлкетану іс-әрекеттері арқылы мектеп оқушыларын қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

**Міндеттері:** Туристік-өлкетану іс-әрекеттері арқылы мектеп оқушыларын қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің педагогикалық шарттар жүйесін құрастыру өз өлкесінің қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мазмұндағы мәдени мұраларына эмоционалдық танымдық қызығушылығын қалыптастыру өзінің тұрғылықты аймағындағы (ауылы, қаласы) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру сипаттағы мәдени мұралар туралы білімдерін қалыптастыру; өз өлкесінің төл мәдениетіндегі мәдени мұра нысандары, ана тілі мен туған жері туралы білім беру өзінің тұрғылықты аймағындағы туристік-өлкетану нысандарындағы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру сипаттағы мұралар туралы білімдерін тәрбиелік ісшараларда көрсете білуін, өзгелерге таныстыра білуін дамыту.

**Принциптері:** жүйелілік, кешендік, тұлғалық іс-әрекеттік көзқарас; оқушылардың жас және дара ерекшелігін ескеру принципі; оқу-тәрбие процесіндегі сабақтастық принципі; «табиғат-адам-қоғам» жүйесіндегі өзара белсенді әрекеттестік принципі. Негізгі шарттары. Мектеп оқушыларының туристік-өлкетану іс-әрекеттерін жүйелі түрде, ұйымдастыру;

**Нәтижесі.** Өзінің туған жеріндегі – қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы мазмұндық сипаты бар табиғи, тарихи-мәдени т.б. мұраларға

танымдық қызығушылығы қалыптасқан, оларды жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде құрметтеп, сақтап, күте білетін, өзгелерге қазақстандық патриоттық сезіммен таныстыра білетін патриот тұлға қалыптасады.

### ***Өзі тұрған жерін зерттеуді ұйымдастыру***

Зерттеу тақырыбын анықтау. Зерттеу ауанын таңдау. Өзі тұрған жерін зерттеу мақсаты. Территорияның ерекшелігіне сәйкес өлкетану зерттеуі бағдарламасын жасау. Зерттеу әдістемесін таңдау. Қорытынды есеп материалының мазмұны мен формасы.

*1-тапсырма.* Мына жоспар бойынша тұрған жерде өлкетану зерттеуін жүргізу:

1. Қолда бар әдебиеттік және картографиялық материалдармен танысу.
2. Тұрған жерді бақылап көру және компастық түсірім негізінде жоспарын жасау.
3. Оқып-үйренетін жердің физикалық-географиялық сипаттамасын жазу.
4. Территорияның экономикалық-географиялық сипаттамасын жазу (халқы және шаруашылығы). Пәнаралық байланыстар: дала практикасымен: компастық түсірім, сол жердің табиғат компоненттері мен ТТК-ді оқып-үйрену, байқау нәтижелерін ретке келтіру.

### **Мектептегі өлкетану жұмыстары**

#### ***Мектеп географиясы курсының өлкетану негізі***

Географияның мектеп курсындағы өлкетану мағлұматтарының мазмұны мен көлемі. Мектептегі географиядан өлкетану жұмысының жүйесі және оның басқа оқу тәсілдерімен байланысы. Географияны оқытудағы өлкетану принципін маңызы.

*2-тапсырма.* Қазіргі мектеп бағдарламасының географияны өлкетану негізінде оқытуға қоятын талаптарын анықтау.

*3-тапсырма.* Табиғаттану мен география бағдарламалары және оқулықтарындағы өлкетану сипатындағы сұраулар мен тапсырмалардың мазмұнын және көлемін айқындау.

*4-тапсырма.* Оқытудың өлкетану негізіне және география бағдарламасымен салыстырғанда туризм, тарих, әдебиет пәндерінің орта мектеп бағдарламасындағы өлкетануға арналған тапсырмалардың көлеміне қойылатын талаптарды анықтау.

*5-тапсырма.* V–VIII сыныптардың география курстарындағы өлкетану материалын пайдалану, ерекше қажет тақырыптарды анықтау.

Географияны оқыту әдістемесімен пәнаралық байланыс: пайдаланған бағдарламалар мен оқулықтарға талдау.

#### ***3-тақырып. Өлкетану экскурсиялары***

Оқу экскурсияларының мазмұны, олардың географияны оқытудағы маңызы. Экскурсия ұйымдастыру әдістемесі—экскурсияның мақсаты мен міндеті, маршрутты таңдау, даярлау, оқушыларды экскурсияға даярлаудың мазмұны мен әдістемелерін таңдау. Экскурсия өткізу. Экскурсия материалдарын ретке келтіру.

*6-тапсырма.* V–VIII сыныптардағы бағдарламада көрсетілген географиялық оқу экскурсияларының жүйесі және мазмұнымен танысу.

*7-тапсырма.* Табиғаттану мен география оқу бағдарламаларында көрсетілген оқу экскурсиялары мен өткізудің типтік жоспарын жасау.

*8-тапсырма.* Табиғатқа экскурсия жасаудың мазмұны мен әдістемесін жасау: а) IV сынып оқушылары үшін (табиғаттану курсы бойынша); б) V сынып оқушылары үшін табиғатқа екі экскурсия (күзде және көктемде); в) VI сынып оқушылары үшін тұрған жердің табиғат кешендерін оқып үйренуге арналған көктемгі экскурсия.

*9-тапсырма.* Табиғаттану, география мен туризмнің мектеп бағдарламалары негізінде табиғатта фенологиялық байқау жүргізу жоспарын жасау, IV сыныптан VII сыныпқа дейінгі жыл мезгілі бойынша метеорологиялық, гидрологиялық, биологиялық және геоморфологиялық байқаулар жүргізудің мазмұнын анықтау. *10-тапсырма.* VII сынып үшін табиғаттың негізгі компоненттері мен олардың табиғи-территориялық кешені физикалық-географиялық жағдайларын сипаттайтын өзара байланыстарын оқып-үйрену экскурсиясы маршрутын жасап, оны жергілікті жерде де өткізу. Өткізілген экскурсия материалдарын ретке келтіру.

*11-тапсырма.* Экономикалық нысанды оқып-үйрену экскурсиясының мазмұнын жасау (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы немесе транспорт, кәсіпорындары).

*12-тапсырма.* Өзі тұрған жерді оқып-үйрену кезінде жиналған өлкетану материалдарын пайдаланып мектеп географиясы курстары бойынша сабақтың мазмұнын жасау (әрбір студент бір сабақтың конспектісін даярлайды).

Географияны оқыту әдістемесімен пәнаралық байланыс: оқу экскурсиялық мазмұны.

**§10 4-тақырып. VII–VIII сыныптар география курстарында өз облысын оқып үйрену**

“Өз облысы” тақырыбын оқып үйренудің әдістемесі. Мазмұны, материалды іріктеп алу және тақырыпты жоспарлау. Өз облысының географиясынан оқу құралдары: атлас, облыстың оқу карталары.

*13-тапсырма.* Облыстың, өлкенің, республиканың географиялық оқулықтары мен оқу құралдарына талдау жасау. Олардың құрылымы, мазмұны, әдістемелік аппаратының ерекшеліктері мен картографиялық жабдықталу жағынан салыстыру.

*14-тапсырма.* Облыстың қолда бар атластарына және оқу карталарына салыстыру бағытында талдаулар жасау.

*15-тапсырма.* VII-VIII сыныптар үшін өз облысының географиясын оқып-үйрену бағдарламасын жасау.

*16-тапсырма.* Осы тақырып бойынша барлық сабақтың мазмұнын талдау және олардың конспектісін жасау (әр студент бір сабақтың конспектісін дайындайды).



Географияны оқыту әдістемесімен пәнаралық байланыс: тақырыптық жоспар, сабақ конспектісін жасау, оқулықпен жұмыс істеу, картаны оқу, “өз облысы” тақырыбынан оқу құралдарын талдау. Топография негіздерімен, картографиямен пәнаралық байланыс: облыстың картографиялық материалдарына, атластарына, қабырға карталарына талдау.

### **§11 Сыныптан тыс өлкетану. 5-тақырып. Сыныптан тыс өлкетану жұмыстары**

Мектепте сыныптан тыс өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру формалары. Жалпы мектеп өлкетану жұмыстарының міндеті. Өлкетану үйірмесінің жұмыс әдістемесі. Туған өлкенің туристік-өлкетану мүмкіндігі, жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастыру және жүргізу.

Мектеп өлкетану бұрышы мен мұражайының мазмұны және экспозициясы.

*17-тапсырма.* Белгілі бір өлкетану тақырыбына библиографиялық әдебиеттерді іріктеп алу.

*18-тапсырма.* Республикалық “Атамекен” туристік-өлкетану экспедициясы мазмұнына сай өлкетану мен туризмнің жалпы мектептік жұмыс жоспарын жасау.

*19-тапсырма.* Мектептегі өлкетану үйірмесінің жылдық жұмыс жоспарын жасау (IV–V, VI–VII, VIII–IX сыныптардың жас ерекшеліктері бойынша).

*20-тапсырма.* Мектептегі өлкетану мұражайындағы табиғат және шаруашылық бөлімдері экспозициясының жоспарын жасау.

*21-тапсырма.* Өлкетану сипатындағы жалпы мектептік шаралар бағдарламасын жасау; олимпиада, кештер, викториналар, КТК, туристік-өлкетану слеттері, жорықтар, экспедициялар.

### **§12 Мектептен тыс өлкетану жұмыстары**

#### ***6-тақырып. Мектептен тыс мекемелердегі өлкетану жұмыстары***

Мектептердің мектептен тыс балалар мекемелерімен (экскурсиялық-туристік станциялар, оқушылар үйі, юноттар станцияларымен), өлкетану мұражайлары, географиялық қоғам бөлімі және филиалдары, табиғат қорғау қоғамы, тарихи және мәдени ескерткіштер қорғау қоғамымен байланысы. Оқушылардың жүргізетін жұмыстарының мазмұны мен әдістемесі.

*22-тапсырма.* Қаладағы немесе облыстағы мектеп өлкетану мұражайларымен танысу және оларды жалпы сипаттап жазу.

*23-тапсырма.* Мектептен тыс балалар мекемелеріне бару: жас туристер станциясы (СЮТУР), оқушылар үйлерінің ұйымдастыру жұмыстарымен, мазмұнымен және олардың оқушылармен жүргізетін өлкетану жұмыстарының әдістемесімен танысу. Олардың тапсырмасы бойынша оқушылар орындайтын жұмыстарының тізімін жасау.

*24-тапсырма.* Мемлекеттік және қоғамдық өлкетану мекемелерінің жергілікті-өлкетану мұражайларының, Табиғат қорғау қоғамының, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамдарының, т.б. экспозицияларымен және жұмыстарымен танысу.

## *Өлкетану біліктіліктері мен іскерліктеріне қойылатын талаптар*

Өлкетану курсы оқып-үйрену нәтижесінде оқушылар білуге міндетті: өлкетанудың мәні және педагогикалық маңызы, мектеп өлкетануы процесінде туған өлкесін оқып-үйрену жоспары, өлкені үйрену формасы, географияны оқытуда өлкетану принципін жүзеге асыру әдістемесі мен әдістері, мектептің өлкетану бұрышы мен мұражайының табиғат және шаруашылық бөлімдері экспозицияларының мазмұны, сыныптан тыс өлкетану жұмыстарының мазмұны мен формасы.

Оқушылар орындай білу керек: өзі тұрған жерінде өлкетану зерттеулерін жүргізу, табиғатқа және өнеркәсіп орындарына экскурсия жасаудың мазмұны мен әдістемесін жасау, өз облысы географиясын оқып-үйренудің типтік жоспарын жасау, өлкетану библиографиясын түзу, өлкетану мен туризмнің жалпы мектептік жұмыс жоспарын жасау, мектептің өлкетану үйірмесінің жылдық жоспарын жасау, өлкетану бағытындағы жалпы мектептік шаралар мазмұнын жасау; олимпиада, кештер, туристік-өлкетану слеттері, жорықтар-экспедициялар.

### **Бақылау сұрақтары.**

- 1.
- 2.
- 3.

Бұл жерде «туған өлке» термині ретінде өлкетану әдебиеттері мен картографиялық материалдармен танысу, сонымен қатар жорықтар мен экскурсиялар кезінде тікелей байқау және зерттеу негізінде оқып-үйренетін

оқушының әкімшілік облысы территориясын түсінеміз. «Өзі тұрған жер» термині ретінде радиусы 7–8 км аумақтағы оқу және сыныптан тыс экскурсиялар өткізу кезінде оқушылардың тікелей байқауына қолайлы мектеп маңындағы аумақтарды түсінеміз. «Өзі тұрған жер» ұғымы әкімшілік аудан, қала типтес аудан, шағын қала, жасыл алқаппен шектес қалалық аудан, ауыл сияқты әкімшілік аумақтардың біраз бөлігін қамтуы мүмкін.

### **Сарамандық жұмыстар**

#### **(1 сағат)**

Мазмұны кейін беріледі

#### **§13. Сарамандық жұмыстар**

#### **(1 сағат)**

Мазмұны кейін беріледі

#### **§14. Тарихи өлкетану**

#### **(3 сағат)**

Тарихи өлкетанудың қалыптасу кезеңдері. Өлкетану негіздері.

§15. Тарихи өлкетанудың ұйымдастыру формасы.

Зерттеу объектісі. Өлкетану жұмыстары Мазмұны кейін беріледі.

§16. Қазақстанды зерттеудегі Еуропа саяхатшылары мен елшілері.

Иоанн де Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук. Марко Поло.

Орыс зерттеушілері мен Ш.ВУәлиханов, А.Т.Жангелдин т.б. зерттеулері.

§17. Сарамандық жұмыстар  
(1 сағат)

§18. Сарамандық жұмыстар  
(1 сағат)

Бақылау сұрақтары.

1. Тарихи өлкетанудың қалыптасу кезеңдері қандай.

2. Деректерді оқып, танысып, сипаттау.

§19–24. Туған өлкенің және физикалық географиялық аумақтық сипаттамасы

Туған өлкенің физикалық географиялық нысандарын зерттеу.

5.1. Жер бедері және орографиясы

5.2. Өзен көлдері және су айдындар 5.4. Жергілікті жерге климаттық шолуы

5.7. Халықтар. этнография және мәдениет

5.8. Сала бойынша шаруашылық түрлері.

Бақылау сұрақтары

**§25. Сарамандық жұмыстар**

(1 сағат)

**§26. Сарамандық жұмыстар**

(1 сағат)

Мазмұны кейін беріледі

**§27–30. Тарихи және мәдени ескерткіштер өлкетанудың нысандары**

Қазақстанның археологиялық деректері және оларды өлкетану жұмысында пайдалану.

«Археология» түсінігі. Археологиялық дерек және археологиялық ескерткіш ұғымдары

Аймақтың туристік рекреациялық мүмкіндіктері

Қазақстан территориясының табиғи және тарихи ерекшеліктері.

архитектура ескерткіштері.

Өлкетану жұмыстарына дағы тарихи және мәдени ескерткіштер.

Топонимика. **Топонимика – туған өлкенің тарихын оқып-зерттеудегі дереккөзі ретінде.**

1. Топонимика зерттеу әдістері.

2. Топонимика әдістері.

3. Топонимика материалдарының өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы.

**Бақылау сұрақтары**

1. Мұражай мекемелері және олардың өлкетану жұмыстарындағы рөлі.

2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы.

3. Облыстық, аудандық мұрағат мекемелері және олардағы материалдардың өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы. **Мұражайтанудың негіздері**

**мақсаты:** Мұражай қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру, өлкенің мұражайларын қарастыру

Мұражайлардың құрылу тарихы, қызметінің мазмұны мен мәні. Өлкетану мұражайы мемлекеттік өлкетану мекемесі ретінде. Мұражайдың жинақтама жұмысының мазмұны мен міндеттері, оның ғылыми-зерттеу сипаты. Жинақтау

жұмысының жолдары мен тәсілдері. Мұражай заттарын сақтаудың мақсаты мен міндеттері.

Мұражайдың экскурсиялық жұмысының мәні мен орны.

Экспозициялық материалдарды орналастыру. Әртүрлі профильдегі мұражайларда экспозициялық жұмыстардың ерекшеліктері. Туристік-экскурсиялық мекемеде өлкетану мұражайын ұйымдастыру. Мұражайдың жаппай жұмысының мәні мен орны. Өлкетанудың маңызды жұмыс формасы – *мұражайлар жұмысы*. Мұражайлар түрлері жұмыс бағыттары жағынан *мемлекеттік* немесе *ұлттық мұражайлар*, *өлкетану мұражайлары* және *белгілі бір тақырыптарға арналған* (геологиялық мұражай, музыкалық аспаптар мұражайлары, көркем сурет картиналары мұражайлары т.б.) *мұражайлар* болып бөлінеді. Жалпы өлкетану мұражай жұмыстарымен тығыз байланысты. Өлкетануды мұражайларсыз көзге елестетудің өзі қиын. Жоғарыдағы айтылған мектеп өлкетануы бойынша ұйымдастырылатын тұрақты түрдегі экспедициялық жұмыстар мектеп мұражайларын құрумен және олардың жұмыстарын қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Экспедициялар барысында жиналған тарихи, табиғат, экология тақырыптарына байланысты экспонаттар мен материалдар, фотосуреттер негізінде мектеп мұражайлары құрылып, жұмыс жасайды. Мектеп мұражайлары сондай-ақ мектеп өлкетануы бойынша жеке пәндер (география, биология, тарих) бағдарламаларына байланысты да құрылады.

1	Жорықты ұйымдастыру туралы түсінік Жорық ережелерімен таныстыру	Жорық ұйымдастыру кезіндегі жұмыстарымен таныстыру. Жорыққа қатысушылардың міндеттерін бөлу.	2	2		19.10.2023
2	Жаяу жорық Веложорық Су жорығы	Жорық түрлерінің ерекшеліктері мен маңызын түсіндіру	8	4	4	25.10.2023 26.10.2023 01.11.2023 02.11.2023
3	Жорыққа шығу барысында киімнің дұрыс таңдалуы. Туристік рюзактың жинау техникасы.	Рюкзактарды дайындау, жинау, барлық жабдықтармен танысу. Жеке және топтық жабдықтарды іріктеу.	4	2	2	08.11.2023 09.11.2023
4	Жорыққа қажет туристік құрал-жабдықтардың тізімімен танысу.	Үйрену	2	2		15.11.2023
5	Жорық кезіндегі міндеттерді бөлісу	Пысықтау	2	2		16.11.2023
6	Жорық кезіндегі әртүрлі аймақтарға өту техникасы	Түсіндіру	4	2	2	22.11.2023 23.11.2023
7	Далада дамылдау, және оның түрлері	Далалық жағдайда іс-әрекетті ұйымдастыру	6	2	4	29.11.2023 30.11.2023
8	Далада түнеу, от жағу	Алау жағуды үйрену	6	2	4	06.12.2023 07.12.2023

						13.12.2023
--	--	--	--	--	--	------------

**IV-БӨЛІМ. Спорттық бағдарлау техникасы /28 сағат/**

1	Карта сызу. Шартты белгілермен таныстыру	Картамен жұмыс жасауды үйрену	6	2	4	14.12.2023 20.12.2023 21.12.2023
2	Компаспен жұмыс. Компасқа қарап бағдарлау	Компаспен жұмыс жасауды үйрену	4	2	2	27.12.2023 28.12.2023
3	Қашықтық түрлері. Ұзақ қашықтық Орта қашықтық Қысқа қашықтық	Қашықтықпен жұмыс жасауды үйрену	6	2	4	03.01.2024 04.01.2024 10.01.2024
4	Топографиялық белгілермен танысу	Азимут және жергілікті жерде бағдарлау, олардың әдістері.	4	2	2	11.01.2024 17.01.2024
5	Компос және картамен жұмыс жасау белгілі – бір жердің азимутын анықтау. (сынақ)	Карта компаспен негізгі жұмыстар. Карта топографиялық белгілер. Компастың құрылысы және оны қолдану әдістері. Азимут және көкжиекті, күн мен жергілікті белгілерге қарап анықтау.	4	2	2	18.01.2024 24.01.2024
6	Шаңғымен бағдарлау	Шаңғымен бағдарлауды үйрену	4	2	2	25.01.2024 31.01.2024

**V-БӨЛІМ. Түйіндер және олардың түрлері /18 сағат/**

1	Түйін байлау: сегіздік, проводник, тікелей	Түйіндер және олардың түрлері. Туристтік кедергілерде түйіндердің ролі. Негізгі сақтандыру түйіндері.	6	2	4	01.02.2024 07.02.2024 08.02.2024
2	Түйін байлау (брамшкотовый, срединный проводник, академиялық)	Түйіннің дұрыс байлануын қадағалау.	6	2	4	14.02.2024 15.02.2024 21.02.2024

3	Түйін байлау (қазық, қарсы, булинг)	Түйінді жылдамдыққа байлау.	6	2	4	22.02.2024 28.02.2024 29.02.2024
<b>VI-БӨЛІМ. Бивуак және бивуак жұмыстары/8 сағат/</b>						
1	Бивуакты қалай ұйымдастыру және орынды дұрыс таңдау	Бивуак және биуак жұмыстары. Қонатын орындарын және жерлерін таңдай алуға топты дайындау жұмыстары. Бивуак құруға ыңғайлы жерді таңдау. Қауіпсіздік ережесі мен табиғатты қорғау ережелерін сақтау. Бивуак орнын тазалау.	4	2	2	06.03.2024 07.03.2024
2	Шатырды құру және жинау техникасы	Шатырды құру және жинау. Аймақта лагерді дұрыс орналастыру.	4	2	2	13.03.2024 14.03.2024

<b>VII-БӨЛІМ. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек/8 сағат/</b>						
1	Дәрі – дәрмек тізімі мен көмегін білу.	Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек. Дәрі-дәрмектермен таныстыру.	2	2		20.03.2024
2	Жорық кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмек	Жорық кезіндегі жарақаттар және жарақаттанушыға көмек көрсету.	2	2		21.03.2024
3	Зембл және кокон байлауды үйрену	Жарақат, сүйек сыну т.б. жағдай кезінде алғашқы көмек қалай көрсетілетінін үйрету. Жарақаттанушыны қолда, зеңбіл арқылы тасымалдау. Зеңбілді киімдерден құрастыру.	2	2		27.03.2024
4	Жарақаттанушы тасымалдау ережесі	Жарақаттанушыны дұрыс тасымалдау.	2	2		28.03.2024
<b>VIII-БӨЛІМ. Туристік жорықтардағы кедергілерден өту техникасын меңгеру/30 сағат/</b>						
1	Жорық кезіндегі қауіпсіздік ережесі мен шартты белгілерімен таныстыру	Туристік кезеңдердің түрлерімен танысу. Оларды құру техникасын үйрену.	2	2		03.04.2024

2	Жорық кезінде кедергілерден өту	Туристтік жорықтардағы кедергілерден өту техникасы.	4	2	2	04.04.2024 10.04.2024
3	Обвязканы дұрыс киуді үйрену	Үйрену	4	2	2	11.04.2024 17.04.2024
4	Аспалды өткелден өту, Паралельді аспалы өткелден өту техникасы	Машықтану	4	2	2	18.04.2024 24.04.2024
5	Бөренеден және Маятникпен өту техникасы	Шыңдалу	4	2	2	25.04.2024 02.05.2024
6	Жумармен көтерілу техникасы	Үйрену	4	2	2	08.05.2024 15.05.2024
7	Бабочкадан Траверстен өту техникасы	жаттығу	4	2	2	16.05.2024 22.05.2024
8	Экскурсия	Туған өлкемен танысу	4	2	2	23.05.2024 30.05.2024
	<b>Барлығы 144</b>		<b>144</b>	80	62	

### **БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:**

**I-БӨЛІМ.** Ұйымдастыру бөлімі /2 сағат/

Жалпы қауіпсіздік Турист заңдарымен ережелерімен таныстыру

**II-БӨЛІМ.** Туризм туралы түсінік /16 сағат/

Туризм ұғымы. Туризм түрлері және ерекшеліктері. Туризм техникасы. Жаяу туризмнің маңызы. Тау туризмі. **III-БӨЛІМ.** Жорықтар және олардың түрлері /34 сағат/

Жорықты ұйымдастыру туралы түсінік. Жорық ережелерімен таныстыру. Жорық ұйымдастыру кезіндегі жұмыстарымен таныстыру. Жорыққа қатысушылардың міндеттерін бөлу. Жаяу жорық. Веложорық. Су жорығы. Жорық түрлерінің ерекшеліктері мен маңызын түсіндіру. Жорыққа шығу барысында киімнің дұрыс таңдалуы. Туристтік рюзактың жинау техникасы. Рюкзактарды дайындау, жинау. Барлық жабдықтармен танысу. Жеке және топтық жабдықтарды іріктеу. Жорыққа қажет туристік құрал-жабдықтардың тізімімен танысу. Жорық кезіндегі міндеттерді бөлісу. Жорық кезіндегі әртүрлі аймақтарға өту техникасы. Түсіндіру. Далада дамылдау, және оның түрлері. Далалық жағдайда іс-әрекетті ұйымдастыру. Далада түнеу, от жағу. Алау жағуды үйрену.

**IV-БӨЛІМ.** Спорттық бағдарлау техникасы /28 сағат/

Карта сызу. Шартты белгілермен таныстыру. Компаспен жұмыс. Компасқа қарап бағдарлау. Қашықтық түрлері. Ұзақ қашықтық. Орта қашықтық. Қысқа қашықтық. Топографиялық белгілермен танысу. Компос және картамен жұмыс



жасау. Белгілі бір жердің азимутын анықтау. (сынақ)Шаңғымен бағдарлау. **V-БӨЛІМ. Түйіндер және олардың түрлері /18 сағат**

Түйін байлау: сегіздік, проводник, тікелей. Түйін байлау (брамшкотовый, серединный проводник, академиялық) Түйін байлау (қазық, қарсы, булинг)

**VI-БӨЛІМ. Бивуак және бивуак жұмыстары /8 сағат/**

Бивуакты қалай ұйымдастыру және орынды дұрыс таңдау. Шатырды құру және жинау техникасы.

**VII-БӨЛІМ. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек /8 сағат/**

Дәрі-дәрмек тізімі мен көмегін білу. Жорық кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмек, Зембл және кокон байлауды үйрену, Жарақаттанушы тасымалдау ережесі,

**VIII-БӨЛІМ. Туристік жорықтардағы кедергілерден өту техникасын меңгеру /30 сағат/**

Жорық кезіндегі қауіпсіздік ережесі мен шартты белгілерімен таныстыру. Жорық кезінде кедергілерден өту. Обвязканы дұрыс киуді үйрену. Аспалды өткелден өту, Паралельді аспалы өткелден өту техникасы. Бөренеден және Маятникпен өту техникасы. Жумармен көтерілу техникасы. Бабочкадан Траверстен өту техникасы. Экскурсия.

### **Түсінік хат**

Балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарлама Жас туристер станциясының педагогикалық кеңесінде қаралып (Хаттама №1 09.09.2022 ж) «Туризм негіздері» атты үйірмесі бойынша авторлық қосымша білім беру бағдарламасы апробациядан өтуге 1 жылға қолдануға ұсынылды.

Бағдарлама оқу жылына арналған және үйірмемүшелерінің демалыс күндері жорыққа қатысуларын міндеттейді.

Үйірмешілерге негізінен тау туризмі бойынша туристік дағдыларды меңгертумен қатар, демалыс күнгі жорықтар өткізу, қыс мезгілінде – шаңғы туризмі техникалары, жаз кездерінде жаяу туризм, вело туризм техникаларынан, спорттық бағдарлау бойынша сабақтар жүргізу. Сонымен қатар үйірме мүшелері жас туристер станциясымен және басқа да туристік ұйымдардың ұйымдастыруымен өткізілетін көпшілік шараларға қатысып отырады.

Үйірме сабақтарында, жорықтарда, саяхаттар мен экскурсияларда жас туристер мыналарды үйренуі керек: Саяхат жоспарын құру және жол бағыты жұмысын жүргізу;

Байқағандарын белгілеу;

- Таныс емес жерлерді картаның, компостың көмегімен жергілікті заттардыңсан алуан

ерекшеліктерін, бағытын белгілеу; шатыр құру, алау жағу, тамақ дайындау, қарапайым туристік құралдарды әзірлеу.

**Үйірменің мақсаты:**

- туристік ұйымдастырушыларды туризмслетілерін, мектеп жарыстарын өткізуге дайындай білу; - Жаяу туризм техникасын менгеру; - Жіп байлау түрлеріне үйрену және т.б.

Үйірме сабағы тәжірибелік түрде қаралған, бірақ бірқатар бөлімі дәріс және семинар түрінде өтіледі. Сабақ жоспарын құрғанда әр уақытта оқушылардың алдына қол жететін мақсат, қызықты объектіге экскурсия, түнеумен жорыққа шығу түруы қажет. Сонымен бірге сабақтың жетекші мақсаты жазғы және қысқы көпкүндік саяхаттар екенін оқушылардың жақсы түсінуі қажет.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

– Үйірмешілердің біліктілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау, жалпы туристік дағдыларына бейімдеу, дені сау салауатты өмір салтын ұстанатын, шыныққан оқушы дайындап, жаяу туризмі техникасы мен тактикасына қызығушылығын ояту.

### **Бағдарламаны іске асыру шарттары**

Аталған бағдарламаны орындаумен қатар нәтижелі жұмыс атқару үшін төмендегідей материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қажет:

- сабақ жүргізетін оқу кабинеті және іс-шараларды өткізуге арналған залдар;
- жолдорбалар; арқан жіптер; жумарлар, дюльферлер
- төсек-қап (спальный мешок); туристің жеке сақтандыру жүйесі
- шатырлар; карабиндар, каскалар, қолғаптар

### **Бағдарлама**

**Кіріспе:** Туризм өзінің табиғаты бойынша әрдайым туған жер туралы білім элементтерін қамтиды, ал туған жерді тану үшін саяхаттау керек. Туризм саласындағы тұрақты іс-шаралар, науқанға қатысу адамның бойында өзінің туған жеріне, оның патриоттық сезіміне, тарихи санасына, әлеуметтік белсенділігіне деген қызығушылық қалыптастырады. Сондай-ақ, жасөспірімнің жаңашылдыққа, шытырман оқиғаларға құштарлығы ерекшеленетінін ескеру керек.

**Туризмдегі қауіпсіздік ережелері:** Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік, Маршруттағы қауіпсіздік, Көліктегі қауіпсіздік, Алау басында, отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Топ жетекшісінің тапсырмасы мен бұйрығын қатаң орындау және тәртіп пен тазалықты сақтау қажет. Ауру түрі байқалған кезде жедел түрде текшіге баяндау керек. Саптан кетіп және қалып қоймау керек, қалып қойған жағдайда жедел

жетекшіге баяндау керек. Танымайтын жемістерді, саңырау құқтарды, тамырларды тамаққа пайдаланбау керек. Суды белгісіз су қоймаларынан ішпеу керек және су ішу ережелерін қатаң сақтау керек. Алауды жетекшінің рұқсатынсыз жақпау және сөнбеген алауды тастап кетпеу керек, жанып тұрған шырпыны лақтырмау қажет.

Жетекшінің рұқсатынсыз лагерь аймағынан кетіп қалмау керек.

**Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету:** Туризмдегі алғашқы медициналық көмектің күнделікті өмірдегі көрсетілетін алғашқы медициналық көмектен еш айырмашылығы жоқ. Алайда өзіне тән қиыншылықтары бар. Өйткені туризм негізінен далалық жағдайда ұйымдастырылатындықтан қауіп-қатер де әр түрлі деңгейдегі кедергілерден өту барысында, елді-мекендерден алыс аймақтарда туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда кезкелген турист асып-саспай қажетті жедел шешімді қабылдай білу қажет. Өйткені салқынқандылық - туризмдегі басты міндет болып табылады.

**Тау туризмі:** Тау туризмі – таудағы жаяу жорықтар. Тау туризмі – (ағылшын тілінен mountain tourism) – туризм мен альпинизмнің байланысынан туындаған белсенді туризм түрі. Тау туризміндегі маршрут күрделірек болған сайын, екеуінің арасындағы ортақтылық та көп болады. Тау туризмінде де альпинизмде қолданылатын сол техника мен сол құрал-жабдықтар қолданылады. Альпинизм – мақсаты тау шыңына шығу болып табылатын белсенді демалыс немесе спорт түрі. Альпинизм мәні болып табиғатта кездесетін кедергілерді (биіктік, жер бедері, ауа райы) өткеру табылады. Альпинизм бойынша жарыстарда сайыс нысаны болып шың биіктігі, өткерілген маршруттың техникалық күрделілігі, оның сипаты және ұзақтылығы табылады. Біздің облысымызда 2011 жылы ОБЖТ және ЭОда салынған болатын. Бұл скалодромның биіктігі 7 метрлі, 4 дәрежелі қиындықтан тұрады. Скалодромға өз бетімен өрмелеу – өте күрделі спорт түрі. Егер бір спорт түрлерінде кейбір қозғалыс – қимылдарды қайталау арқылы жақсартуға болатын болса, скалодромға өз бетімен өрмелеу спортында бұл мүмкін емес. Бұл спорт түрінің техникасы көптеген факторларға байланысты. Мұнда адамның салмағы, бойы, қолының, аяғының ұзындығы, физикалық, спорттық дайындығы және басқада жағдайлары жақсы болуы қажет.

**Шаңғы туризмі:** Шаңғы туризміндегі қауіпсіздік ережелері. Кейбір пайдалы ұсақ – түйектер. Қысқы туризмге керекті құрал – саймандар. Қысқы палаткалар және олардың түрлерімен танысу. Ұйықтайтын қаптар, олардың құрылысы және кілемшелер (изолирующие коврики). Қысқы киім кешектер, аяқ киім, бағдарлаушының киімі. Шаңғылар мен қысқы аяқ киімдерді майлау әдістерін үйрену. Шаңғыда тұру, құлау. Берілген қашықтыққа дистанция сақтай отырып жүру. Қысқы бағдарлау ерекшеліктері. Шаңғымен кедергілер арқылы өту. Шаңғымен түсу, көтерілу, кедергілер арқылы өту, қысқы бағдарлау. Шаңғымен табиғат аясына саяхат.

**Жаяу туризм:** Жаяу туризм – күрделі емес таулы және жазық жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған белсенді туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез-келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болады. Қарапайым жаяу жорықтар кез келген ауданда (туған өлкеде) отпуск және демалыс күндерінде өткізілуі мүмкін. Жаяу туризм - спорттық туризмнің бір түрі болып табылады. Оның негізгі мақсаты ретінде маршрут бойынша белгілі бір аймақтан өту болып табылады. Жаяу туризм бағыты бойынша өткізілетін жарыстарға дайындық. Эстаптарды өз бетінше құрып жинауды үйрену. Топтық және жеке сақтандыру элементтерімен танысу.

**Дене жаттығулары:** Дене жаттығулары — белгілі бір мақсаттарға жетуге (қозғалыс міндеттерін шешуге) бағытталған үздіксіз бір-бірімен байланысқан қозғалыс қимылдарының жиынтығы. Жарыстық спорттық жаттығуда қозғалыс әрекеттерінің тұтастығы барынша жоғары спорттық нәтижелерге жетуге бағытталған.

Күштің, қуаттылықтың және олармен байланысты жұмыс жасаудың ең жоғары ұзақтығы көрініс беру дене жаттығулары күшті, шапшаңдық - күштілікті және шыдамдылықты арттыратындар болып үш топқа бөлінеді. Қимылдың аз ғана шапшаңдығымен (сыртқы үлкен қарсылықпен) статикалық немесе динамикалық режимде көрініс беретін негізгі еттердің барынша жоғары немесе барынша жоғары шамасындағыларды күш жаттығулары деп атайды. Күшті барынша кеп көрсетумен басты жаттығулардың ең жоғары ұзақтығы бірнеше секунд ғана құрайды. Үлкен қуат жұмсау, яғни салыстырмалы түрдегі үлкен күш пен жиырылу шапшаңдығы бір мезгілде көрінетін динамикалық жаттығулары шапшаңдық - күштілік жаттығулары болып табылады. Еттердің барынша жоғары қуаттылығын, жалпы қуаттылықтың 30-50 % -ын құрайтын (статикалық күш) сыртқы қарсылықтар кезінде дамытады. Күшпен жиырылатын еттер қатысатын жаттығуының ең көп ұзақтығы 3-5 сек. 2 минут аралығында болады. Шыдамдылық жаттығуына қимылды іске асыратын еттердің негізгі тобы жұмсалатын күш пен жиырылу шапшаңдығы онша кеп болмай, дамытатын жаттығуды, бірақ оларды қалпына ұстауға және бірнеше минуттан бірнеше сағаттарға дейін қайталауға болатындарды жатқызады.

**Туризм бағытындағы жарыстарға дайындық:** Үйірменің оқу-жаттығу жұмысы - бұл ең алдымен оқу процесін ұйымдастыру және топтың жергілікті, аймақтық деңгейдегі жарыстарға дайындалуын бақылау.

**Өлкетану:** Туған өлкенің туристік мүмкіндіктері. Орал қаласының мәдени орталықтарымен мұражайларына саяхат.

**Спорттық бағдарлау:** Спорттық бағдарлау тарихы. Жалпы туризм тарихы, туризм мен спорттық бағдарлаудың байланысы. Ежелгі саяхатшылар.

Қазақстандағы спорттық бағдарлау (бағдарлау туралы қысқаша түсінік) Спорттық бағдарлауға спорттың бір түрі ретінде сипаттама. Спорттық бағдарлау денені шыңдау, шынықтыру және сауықтыру құралы.

Бағдарлаушының топографиялық дайындығы. Компас түрлері, жұмыс жасау негіздері. План, карта.

Топографиялық және спорттық карталар, масштабтар. Картадан қашықтықтарды анықтау.

Практикалық тапсырма: Карта түрлерімен танысу. Картадан арақашықтық анықтау дағдысын бекіту.

Шартты белгілер түрлері. Жергілікті белгілердің картада бейнеленуі.

**Туристік жорықтар:** Туристік саяхаттар түсінігі және оның маңызы: БҚО бойынша саяхат – жас туристерді бейімдейтін. Көп ұлтты отанымызды мақтаныш сезімімен тәрбиелейтін қызғылықты жорық. Туристік жорықтар, саяхаттар, экскурсияларда мектеп оқушылары өздерінің географиялық, экологиялық, тарих өлкенің өткендегі және қазіргі өмірімен, оның адамдарымен танысады. Жас туристер шындалып, жыл бойына туристікөлкетанулық білімдер жинайды және бойларына туристік дағдыларды, біліктіліктерді меңгереді. Туристік саяхаттар оқушыларды сауықтырудың ең негізгі үлгісі болып табылады, туризммен айналушылардың жанжақты дене бітімінің денгейін көтеруге, спорттық шеберлігін арттыруға ықпал жасайды.

Жорық түрлері: демалыс күнгі, далалық, категориялық жорықтар, олардың ұзақтығы: Демалыс күнгі жорықтарды таңертеннен кешке дейін ұйымдастырға болады. Онда оқушыларды жақын ауыл маңына, өзен аңғарларына, тарихи т.б. жерлерге шығарады ұзақтығы жас шамасына қарай 5-10 шқ құрайды. Далалық жорықтар 3 күннен 4 күнге дейін болуы мүмкін. Түнеу міндетті. Ұзақтығы жас шамасына қарай 10 шақырымнан 30 шқ дейін құрайды. Категориялық жорықтар арнайы МКК ұрықсатымен шығады. Мақсатты түрде жоспарланып, шығын сметасы бекітіледі. 1 – қиындық категориясы 6 күннен, 130 шқ кем болмауы керек. 2 – қиындық- категориясы 8 күннен, 150 шқ-ды құрау тиіс. 3 қиындық категориясы 10 күннен, 190 шақ. тұрады.

### **Күтілетін нәтиже**

Білім алушылардың практикалық қызметінің нәтижесі жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбие деңгейімен және күнделікті өмірдегі салауатты жүріс-тұрыстарымен, сонымен қатар қатысушылардың қалалық, облыстық туристік сайыстардағы көрсеткіштерімен анықталады. Сондай ақ оқу жылы аяғына үйірме мүшелерінің өзін өзі және командалық сақтандыруды ұйымдастыра білуге, жорық кезінде топ мүшелерінің үйлесімді жұмысының нәтижесімен анықталады. Туристік өлкетанушылық және экологиялық іс әрекеттерді ұйымдастыру не береді.Әдістемелік ұсыным мазмұнында оқу бағдарламаларының берілуі мұғалімдерге басшылыққа алуға септігін тигізеді.

Туристік өлкетанушылық және экологиялық іс-әрекеттердің педагогикалық тәрбиелік мәні кең ауқымды және бірнеше аспектіге ие. Ол оқушылардың білімдерін, дағдыларын және көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Негізгі мәндері:

Мекен-жай туралы білімдерді кеңейту: Оқушылар өз өлкелерінің тарихын, мәдениетін, экологиясын және географиясын жан-жақты түсінеді. Туристік және экологиялық саяхаттар арқылы олар нақты объектілерді – табиғат ескерткіштерін, тарихи орындарды, мәдени нысандарды – көріп, жан-жақты біле алады.

Еңбекке ынталандыру және жауапкершілік сезімін қалыптастыру: Өлкелік туристік жобаларда оқушылар өз жұмыстарына және шешімдеріне жауапкершілік сезімін қалыптастырады, проблемаларды шешу дағдыларын дамытады. Олар тобымен жұмыс жасауды, өзара ынтымақтастықты үйренеді.

Экологиялық білімдерді арттыру: Оқушылар қоршаған ортаның әртүрлілігімен, оның қорғанысымен, табиғат ресурстарының маңыздылығымен танысады, экологиялық проблемаларға жауапты көзқарасты қалыптастырады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік оятылады.

Мәдениетті түсіну және құрметтеу: Ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен салттарды оқып білуге және оларды құрметтеуге ықпал етеді. Басқа мәдениеттер мен жерлермен танысу арқылы олар шыдамдылыққа және ашық көзқарасқа дағдыланады.

Зерттеу дағдыларын дамыту: Туристік өлкетанушылық және экологиялық іс-әрекеттер жергілікті ландшафтарды, тарихи орындарды, табиғат ескерткіштерін зерттеуге, мағұлмат жинауға және мәліметтерді талдауға, түсіндіруге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, туристік өлкетанушылық және экологиялық іс-әрекеттер оқушылардың кең қызығушылықтарын қамтиды, олардың ойлау қабілеттерін, жауапкершілік сезімін, ұжымдық жұмыс және экологиялық білімдерін жетілдіреді, сонымен қатар өз өлкесіне деген махаббат пен құрмет сезімін тәрбиелейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың туристік-өлкетану және экологиялық іс әрекеттеріне туризммен оның алуан түрлі формаларымен тығыз байланыста. Болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайту және тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Табиғат білімнің бастапқы қайнар көзі ретінде — ең жақсы ұстаз. Оқулықтар мен оқылатын дәрістер үйлесімділік пен бірлік сезімін түсінуге көмектесе алады, ал зерттеушілік іздемпаздық іс әрекеттер басқа тұрғыда ықпал ете алады.

Бұл оқушыларға қоршаған орта, табиғи ресурстар мен экологиялық процестердің құндылығын түсінуге, қоршаған ортаға қауіп төндіретін факторларды анықтауға, ықтимал әрекеттер туралы идеяларды қалыптастыруға көмектесуге арналған өлкетанушылық жұмыстары қарастырылды.

Мектеп оқушыларының өлкетанушылық, экологиялық мәдениетін қалыптастыру оқу үдерісінде де туристік шараларда да, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылады. Өлкетанудың барлық түрі бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар да бар – мазмұны, жұмыс формалары, топты басқару принциптері және т.б. Өлкетануды оқыту оқу сабақтарын, сабақтарды өткізумен байланысты; сыныптан тыс жұмыстар өлкетану үйірмесі, туристік саяхаттар, экскурсиялар, экспедициялар, кештер және т.б. сияқты формаларға негізделеді.

Экологиялық-өлкетану білімі – бұл ғылыми негізде жүргізілетін кез келген белгілі бір аумақты жан-жақты зерттеу. Географиялық өлкетану кешенді түрде шағын ауданның, ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың әлеуметтік-экономикалық, тарихи және мәдени дамуын, сондай-ақ табиғи жағдайлар мен ресурстарды зерттейді [2].

Туған өлкені зерттеудегі туристік өлкетанушылық іс әрекеттер маңызды болып табылады. Ол өлкетану материалы арқылы білім мен дағдыларды меңгеруге әсер етіп, "білім" құрамдас бөлігін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік тәсілін де күшейтеді.

Туристік-өлкетану жұмыстары білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың қуатты фактілік базасы ретінде қызмет етеді. Мұнда өлкетану балаға жақын, түсінікті және қолжетімді ғылыми білімді, жеке өмірлік тәжірибені, оны қоршаған шындықтың нақты құбылыстарын жан-жақты пайдалану арқылы белгілі бір объектіні бақылау, зерттеу және зерттеу арқылы бейнеленеді.

Балалардың жасына және өлкетану жұмысының мазмұнының негізгі бағытының ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекет бірте-бірте күрделене түседі: оны ойластырудан бастап зерттеу элементтерімен және зерттеудің өзімен зерттеуге дейін; отбасы мен мектептен - туған өлкесі мен еліне; кешенде:

табиғат, тарих, мәдениет, экономика, саяхат олардың бірте-бірте тереңдетілген зерттеумен байланыстарында - іздеудің белгілі бір бағытын зерттеу .

Табиғат білімнің бастапқы қайнар көзі ретінде — ең жақсы ұстаз. Оқулықтар тек табиғи түрде сіңірілген үйлесімділік пен бірлік сезімін түсінуге көмектесе алады, онсыз экологиялық мәдениет тек теория жүзінде өмір сүре алады.

Бұл оқушыларға табиғи ресурстар мен экологиялық процестердің құндылығын түсінуге, қоршаған ортаға қауіп төндіретін факторларды анықтауға, ықтимал әрекеттер туралы идеяларды қалыптастыруға көмектесуге арналған географиялық өлкетану. бағытталған болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаның табиғи әртүрлілігін, сұлулығын сақтау.

Мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру оқу үдерісінде де (өлкетану сабағында) да, сыныптан тыс жұмыстарда да (өлкетану сабағынан тыс) жүзеге асырылады. Өлкетанудың бұл екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар да бар – мазмұны, жұмыс формалары, топты басқару принциптері және т.б. Өлкетануды оқыту оқу сабақтарын, сабақтарды өткізумен байланысты; сыныптан тыс жұмыстар өлкетану үйірмесі, туристік саяхаттар, экскурсиялар, экспедициялар, кештер және т.б. сияқты формаларға негізделеді.

Экологиялық-өлкетану білімі – бұл ғылыми негізде жүргізілетін кез келген белгілі бір аумақты жан-жақты зерттеу. Географиялық өлкетану кешенді түрде шағын ауданның, ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың әлеуметтік-экономикалық, тарихи және мәдени дамуын, сондай-ақ табиғи жағдайлар мен ресурстарды зерттейді [2].

Менің педагогикалық қызметімде туған өлкені зерттеудегі сыныптан тыс жұмыстар ең маңызды болып табылады экологиялық адамгершілікке және мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу мектеп оқушылары. Ол өлкетану материалы арқылы білім мен дағдыларды меңгеруге әсер етіп, "білім" құрамдас бөлігін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік тәсілін де күшейтеді.

Мен бірте-бірте барған сайын жарқын экологиялық бағытқа ие болып келе жатқан туристік-өлкетану қызметін басым бағыт деп санаймын. Туристік-өлкетану жұмыстары білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың қуатты фактілік базасы ретінде қызмет етеді. Мұнда өлкетану балаға жақын, түсінікті және қолжетімді ғылыми білімді, жеке өмірлік тәжірибені, оны қоршаған шындықтың нақты құбылыстарын жан-жақты пайдалану арқылы белгілі бір объектіні бақылау, зерттеу және зерттеу арқылы бейнеленеді.

Балалардың жасына және өлкетану жұмысының мазмұнының негізгі бағытының ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекет бірте-бірте күрделене түседі: оны ойластырудан бастап зерттеу элементтерімен және зерттеудің өзімен зерттеуге дейін; отбасы мен мектептен - туған өлкесі мен еліне; кешенде:



табиғат, тарих, мәдениет, экономика, саяхат олардың бірте-бірте тереңдетілген зерттеумен байланыстарында - іздеудің белгілі бір бағытын зерттеу .

### **Анықтамалар**

**Активті туризм** – 1) туристік саяхаттың мақсаты қарқынды дене белсенділігін көздейтін іс-әрекеттер болып табылатын туризм түрі; 2) маршруттық пункттер арасындағы қозғалыс белсенді қозғалыс тәсілдері арқылы жүзеге асырылатын туризм түрі.

**Туризм** – адамның тұрақты тұрғылықты жерінен демалыс, танымдық, кәсіптік-іскерлік, спорттық, діни және басқа да мақсаттарда уақытша шығуы (саяхаты). Тұрғылықты жерден тыс жердегі белсенді демалыс бір жылдан аспайтын мерзімге созылады. Туризм – халықтың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді жолы (денсаулықты жақсарту, күш-қуатты қалпына келтіру және т.б.).

**Балалар туристік-өлкетану бірлестігі** – білім беру мекемелерінде, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда бекітілген бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін, қызығушылықтары бойынша оқушыларды біріктірудің бір түрі (туристік үйірме, секция және т.б.).

**Қосымша білім** – адамның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған білім түрі.

**Ұйымдастырылған балалар/жасөспірімдер туристік/экскурсиялық тобы** – екі немесе одан да көп кәмелетке толмаған турист/экскурсанттардан тұратын, топ жетекшісінің басшылығымен белгілі бір туристік маршрут бойынша саяхаттайтын топ.

**Жасөспірімдер туризмі** – 14-тен 18 жасқа дейінгі жас жігіттер мен қыздардың топтарының белгілі бір танымдық, оқу, рекреациялық, денсаулықты жақсарту, дене шынықтыру-спорттық және басқа да мақсаттармен топ жетекшісінің басшылығымен туристік/экскурсиялық маршруттар бойынша ұйымдастырылған туристік/экскурсиялық сапарлары.

**Туристік-өлкетану іс-әрекеті** – балалар мен ересектердің біріккен білім беру-тәрбиелік, денсаулықты жақсарту іс-әрекеті, балалардың білімінің үздіксіздігіне ықпал ететін негізгі білім беру салаларын біріктіреді.

**Табиғи-рекреациялық ресурс** – халықтың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, яғни физикалық және рухани дамуы мен күш-қуатын қалпына келтіру үшін рекреациялық қызмет көрсетуге мамандандырылған саланы ұйымдастыру үшін пайдаланылатын табиғи және антропогендік объектілер.

**Өлкетану** – табиғатты, халықты, шаруашылықты, тарихты, белгілі бір аймақтың мәдениетін зерттейтін ғылым мен мәдениет саласы; елді мекендер мен олардың маңайын қоса алғанда, шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттеу. Өлкетанудың негізгі әдісі –

аумақ, табиғи үлгілер (геологиялық, топырақтық, биологиялық, зоологиялық) туралы ақпаратты жинау және жүйелеу, материалдық мәдениет заттары және т.б.

**Мектеп өлкетануы** - мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша материалдар негізінде білімді жетілдіруге, сондай-ақ әр түрлі туристік - өлкетану шаралары барысында түрлі тәрбие түрлерін беруге байланысты жұмыстар. Мектеп өлкетануында оқушылармен жұмыс жасалынады, деректер жинадып (түрлі тақырыптарға байланысты) жергілікті жер материалдары негізінде мектеп мұражайлары жасалады.

**Этнография.** өлкетану өлке территориясындағы халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, ішкі айырмашылықтарын (бір ұлтқа жататын адамдардың тұру ортасына, тарихи факторларға т.б. байланысты бір-бірінен тілдік, мәдени, кәсіптік т.б. айырмашылықтар жасауы) зерттеумен айналысады. Олардың дәстүрлерін, тілін, дінін, әдет-ғұрыптарын, тарихын (этногенез), кәсібін, материалдық дүниесін, мәдени және рухани өмірін талдап қарайды.

**Топонимика.** өлке территориясындағы жер-су, елді мекендер аттарының шығу-тегі талданып қаралады, зерттеледі. Топонимика жер-су аттарының шығу-тегін зерттеумен айналысатын ономастика ғылымның (ономастика жер-су аттарынан басқа адам және жануарлар аттарын да зерттейді) бір саласы. Жер-су аттарын зерттеу кезінде жергілікті жерге (өлкеге) және нақты қатысты жерге байланысты тарихи жағдайлар, ол жерлерде тарихи кезеңдерде тұрған және қазір тұрып жатқан халықтардың тілдік ерекшеліктері, сонымен қатар, табиғи сипаттарын ескеру қажет.

**Мектепте сыныптан тыс өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру формалары.** Жалпы мектеп өлкетану жұмыстарының міндеті. өлкетану үйірмесінің жұмыс әдістемесі. Туған өлкенің туристік – өлкетану мүмкіндігі, жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастыру және жүргізу.

#### Дереккөздер тізімі

1.Никитинский Е.С. Перспективы развития детско-юношеского туризма // Научно-познавательный журнал «Мир Путешествий».- № 3(20), май-июнь, 2012. – С.26-30.

2.Мазбаев О.Б., Сардаров О.А. Современные тенденции и перспективы развития детско-юношеского туризма в Казахстане // II Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы развития туризма». - Москва, 2018.- С. 111-120.

3. Остапец. А.А. Педагогика и психология туристско-краеведческой деятельности учащихся: Методические рекомендации. – М., РМАТ, 2001.– 87 с.

4.© Хоменко А.В., 2011 Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика • № 2 85

5 Система Макаренко: в чём её суть и как он к ней пришёл / Skillbox Media

6. Вестник академии детско-юношеского туризма и краеведения Научно-методический журнал № 3(108) 2013

7. Константинов Ю.С. История отечественного детского туризма (1918-2018 гг.): Монография. 2022– 672 с

8. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы

9. Стратегия «Казахстан-2030» реальная основа развития регионов Республики Казахстан

10. Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы

11. Шаяхметова Г.М. «Системный подход к воспитанию личности средствами туристско краеведческой деятельности». Вестник академии детско-юношеского туризма и краеведения. Международная общественная организация «Международная академия детско-юношеского туризма и краеведения имени А.А. Остапца-Свешникова» Москва. 2015

12. Даринский А.В. Вопросы туризма в школьном курсе географии. [Текст] : пособие для учителей. / А. В. Даринский. - М. : 1979. - 136 с.

13. Мазбаев О. Б. болашақ мұғалімдерді оқушылармен туристік-өлкетану қызметін басқаруға дайындау: реферат. канд. пед. н. - Алматы, 1993

14. Долженко Г.П. Экскурсионное дело: Учеб. пособие. М.; Ростовн/Д, 2005

15. Мазбаев ОБ, Сардаров ОА Современные тенденции и перспективы развития детско-юношеского туризма в Казахстане Актуальные проблемы развития туризма. 2018.

16. Закон о Туристской деятельности в Республике Казахстан - от 13 июня 2001 года N 211.

17. Модельному закону “О детском и юношеском туризме”, утвержденному Постановлением Межпарламентской Ассамблеи Содружества Независимых Государств от 29 ноября 2018 года,

18. Галиакбаров Е.Э., Никитинский Е.С., Мадышева А.М. Детско-юношеский туризм Республики Казахстан: состояние и перспективы развития. *Вестник университета «Туран»*. 2018;(3):141-147

19. Константинов Ю.С., Куликов В.М. Педагогика школьного туризма: Учебно-методическое пособие. – М.: ФЦДЮТиК, 2012. – 208 с.

20. Строев К.Ф. Краеведение. – М.: Просвещение, 2013. – 142 с

21. Сардаров О.А. К вопросу о сущности понятия «Детско-юношеский туризм» // Сборник тезисов I Международной научно-практической конференции.- Чернигов: ЧНТУ, 2020. – С. 200-201

22. Концепция развития туристической отрасли Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы

23. Е.С.Никитинский . Туристская экспедиция «Моя Родина - Казахстан» - эффективный фактор воспитания туристской культуры и приобщения молодёжи к здоровому образу жизни

24. Мазбаев О.Б. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: географ. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.

25. Дончева А.В., Жучкова В.К., Кожухов Ю.С. О методике составления рекреационных схем на ландшафтной основе // Вопросы географии. 1973. — №93. С- 90-94.
26. Е.А.Котляров. География отдыха и туризма: формирование и развитие территории , рекреации и комплексов. Мысль, 1978 . 238с
27. Благовещенский В.П. Пики и ледники Иле Алатау. Фотоальбом. Алматы, 2015. 240 с.
28. Государственный общеобязательный стандарты начального, основного среднего и общего среднего образования (приказ Министра просвещения РК от 03.08.2022 г. № 348, с изменениями от 23.09.2022 № 406);
29. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы (ПП РК от 28 марта 2023 года № 249)
30. Мазбаев О., Асубаев Б., Токпанов Е. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу куралы. - Астана: Фолиант, 2013. - 152 б.
31. Конева М.В. Развитие краеведческих знаний как компонент предметных универсальных учебных действий// Развитие краеведческих знаний как компонент предметных универсальных учебных действий. -2015.-С.253-255
32. Экологическое образование и воспитание <https://moodle.kstu.ru/mod/page/view>.
33. Абишев М. А. Перспективы развития экологического образования в Казахстане // БілімОбразование. 2005. № 1. С. 17–21.

## Мазмұны

Кіріспе	3
1. Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің халықаралық және отандық тәжірибелері.	7
2. Мектептегі экологиялық іс-әрекет мәселелері.	94
3. Орта білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану және экологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.	101
Қорытынды	233
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	236

Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық Іс  
әрекеттерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Басуға 22.11.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табақ 15